

ЖУНИСОВА Н.А.
ТОҚЫМА ТОҚУ ӨНЕРІ

Оқу құралы



ШЫМКЕНТ-2019

ӘОЖ 37:334

КБЖ 65.9

Ж77

Пікір берушілер:

Алимбекова С.Ш. п.ғ.к., доцент Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті

Күнпейіс Ж.Қ. п.ғ.к., Академиялық инновациялық университеті

Курбаналиев Б. У. п.ғ.к. Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті

ХГТУ Ғылыми кеңесінде қаралып бекітілді хаттама №5 27.12.2019ж.

Тоқыма тоқу өнері оқу құралы/

Н.Жунисова–Шымкент, 2019.–120 б.

ISBN 978-9965-03-754-2

Бұл оқу құралда халқымыздың ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасы – тоқыма өнерін жаңғырту, қазіргі кезде жаңа өмірдің жаңа талаптарына орай, оның міндеті өнердің бұрынғы келбетін бүгінгі күнге табиғи етіп жаңартумен қатар, халқымыздың тұрмыс қажеттілігінен туындаған ұлттық өнер мұраларын сақтап, сұрыптап, қазіргі уақытта сәнді етіп, ұлттық мәдениетімізді қолданбалы сәндік қолөнермен өркендету және жаңғырту болып табылады, қазақтың қолданбалы қолөнерінің бірі саналуан тоқу өнерлері жайлы мағлұмат беру қарастырылады.

Ұсынылып отырған оқу құралы ЖОО, арнайы орта оқу орындарының оқытушыларына, магистранттарға және педагогикалық мамандықтарда оқитын білімгерлерге арналған.

ӘОЖ 37:334

КБЖ 65.9

Ж77

ISBN 978-9965-03-754-2

© Жунисова Н. 2019

© ХГТУ «Халықаралық гуманитарлық – техникалық университеті», 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
Негізгі бөлім	3
Тоқыма өнерінің түрлері.....	4
Тоқу түрлері: тура және кері қатарлармен тоқу	12
Тоқыма тоқу өнері. Қолмен тоқу	13
Бізбен тоқу барысы	18
Кестелеу өнерінің тарихы.....	21
Кестелеу өнерінің түрлері.....	24
Кестелеу өнерінде қолданылатын құрал жабдықтар.	26
Кестенің түрлері... ..	27
Бисер тоқу өнері.....	37
Төсеніш тоқу өнері.....	40
Тоқу өнерінің маңызы.....	41
Алаша тоқу өнері.....	43
Өрмек тоқу өнері... ..	50
Ши тоқу өнері.....	52
Кілем тоқу өнері.....	56
Кілем тоқу өнерінің шығу тарихы.....	58
Тақыр кілем тоқу өнері.....	63
Гобелен тоқу өнері... ..	66
Түк шалу түрлері... ..	68
Арқан есу... ..	73
Қамшы өру.....	75
Макрамэ тоқу өнері.....	77
Машинамен тоқу	79
Тоқыма киімдер тоқу барысы.....	80
ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР ТІЗІМІ	82-109
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	112

ТҮСІНДІРМЕ СӨЗ

Кіріспе. Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі, өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнерін шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларын арқау еткен. Өнер туындыларының бет бедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның ортақ қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнердің алуан түрлерін ойлап тапты. Өз ұрпағының “сегіз қырлы, бір сырлы” өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа үйретіп келген.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнер саласының бірі. Бұл тамаша өнер қазіргі заманда жалғасын тауып, көрші халықтардың өнер шығармашылықтарымен толысып, дамып, әсемдігімен, көркемдігімен көз тартып, эстетикалық талғамда өркендей бермек.

Негізгі бөлім

Тоқыма өнеркәсібі – жеңіл өнеркәсібінің мал жүнінен, өсімдік, жасанды және синтетикалық талшықтардан мата тоқу ісімен шұғылданатын салалар жиынтығы. Оған мақта – мата, жүн, зығыр, кендір кенеп өнеркәсібі, мақта өндірісі, мата емес материалдар өндірісі т.б. салалар жатады.

Табиғи тоқыма талшықтың ең маңызды, әрі арзан, әрі кең тараған түрі – мақта талшығы. Ол мақта құқымынан өсіріледі. Мақта талшығы берік, жіңішке және ылғал тартқыш болып келеді.

Қабықтық талшықтар (зығыр және кендір талшықтары т.б.) – техникалық талшықтар түрінде өсімдіктердің сабағынан, жапырағы мен жемістерінен алынады. Олардан арқан, брезент т.б. арналған жіптер иіріледі, сондай – ақ киіз басылады және киіз аяқ – киімдер дайындалады.

Шикі жібек – жібек құртының піллесін ширату арқылы алынатын табиғи талшық.

Мақта-матаөнеркәсіптері Оңтүстікте шоғырланған. Барлық мақта тазалау зауытары (олар 30-дай) Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Жіпті Алматы мен Шымкентте иіреді. Матаны ең көп шығаратын – «Мата тоқу компаниясы» АҚ (бұрынғы Алматы мақта-мата комбинаты). Ол негізінен катаң мата түрін шығаруға маманданған. Мақта кешені Оңтүстік Қазақстан

облысында құрылуда. Жүн өнеркәсібі мардымсыз дамыған. Жүнді бастапқы өңдеу фабрикалары Оңтүстікте (Таразда, Шымкентте, Алматыда) және Шығыста (Семейде), ал мата тоқитын фабрикалар Фабричный кентінде (Алматы маңында), Қостанай мен Семейде орналасқан. Өскеменде жасанды талшықтардан мата тоқылады. Тоқыма өнеркәсібінде Алматы ерекше орын алады.

Былғары, аяқ киім және тері өңдеу өнеркәсіптері бір-бірімен тығыз байланысты. Тері өңдеу (табиғи былғары алу)

шикізат көзіне, су мен электр энергиясына жақын орналасады. Еліміздегі тері өңдеу өнеркәсібінің 4 негізгі орталығы -Петропавл, Тараз, Рудный мен Семейдегі зауыттар. Қостанайда, Алматыда, Таразда, Ақтауда аяқ киім фабрикалары жұмыс істейді.Семейдің «Тері-былғары» комбинаты елімізде қой терісін өңдеу арқылы өнім шығаратын (тон, ішік, бас киім) ірі кәсіпорын болса, Шымкенттегі «Қазақиталқаракөл» – қаракөл терісін өңдейтін бірден-бір кәсіпорын болып табылады.Киізден жасалатын аяқ киімнің (пима) 70%-дайы Қостанай облысында шығарылады. Жеңіл Өнеркәсіптің «кез келген жерде» орналаса беретін саласы – тігін өнеркәсібі. Ол көбінесе тұтынушыға таяу орналасады. Өнімнің негізгі бөлігін шағын тігін шеберханалары шығарады. Бірақ Шымкенттегі «Восход» сияқты ірі фабрикалар да бар.

Тоқыма кәсібі - неолит заманында пайда болған кәсіптердің бірі. Ол алғаш әйелдердің өсімдік талшықтары мен жүннен тұрпайы киім тоқуынан басталады. Тоқыма кәсібі алғашқы қауым адамдарының қарым-қатынасы мен еңбек тәсілдері негізінде бірте-бірте дамыды. Қазақстан жерінде Тоқыма кәсібі VI-XII ғасырларда өріс алған. Бұл көбінесе Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалалық қоныстарында дамыған. Мақта-мата тоқымаларын бата, боз, тор, шыт деп атайтын. Мал жүнінен сырт киім (шекпен) үшін жүн мата тоқыды. Жібек мата Қытайдан, Ферганадан және Самарқаннан тарады. Ол кездегі жіп иіру-тоқу құралдары мен тоқыма станогының (тоқуш) қалдықтары археологиялық қазбаларда да кездеседі. Өрмек тоқу, ши тоқу, жас шыбықтан ыдыс, құрал жабдық тоқу, өру - Тоқыма кәсібінің ежелгі түрлері. Қазір Тоқыма кәсібі дамығын Тоқыма өнеркәсібіне айналды.

Тоқыма өнерінің түрлері

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс хәлдері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып,

қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады.

Тоқыма өнерінің түрлері-кілем, алаша, ши тоқу, өнері жылдан-жылға дамып келеді. Әсіресе қолөнер кәсібімен айналысқан шеберлер шығармашылығы қазақ халқының мәдениетін жаңа қырынан байытып отырды. Қолөнерге әр дәуір өзінше өшпес із қалдырып көркемдік жағыныан өз әсерін тигізеді. Қолөнер туындылары айналадағы құбылыс, күнделікті кәсіп, қоғамдық құрылысқа қарай өзгеріп, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып келеді. Ғасырлар бойы екшеленіп, көркемдік сапасы артып, күні бүгінге дейін жеткен қолөнер қазіргі заманмен ұштасуда. Халық шеберлері тек қана жеке адамның мұқтажын өтеп қойған жоқ, ұлттық өнерді дамытуға ерекше үлес қосты.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс хәлдері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.

Киіз үйдің бау-шуына желбау, аяқ бау, аспа бау, әр түрлі таңғыштар, бау-басқұрлар жатады. Олар, әдетте, тоқылып жасалады. Әдемі геометриялық өрнектермен безендіріледі.



Солдан оңға қарай: терме басқұр, баулар: желбау уық, аяқ бауының алақаны, кереге басқұры. Көлбей төселгендері: таңғыш, еңсізі-түндік бау.

Тоқыма тоқу өнері пәнінің мақсаты студенттер түрлі материалдарды қолдана отырып, әртүрлі бұйымдарды тоқып шығару қажет, сондай-ақ оларды өңдеу және тоқу жолдарын үйренуі тиіс. Тақырыпқа байланысты заттардың жобасын жасап, өз ойларын іске асыра алулары қажет. Сонымен қатар, ұқыптылыққа, тазалыққа, эстетикалық мәдениеттілікке тәрбиелеу және шығармашылық қабылеттіліктерін дамыту. Педагогикалық қызметінде қажетіне жаратуын қалыптастыру

- Студенттерге өз қызмет саласында кәсіби икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыруда түрлі материалдарды өңдеу, оларды тоқу, құрастыру және белгілі бір бұйым немесе зат жасауға білімдерін қалыптастыру және икемдеу;

- Кәсіби қызметін табысты жүзеге асыру үшін дайындалатын бұйымның нобайын, техникалық суретін салуға, түс үйлесімділігін табуға және де оны жүзеге асыра алуға бейімдеу;

- Білім алу және оны шынайы жағдаяттарда туындайтын кәсіби бағытталған проблемалық міндеттерді шешу үшін қолдану барысында студенттерде өз бетінше іздену зерттеу қызметінің дағдылары, машықтары мен құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.

Іліп тоқуға арналған иірім жіп түрлері.

Зығыр

Мақта иірімжібі

Мохер

Жүн иірімжібі

Ангор

Кашемир

Альпак

Вискоза

Фасонды иірім жіп

Мысалы:

1. Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға, мойын орағыш тоқуға, баскиім, т.б. тоқуға арналған. Оны қазіргі таңда пластмассадан, ағаштан, бамбуктен, сүйектен жасауға болады.

2. Екі басы сым темірден жасалған, ортасына түтікше пластмасса кигізілген қарапайым біз.

3. Ілмек біз. Аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі. Ілмек біздің бір түрі. Ілмек біздің әр түрлісі болады. Мысалы ата-бабаларымыздың бұл бізді қойдың кәрі жілігінің басындағы кішкентай бөлініп шығатын сүйегінен жасаған. Ал қазіргі заманда арнайы сауда орындарынан сатып алуға болады. Бұл бізді қолданғанда жуан жіптерді жуан ілмек бізбен, ал жіңішке ілмек бізбен тоқу керек.

Тоқыма тоқу үшін таза жүннен, мақтадан, вискозадан, синтетикадан, жүн мен синтетикадан аралас иірілген жіптер пайдаланылады. Сондай-ақ бұрын пайдаланылған жіптерді де тарқатып, қайта пайдалануға болады. Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады, жүннен, мақтадан иірілген немесе жібек жіптер, т.б.

Әдетте үстіге киетін киімдерді бастау иірген, ал дастарқан, салфетка, сумка сияқты заттарды ширақ иірілген жіппен тоқиды. Бөлшектерінің сыртқы пішіні үлгімен есепке сәйкес шалуды қосу, қысқарту, сирек те жиі тоқу арқылы жасалады.

Негізгі шалулар Ілмек бізбен іліп тоқу

Ілмек бізбен іліп тоқу технологиясы

Қолды дұрыс ұстау

Шалманың пайда болуы

Жарты бағанша немесе біріктіргіш бағанша

Шалмасыз бағанша

Шалмалы бағанша

Екі шалмалы бағанша

Тоқу түрлері: тура және кері қатарлармен тоқу

Айналдырып шеңбер жасай тоқу. Тізбек бірнеше үлпілдек шалудан жасалған тізбектер алғашқы қатар тоқылуға тиіс бар бұйымның бастапқы негізі болып саналады. Ілмектің ұшына бір шалу жасайды да жіпті ілмекке орап, алғашқы шалудың ортасына өткізіп алады. Осылайша қайталана береді. Бүгінгі болашақ ұрпақ ертеңгі қоғамның иесі, сол қоғамның иелері халқымыздың тұрмыс қажеттілігінен туындаған ұлттық өнер мұраларын сақтап, сұрыптап, қазіргі уақытта сәнді етіп, ұлттық мәдениетімізді қолданбалы сәндік қолөнермен өркендету. Тәуелсіз мемлекетімізде ертеңгі ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетіне, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігі мен кәсіби шеберлігіне байланысты фабрикалар шығаратын бұйымдарға қарағанда халық шеберлері жасаған бұйымдар жоғары бағалануда. Қазіргі кезде жаңа өмір өзінің жаңа талаптарын қойып отыр. Оның міндеті өнердің бұрынғы келбетін бүгінгі күнге табиғи етіп жаңарту. Бүгінгіміз бен келешегімізді нәрлі қайнарына айналдыру әрқайсымыздың борышымыз.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс хәлдері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма.

Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін,


алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.

Жүн – жануарлардан алынатын табиғи материал. Оны қазақ халқы мыңдаған жылдар бұрын іске асырған.



Қой, ешкі, қоян, түйе жүндерінен жіп иіріп мата өндіруге, тоқыма, кілем, алаша тоқуға қолданған. Қой жүні – күзем және жабағы жүніне бөлінеді. Қойдың қозысынан алынған жүнді қозы жүн деп атайды. Қой жүнін қырқып алған соң, оны жуып кептіреді де, сабауға дайындайды.

Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулақ құралдары қажет.



Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен түтеді.



Жүнді машинамен, қолмен иіруге болады. Өндірісте жүн иіру технологиясында жүн иіретін арнайы машиналар кеңінен қолданылады. Сонымен қатар күнделікті тұрмыста да жүн иіруге арналған жүн иіруші аппараттар қолданылады.

Ұршық – жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап. Бұл қарапайым аспап, әр елдің ұршығының сыртқы қалпы өзінше ерекшеленеді. Қазақтың ұршығы 30см шамасында сабы конус тәрізденіп келеді. Ең жуан жеріне сақина кигізілген. Оның ішкі тесігінің диаметрі – 2,5 мм, ал, сыртқы өлшемі – 30 мм.



Тоқыма үшін қажетті құралдар:

1. Біз.



2. Жіп





Біздің өзі әрқалай бөлінеді. Мысалы:





1. Қарапайым сым темірден жасалған біз. Бұл көбінесе шұлық тоқуға, мойын орағыш тоқуға, баскиім, т.б. тоқуға арналған. Оны қазіргі таңда пластмассадан, ағаштан, бамбуктен, сүйектен жасауға болады.

2. Екі басы сым темірден жасалған, ортасына түтікше пластмасса кигізілген қарапайым біз.

3. Ілмек біз. Аты айтып тұрғандай іліп тоқуға арналған біздің бір түрі. Ілмек біздің бір түрі. Ілмек біздің әр түрлісі болады. Мысалы ата-бабаларымыздың бұл бізді қойдың кәрі жілігінің басындағы кішкентай бөлініп шығатын сүйегінен жасаған. Ал қазіргі заманда арнайы сауда орындарынан сатып алуға болады. Бұл бізді қолданғанда жуан жіптерді жуан ілмек бізбен, ал жіңішке ілмек бізбен тоқу керек.








Тоқыма тоқу үшін таза жүннен, мақтадан, вискозадан, синтетикадан, жүн мен синтетикадан аралас иірілген жіптер пайдаланылады. Сондай-ақ бұрын пайдаланылған жіптерді де тарқатып, қайта пайдалануға болады. Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады, жүннен, мақтадан иірілген немесе жібек жіптер, т.б.

Әдетте үстіге киетін киімдерді бастау иірген, ал дастарқан, салфетка, сумка сияқты заттарды ширақ иірілген жіппен тоқиды. Бөлшектерінің сыртқы пішіні үлгімен есепке сәйкес шалуды қосу, қысқарту, сирек те жиі тоқу арқылы жасалады.

Тоқу түрлері: тура және кері қатарлармен тоқу





Айналдырып шеңбер жасай тоқу.



Тізбек бірнеше үлпілдек шалудан жасалған тізбектер алғашқы қатар тоқылуға тиіс бар бұйымның бастапқы негізі болып саналады. Ілмектің ұшына бір шалу жасайды да жіпті ілмекке орап, алғашқы шалудың ортасына өткізіп алады. Осылайша қайталана береді.

Негізгі шалулар Ілмек бізбен іліп тоқу

Ілмек бізбен іліп тоқу технологиясы

Қолды дұрыс ұстау

Шалманың пайда болуы

Жарты бағанша немесе біріктіргіш бағанша

Шалмасыз бағанша

Шалмалы бағанша

Екі шалмалы бағанша

Ілмекпен тоқуда негізгі элементтері – бос шалу, біріктіру бағаншасы, шалмасыз бағанша, шалмалы бағанша, екі шалмалы бағанша, үш шалмалы бағанша, төрт шалмалы бағанша, пико, жарты бағанша және т.б. Ілмек бізбен тоқу кең тарап, тоқу арқылы жасалған бұйымдар жоғары бағаланатындықтан әр түрлі басылым беттерінде шеберлер өзінің өнерін көрсету үшін ілмек бізбен тоқудың шартты белгілерін ойлап тауып, сол арқылы халыққа белгілі бір бұйымды тоқу әдісін көрсетеді.

Халықтың дәстүрлі өнері сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным түсінігінің жарқын айғағы.

Қауіпсіздік ережесін үнемі есте сақтау керек.

1. Инені ауызға салмау керек;
2. Инені киімге қадауға болмайды;
3. Қайшыны ашық тастама;
4. Қайшыны жолдасыңа үшкір жағымен берме;
5. Жұмыс соңында орныңды тазалап кету керек.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

- Жұмысты технологиялық картаның көмегімен орындау;
- Жұмысты таза, ұқыпты орындау.

Бақылау сұрақтары:

- Тоқу өнері қандай өнер түріне жатады?
- Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе қандай жіптерді пайдаланған?
- Тоқу түрлерін атаңдар?
- Тоқыма үшін қандай малдың жүні дұрыс?
- Ұршық дегеніміз не?

Бақылау сұрақтары:

1. Тоқыма үшін қажетті құралдар
2. Жануарлардан алынатын табиғи материалы
3. Өндірісте жүн иіру технологиясы

Тоқыма тоқу өнері. Қолмен тоқу

Жоспар: 1. Тоқу өнері

2. IX-XI ғасырларда тоқымашылар

Тоқу (ағылш. Knitting) - жіпті шалып алып және сол шалуларды бір-бірімен біріктіре отырып бұйым жасау барысы^[1]. Тоқу қолмен және арнаулы машина арқылы жүргізіледі.



Қолмен тоқу

Қолмен тоқу құралдары:

- біз
- ілмек
- иірілген жіп (кенеп жіп, мақта жіп, жүннен иірілген жіп, жібе жіп синтетикалық жіп, аралас жіп)

Ең алғаш ілмектің (петля) қай уақытта пайда болғанын ешкім білмейді. Бірақ, тоқыма бұйымдары біздің эрамызға дейін пайда болыпты. Мұны растайтын факті де бар екен. Египет қазбаларында мәйіттен тоқылған баланың аяқ-киімі табылыпты. Зерттеу нәтижесінде ол аяқ-киімнің жасы 4000 жылдан асады деп тапты.

IX-XI ғасырларда тоқымашылар шұлықтарға сөз жаза бастады. Ежелде ең керемет, озат тоқымашылар арабтар болып саналды. Қиын әрі түрлі-түсті өрнектерді олар 2000 жылдай бұрын ойлап тапқан.

Біздің эрамыздың басында металл спицалар пайда болды... Тоғызыншы-оныншы ғасырларда тоқылған бұйымдар әлі сақтаулы. Сондай ескі бұйымдардың бірі-балаларға арналған шұлық екен. Оның ерекшелігі басындағы саусақ бөлек тоқылған екен, кәзіргі қолғаптағыдай.

Еуропаға тоқыма өнерін Египет арқылы келген христиандар әкеліпті. Осылайша, тоқыма өнері қолөнерге, уақыт өте келе үлкен өнеркәсіптік өндіріске айналады. Ең қызығы, әуелі тоқымамен ер-жігіттер айналысқан екен. Бұл саламен айналысудағы мақсат, фехтование сайысына шыдамдылықты, дәлдікті, зейін қояуды үйрену болған екен. Бірақ кейіннен тоқыма өнерінің кең жайылуына байланысты уақыт өте келе қыздардың кәсібіне өтіпті.

1589 жылы ағылшын шіркей уағызшысы Вильям Ли бізді инелері бар тоқитын станок ойлап табады. XVIII-ғасырдың аяғында Францияда дөңгелектоқитын мәшине жасалды. Қаншама тоқыма завод, фабрикалар ашылғанымен де қолдан тоқылған бұйымдар қашанда бағалы болып қала бермек.

Өзгеше әдемі, сирек кездесетін тоқыма бұйымына Орынбор бөкебайларын жатқызуға болады. Қолдан өрнектеліп тоқылатын орамалдың көлемі 2x2 м, салмағы 70 г болады.


Тағы да тоқыма өнерінің әдемі туындысына ирландық шілтерлерді (ирландское кружева) жатқызуға болады.

Алғаш рет тоқыманың суреттері мен өрнектерін голландықтар 1824 жылы «Penelope» журналына басып шығарды. Үлгі таңбалары 19 ғасырдың соңында нақты түрде бекітілді. Қазіргі уақытта үлгінің британдық және американдық екі түрі бар. Бізбен тоқу

Тоқу біздері түзу, екі жағы немесе бір жағы ғана ұшты және иілме (айналдыра тоқитын) болып келеді. Олардың темірден, ағаштан, пластмассадан жасалған түрлері бар. Тігіссіз бұйым тоқу үшін иілме біз немесе бес, төрт және үш инелі біздер пайдаланылады. Біз жіптен екі есе жуанырақ болуы керек. Қосымша жіп қосып жуандату немес жіпті жіңішкертіу есебінен, затты қалың не жұқа етіп тоқу (біз бен жіп диаметрінің әртүрлілігі) арқылы, пішілген үлгіге немесе есепке сай тоқу үлгісі өзгеріп отырады.

- Бұйымның тоқылу түрі:
 - біртегіс - оң және теріс жағы болады, оны ұзынынан немесе керісінше түзу екі бізбен, немесе иілмелі сымды айналдыра тоқиды;
 - бітеу етіп - айналдыра тоқылады, мұны тек оң жағынан және бес бізді немесе иілмелі сымды пайдаланып тоқиды.
 - **Тоқудың түрлері**

Шұлық тоқу технологиясы



Шұлықша тоқу.

айналдыра тоқығанда үнемі оң шалумен тоқиды;

жазып тоқығанда - бір қатарда (тоқыманың оң жағынан) оң шалумен, екінші қатарды (тоқыманың теріс жағынан) теріс шалумен тоқиды.

Қуыстап тоқу. Тоқыманың оң және теріс жағын бірдей етіп тоқиды. Бірші қатар - 1 оң беті, 1 оң шалуды тоқымай алады (жіп тоқыманың алдына түседі), екінші

және одан кейінгі қатарлар - оң шалуларды оң тоқып, терісін тоқымай бос алады (жіп тоқыманың алдына түседі).

Орамалша тоқу.

айналдыра тоқығанда бір қатарды оң шалумен, бір қатарды теріс шалумен тоқиды;

жазып тоқығанда тоқыманың оң немесе теріс жағы болсын біркелкі не оң не теріс шалулармен тоқиды.

Резинка (ластик) - белгілі бір есеп бойынша теріс және оң шалулар кезектесіп отырады.

Өрнектің түр – түрін ойлап шығару мүмкіндігі-тоқыма өнеріне деген қызығушылықты арттыра түседі. Ал тоқыма өнерінің түрі шексіз деп айтса артық болмас. Тоқып үйренген соң, бұл өрнектерді өзімізге де ойластырып шығаруға болады. Адамдар барлық уақытта қандай да дәуірде өмір сүрсе де және олардың өміріндегі әдет-ғұрыптарына қарамастан әдемі орындалған бұйымдар барлық уақытта қызықтырады, қиялдауға жетелейді. Сондықтан да дұрыс ұйымдастырылған сабақ жоспары оқушының жеке басының қабілетіне байланысты, өнерде үйренеді. Үйрену және үйрету барысында сол өнер туралы білім беріледі.

Сабақтан тыс уақытта оқушылармен «Шебер қолдар» атты үйірме жүргіземін. Тоқыма өнерінің бисермен тоқу түрін жете меңгеріп мақаламыз жарияланса, «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз» атты сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылық қалалық көрмесіне оқушыларын дайындаған бұйымдарынан жүлделі орындарға ие болып, марапатталды.

Бұл бөлімде оқушыларды тоқу өнерінің түрлерімен таныстырамын.

1. Шілтер, жастықты тоқу, кілеммен тоқу, қуыршақ тоқу.

2. Шәлі, мойынорауыш, шұлық, қолғап, т.б. бұйымдарды сыммен тоқу.

Менің тоқу инесімен тоқуды үйрету мақсатым – оқушылардың бұл өнерге қызығушылығын арттыру, тоқылған бұйымға қойылған эстетикалық тағамын жоғарылату, ол бұйымдарды қазіргі тұрмыста пайдалан білуге тәрбиелеу.

Оқушыларға тоқуға қажетті жіпті дүкеннен таба алмаған жағдайда, үйдегі әртүрлі жіптерді пайдаланса және де жарамсыз бұйымдарды тарқатып та жібін алуға болатынын естеріңе саламыз.

Тоқыма өнерінің шығармашылық жұмыс жасарда, оқушы алдына мақсат қойып жоспар жасайды. Тоқу әдісінің ерекшелігін, алуан түрлілігін, оқушылар қызығушылық таныта отырып меңгергенін көпшілікке дәріптеу мақсатында теледидардан көрініп, шығармашылық жұмыстарын көремелерге, жәрмеңкелерге дайындау, сабақтың тартымдылығын арттырып, оның қызықты да, нәтижелі өтуіне ықпал етеді. 7-9 сыныптағы оқушылардың жас ерекшелігін есере отырып, бірнеше тоқыма өнеріне тоқталамыз.

Мысалы: Гүл вазаларының астына қоятын шілтер, ыстық тағам ұстайтын тұтқыш, шәйнек астына қоятын дөңгелек, сыйлықтық қоржын т.б. Соның ішінде сабақ жоспары бойынша оқушылардың тоқып үйренетін жейде, сыйлықтық қолдорба, мойынорауыш, қалпақ екенін ескертемін. Тоқу

сабақтарының барлығында қауіпсіздік ережелерін сақталуын қадағалап отыру қажет.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының қолөнер түрі өте көп. Соның бір ғана түрі тоқыма өнерін тілге тиек ете отырып, технология пәні қолөнер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шымдап болашақ Қазақстан қолөнерін дамытудың бірден-бір бастар жолы екеніне толық сенімдемін. Жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелейді.

Қазіргі заман интерьері тоқыма қолөнер шығармашылығы саласынан білімділікті, бейімділікті, кәсіпкерлік шеберлікті, үлкен бір шығармашылықты, өзіндік стильді талап етеді.

Заман талабына сай мектепте сәндік-қолданбалы өнерге, көнеден келе жатқан тоқыма өнеріне үйрету бүгінгі таңда үлкен мәселенің бірі болып отыр. Қазір тоқыма өнерінің шарықтап етек жайған уақытында оқушыларға кесте тоқу, кілем, гобелен, бисермен тоқу және әртүрлі тоқыма өнерін үйретуді мектеп бағдарламаларына көбірек енгізіп, оқушының шығармашылық қабілеттерін жандандырса, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдениетін көтеру арқылы ұлттық деңгейімізді көтерер едік. Альберх Дюрердің «Перед тобой различные искусство, выбери из них одно, которое должно пойти тебе на пользу, изучи его, не унывай и не теряй терпение из-за трудностей, пока ты не достигнешь того, что оно станет тебе доставлять тебе радость», — деп айтқанындай, тоқу өнерінің ұзақтығы мен қиындығына қарамастан ұлттық өнерімізді жалғастырып, ұлттық мәдениетімізді көтеруге өз үлесімізді қоса берейік.

Бізбен тоқудың барысы

Жоспары: Бізбен тоқудың барысы

Өрнекті тоқыма.

Ілмекпен тоқуда негізгі элементтері – бос шалу, біріктіру бағаншасы, шалмасыз бағанша, шалмалы бағанша, екі шалмалы бағанша, үш шалмалы бағанша, төрт шалмалы бағанша, пико, жарты бағанша және т.б. Ілмек бізбен тоқу кең тарап, тоқу арқылы жасалған бұйымдар жоғары бағаланатындықтан әр түрлі басылым беттерінде шеберлер өзінің өнерін көрсету үшін ілмек бізбен тоқудың шартты белгілерін ойлап тауып, сол арқылы халыққа белгілі бір бұйымды тоқу әдісін көрсетеді.

Шебермен кездесу сұхбаты

Халықтың дәстүрлі өнері сол халықтың ғасырлар бойы бастан кешкен өмір салтының, таным түсінігінің жарқын айғағы.

Мемлекетіміз мектептің алдына жаңа бір міндет қойып отыр – өмірге қадам басқан жастар жаңа заман талабына сай, өз тағдырын өзі шешуге қабілетті, нарықтық жағдайда алдындағы мақсатын анықтай алатын экономикалық білім алуы тиіс.

Уақыт озған сайын қоғам дамуы жеделдей түсетіні айқын. Қазір еліміз өрлеу үстінде. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың еліміздің

бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу бағдарламасы ең басты басымдық. Қай қоғамда болмасын бүгінгіміз бен кешегімізді қастерлеу өмірдегі тіршіліктің, қоғамның парызы. Ал қоғамның дамытушысы – адам. Алғашқы қатар. Жіпті сол қолға алады. Екі бізді біріктіре ұстап, тоқылатын шүйке жіптің астынан өткізеді, сұқ саусақтағы жіпті бізбен іліп алып, бас бармақтағы жіпті шалу арқылы өткізеді. Бас бармақты шалудан босатып, жіпті тарту керек. Әрбір келесі шалуды шығару үшін осы әдістерді қайталайды. Сонда алғашқы қатарды құрайтын жіптер тізбегі шығады.

Шеткі шалулар - әр қатардың бірінші және соңғы шалулары. Бірінші шеткі шалуды (қатардың басындағы) оң бізге тоқымай алады. Тоқыма жолақ салынып немесе әр түрлі жіптермен өрнектеліп тоқылған кезде бірінші шеткі шалу басқа түсті жіпке ауысарда жіпті ең шетінде бекітетіндей етіп оң шалу жасайды. Қатардың соңғы шалуы оң немесе теріс шалумен тоқылады.

Шеткі жиек. Жиек шеті түзу болып (бұрымша) шығу үшін қатардың соңғы шалуын теріс алу керек те, ал келесі қатардағыны оң бізге тоқымай бос алады (мұндайда тоқылатын жіп біздің артында қалуы қажет). Жиек шеті біртегіс болмауы (тігісті) үшін қатардың соңғы шалуын оң тоқып, бұл шалу бірінші болатын келесі қатарда оны тоқымай алады.

Оң және теріс шалулар. Оларды екі түрді тәсілмен тоқуға болады.

1 - тәсіл: оң шалу бергі жіп арқылы тоқылады, оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы жіпті іліп алып шығады.

2 - тәсіл: ескі тәсіл, сондықтан осылай алынған шалуларды кейде "әженің шалулары" деп атайды. Оң шалуды арғы жіппен, оң қолдағы бізді оңнан солға қарай өткізіп тоқиды.

Бос шалудың тура және кері түрлері.

Тура бос шалу: оң қолдағы бізді тоқылатын жіптің астына оңнан солға қарай салады.

Кері бос шалу: оң қолдағы бізді тоқылатын жіптің астынан солдан оңға, өзінен кері қарай өткізеді. Кері бос шалу барынша сирек қолданылады, себебі көптеген айшықтар (ағылшын резинкасы және т.б. сияқты) бұзылып кетеді, ал өрнекті айшықтарда мұндай бос шалудың тор көзі тым үлкен болады.

Шалуларды азайту. Детальдарды тоқу барысында шалуларды азайту түрлі тәсілдермен жүзеге асады (бекіту, бір шалуды екіншісінен өткізу, әдетте олар белгілі бір модельдің сипаттамасында көрсетіледі). Тоқыманың шетінен бір шалудан азайта отырып, көбіне оны екі шалуды біріктіре қосып алу арқылы бекітеді. Көп санды шалуларды (ең соңғы қатардағыдай) бірінен соң бірін бекітеді. Шалуларды тоқыманың оң қатарында да, теріс қатарында да азайтуға болады.

Екі шалуды жоғарыдан бірге алу. Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды 2- шалу жағынан тоқыманың алдынан алу (солдан оңға қарай).

Екі шалуды төменнен бірге алу. Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды 1-шалу жағынан тоқыманың артынан алу (оңнан солға қарай).

Үш шалуды бірге алу. Үш шалуды бірге алу түрлі тәсілмен тоқылады:

оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 3 шалуды тоқыманың артынан 1-шалу жағынан (оңнан солға қарай) іліп алады;

оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 3 шалуды, үшінші шалу жағынан (солдан оңға қарай) тоқыманың алдына қарай алады;

ортаңғы шалу мен бірінші шалудың орнын ауыстырып, содан соң 3 шалуды тоқыманың артындағы 1-шалу жағынан (оңнан солға қарай) алу керек.

Екі шалуды біріктіріп теріс шалумен алу. Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды бірінші шалу жағынан (оңнан солға қарай) іліп алып, теріс шалумен тоқиды.

Екі шалуды біріктіріп айқасқан теріс шалумен алу. Оң қолдағы бізбен сол қолдағы біздің бойындағы 2 шалуды 2-шалу, тоқыманың арғы беті жағынан (солдан оңға қарай) іліп алып, теріс шалумен тоқиды.

Шалуларды көбейту:

бір оң бір теріс шалуды кезектестіре отырып бір шалудан бірнеше шалу шығарады;

бос шалу арқылы (бір бос шалу, бір оң шалу т.б.);

сол қолдағы бізге алынған бос шалуды келесі біздің арт жағынан солдан оңға қарай тоқиды.

Өрнекті тоқыма. Өрнекті тоқыма шығару үшін оң қолдағы бізге бос шалу алады. Осыдан қосымша шалу пайда болады, бұл суретке байланысты не қалдырылады, не азайтылып кетеді. Бос шалу алынған жерде торкөз пайда болады. Торкөз кендеу болуы үшін 2 бос шалуды қатар алады да, олардың біреуін келесі қатарда оң не теріс шалумен тоқып, екіншісін босатып жібереді немесе бір бос шалуды оң, келесісін теріс шалумен, не керісінше тоқиды.

Бұрама шалулар. Бұрама жасау үшін бір немесе бірнеше шалуды қосымша бізге өткізіп алып, суретіне сәйкес тоқыманың алдыңғы және артқы жағында қалдырады, бұдан кейінгі шалуды немесе бірнеше шалуларды тоқып алған соң қосымша біздердегі шалуларды тоқиды. Әуелі үстіңгі жақта тұратын шалуларды теріп алып, астыңғы жақа тұратын шалуларды тоқыманың арт жағына қалдыру керек, яғни шалулардың орнын ауыстырады.

Шырмаулы шалулар. Оң қолдағы біздің бойындағы 3- және 4-шалулар арасын немесе сол қатардағы шалуға яғни одан бірнеше қатар төменірекке өткізіп, тоқылатын жіптен ұзын шалу іліп шығарады. Бұл шалуларды бөлек не сол қатардағы немесе келесі қатардағы басқа шалумен (суретіне қарай) тоқиды. Оң қолдағы бізді сол қолдағы біздің бойына 4 қатар төмен орналасқан 2 және 3 шалулар арасына өткізіп, тоқитын жіптен ұзын шалу іліп алып, оны оң немесе сол қолдағы біздің ұшына ілу керек.

Созылған немесе тоқымай алынған шалулар. Шалуларды сол қолдағы бізбен оң қолдағы бізге тоқымай алады. Жіпті шығарылған суретке сәйкес

тоқыманың алдына немесе сырт жағына қалдырады. Бір шалуды бірнеше қатар бойына тоқымай іліп алуға болады. Бір шалуды оң қатарда қайта-қайта тоқымай алып, ал теріс қатарда теріс шалумен тоқып отырса, тоқыманың тігінен бүктелер сызығын шығаруға болады.

Тоқымай алынған бос шалулар. Егер бір шалуды бірнеше қатарда тоқымай алса, әр қатарда шалудың тоқымай аларда және бұдан бұрынғы қатардың бос шалуының алдынан жаңа бос шалу алады. Тоқымай алынған шалуларды тоқығанда бізді барлығының және бос шалулардың астына өткізу керек.

Ұзартылған шалулар немесе орамалы шалулар. Оң қолдағы бізді оң немесе теріс тоқыған кездегідей шалуға өткізіп, оның ұшымен тоқитын жіпті іліп алып, сағат тілі бағытымен айналдыра отырып қажет санды орама жасайды. Келесі қатарда шалуды тоқып, орамаларды босатып қоя береді. Кей кезде ораманы босатып қоя беріп, шалуды бір бізден екіншісіне тоқымай алады.

Қазақтың асыл қазынасы кестелеу, оның тарихы мен түрлері

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің, батырлар мен сауыққойлардың (салдардың) бас киімі, белбеуі, киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер және басқа да осы сияқты жол жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілетін. Халық салтында мұндай өрнектеудің кейбіреулері бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Оның себебі әдемі ұнасымды кесте ою-өрнегінің барлық түріне бірдей қолдануға тиімді. Міне осы сияқты бізбен, машинамен және инемен көркемдеп тігілген кестені әшекейлеп кестелеу деп атайды. өнер қазынасының сарқылмас мұхиты халық «адам өнерімен әсем, аң жүнімен әсем» деп келіп, «кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды» деп қорытқан. Кесте өнері осы айтылғандай нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері:біз кесте, айқас тігу, айқыш-ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің *шым кесте* және *әредік кесте* деп аталатын екі түрі бар.

Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.

Шым кесте деп тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кестені айтады.

Әредік кестеде материалдың әр жері әшекейленіп, бөлек бөлек өрнек салынады.

Шым кесте тұс киіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, кежім, сәукеле сияқты басқа да көптеген заттарға төгіледі немесе бөлек материалға төгіп қондырылады. әредік кесте тақия, балақ, өңір,

жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы, перделердің шеттері сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырылады.

Инемен тігілетін кестені керіп, инеге сабақталған жіппен алуан түрлі мәнерлеп тігіп кестелейді. Ол үшін кесте салынатын матаға әуелі өрнек түсіріп алады да, сол өрнек ізімен тігеді. Кесте тігетін инелер молтақ, көздері кең болғаны жөн.

Айқас (крестен) тігу де инемен тігілетін кестенің ең көп тараған түрі. Мұнда өрнек ізімен біркелкі төрт бұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші бір жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырады. Бұл қазір кесте тігудің ең қолайлы түрі деп танылып жүр.

Тесіп торлап тігуде өрнектелетін материалды өрнек мәнеріне қарай тесіп алады да, оны торлай және ортасын кереге көздеп, санап отырып шалу арқылы түрлі өрнек салады. тесік арасын кереге көздеу әдісінде кестенің тесік аралығындағы жіптерін өткермелеп шалып тоқу түрі де қолданылады. Мұдай тесіп, торлап өрнектеу әдісімен көбінесе жастық тысының беті, жастық жапқыштар, төсек жапқыштар, әйелдердің іш көйлектерінің кеудесі, етегі, гүл қойғыш төсеніштер, дастархандар мен диван жапқыштар, үйдің қабырғасына керіп қоятын маталар кестеленеді.

Ал кестені **бедерлеп тіккенде** кестеленген материалда әр түрлі ою-өрнек, мәнерлі бұдырлар кестеленеді. Мұндай тігу түрін орындағанда әуелі үлгі бойынша сызылып алынған өрнектердің үстіне мақта, мата қиындылары, қағаз, картон салынып, кестенің жіптерін, сол заттарды бастыра шалып тігеді. Соның нәтижесінде матаның бетіндегі өрнектер бұдырланып бедерленеді. Бедерлеп тігу әдісіне де өрнектің мәнері мен шебердің шешіміне қарай бірнеше түсті жіптер қолданылады. Бедерлеп тіккен кестені көп жуа беруге болмайды. Оларды көп реттерде шаң сорғышпен, киім шөткесімен тазалайды. Көптеген шеберлер бедердің астына қағаз, картон салмай, маталардың қиықтарын, мақта, жүн сияқтыларды салып тігіп жүр. Оны ыстық суға салып жуса да бүлінбейді.

Үлгі бойынша сызылған өрнектің үстіне мәнеріне қарай тізіліп алынған әртүрлі ұсақ маржандар, моншақтар бастырып тігуді **маржандап кестелеу** деп атайды. Мұндай әдістер тақия, сәукеле, өңір, қол доба сияқты бір киер киім мен сән-салтанат бұйымдарына ғана қолданылады. Үнемі киілетін немесе жұмысқа ғана киілетін, сондай ақ арқан-жіптің тартуына түсетін заттарға бұл өнер қолданылмайды. Себебі ондай заттардағы маржандар тез сөгіліп кетуі мүмкін.

Алтындап, күмістен тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, пүліш, атлас, қырмызы сияқты бағалы материалдар пайдаланылады. Мұндай тігістерге, әсіресе, өзіне арналып жасалған алтын және күміс жіптер қолданылады. Кейде алтын, күміс түстес жіңішке жиек саулары (зер) пайдаланылады. Бағалы затты ысырапсыз пайдалану үшін оның өрнегі мен тігіс жіптерін санап білу керек. Өйткені бұл жұмыс өзге тігістерден гөрі ауыр келеді.

Алтындап тігуге көбіне бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне марожандап тігуді де аралас жүргізеді. Мысалы,

қыздардың камзолдарының омыраулары, өңірлері және тағыда сол сияқтылар осылай тігіледі.

Алтын жіппен тігу Орта Азия халықтарының бәріне тән өнер. Онымен атағы шыққан әйгілі кестешілер ғана айналысқан. Алтын кестелі тон шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі.

Кимешектің жағын, хатипа тақиялардың маңдайын, камзолдар мен шашбауларды, жаға жеңдерді алтынмен кестелеу салты бұл күнде де ұнасымды өнер деп танылып жүр. Ескі деректеде алтын кестесімен қазақ үйдің үзік туырлығы сияқты өте көлемді жихаздарда кестеленгендігі айтылады. Біздің республика қолөнер шеберлерінің арасында алтын жіпті тігістермен айналысып жүрген ақтөбелік Өтегенова Зылиханың есімі көпшілікке аян. Ол 1957 жылғы республикалық көрмеде бағалы сыйлықтар мен мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасына ие болды.

Кесте ісімен шұғылданып жүрген шеберлер көп. Қазақ ССР-нің республикалық халық творчествосы үйінің 1961 жылғы есебі бойынша тізімге алынған 370 кестеші бар еді. әрине мұнда барлық кестешілер толық қамтылмаған. Қазір өзгелерді блыай қойғанда, мектеп мұғалімдері мен оқушыларының 60-70% кесте тігумен әуестеніп жүр. Оның үстіне мемлекеттен пенсия алып отыратын қарттардың ішінде де кесте ісін ермек ететіндері көп.

Мал өрісінің жаздық, күздік жайылымы жағдайына қарай қоныс қуалап, көшпелі өмір сүрген қазақ ауылы өнеркәсіп орталығынан қашық жатты. Олар күнбе күнгі тұрмыс қажеттерін өздерінде бар мүмкіншіліктермен ғана өтеді. Сондықтан матадан, теріден, өрмек өнімінен жасалатын киім-кешектерді, саба, торсық, үйге жабатын киіз сияқты заттардың барлығын да қол инемен тікті. Қолмен тігу семья қажетін өтеумен қатар заттарды көркемдеп тігуде де тиімді әдіс саналды. Соған қарағанда киімдерді, төсек орын жабдықтарын қол инемен кестелеп тігудің алуан түрлері туды.

Кесте *санап тігілетін* және *еркін кестелеу* болып бөлінеді.

Санап кестелеу деп аталатын кестені жіп оңай суырылатын матаға кестелейді. Бұл тігіс әдетте тік сызық бойына түсіріледі. Ол бірнеше түрге: терме тігіс, қиғаш тігіс, жай айқас тігіс, қосарланған айқас тігіс, жартыкеш айқас тігіс т.б. бөлінеді.

Терме тігісті өрнектің бір шетінен келесі шетіне дейін, жіптерін санай отырып, біресе оң жағына біресе теріс жағына қарай матаның жібін бойлай «инені алға салу» әдісімен тігіледі. Теріс жағының өрнегі оң жағының өрнегіне кері болып түседі.

Қиғаш тігіс матаның көлденеңінен 2 жібін, тігінен 4 жібін бастыра, қиғаш бағытта тігіледі.

Айқас тігіс. Кестенің ең көп тараған түрі. Бұл тігілуі өте қарапайым әрі әдемі кесте. Айқас тігіс кестесін селдір матаға түсірген дұрыс. Оның размері кестелейтін жіптің жуан-жіңішкелігіне, матаның қалыңдығына байланысты.

Кестелеу барысында үстіңгі негізгі тігістің бір бағытта түсіп отыруын бақылау керек. Бұл кестені бір түсті және көп түсті жіптермен кестелеуге болады.

Жартыкеш айқас тігіс. Бұл кестенің еі жақты тігісі болады., яғни астыңғы және үстіңгі тігістер жіпті үзбей отырып тігіледі. Түзу және қиғаш болып түсетін кестенің бұл түрі қарапайым әрі әдемі өрнек түзеді. Кесте 2 жүріспен тігіледі. 1-жүріс- «инені алға салу» әдісімен сурет нұсқасының бойымен тігіп шығу; 2-жүріс алғашқы жүрісте ашық қалған жерлерді қамти отырып, «инені алға салу» әдісімен кері бағытта тағы да жүріп шығу. Түзу тігістердің ұзындығы барлық жерде де бірдей болуы керек және тігістердің арасында шаық жер қалмауы тиіс.

Кестелеу өнерінің түрлері

Жоспары:

1. Кестелеу өнері жайлы мәлімет, ондағы түстердің гармониялық үйлесімділігі

2. Қолмен кестелеудегі құрал-жабдықтар, матаға сурет түсіру тәсілдері

3.Кесте тігістерінің түрлері

1. Кесте – мата, тері, киіз т.б. материалдар бетіне әр түрлі жіппен суреттер мен өрнектер салып тігілетін қол өнерінің бір түрі. Қазақ халқының дәстүріндекиім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің, батырлар мен сауыққойлардың бас киімі,белбеуі, киімнің жең-жағалары мен балақтары, әр түрлі жамылғылар және басқа да осы сияқты үй мүліктері кесте өрнегімен жиі безендіріледі. Мәселен, киімдерде бейнеленетін әрбір ою-өрнек нақыштарына қарасақ онда үлкен философиялық ой жатқанын көреміз, яғни, өзінің терең тарихи мағлұматтарды паш ететін ерекшеліктері бар. Олар бұдан сан жылдар бойы өмір сүріп келе жатқан ата- бабаларымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, сан ғасырлық мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейді.

Кестелеу үшін мата төсегінің түсі және түрлі түсті жіптердің жиынтығы үлкен роль атқарады. Сондықтан бәрінен бұрын түстерді дұрыс таба білуіміз керек. Ол үшін түстік гармониялық үйлесімділік яғни бір түстен келесі бір түске өтуде олардың байланысын білу қажет-ақ. Гармониялық үндестік көбінесе түстердің үйлесімділігінен туады, демек адамның ішкі дүниесімен үндесіп жатады.

Халқымыз кестелеп тоқыған бұйымдарының түстері арқылы оған тіл бітіріп, сөйлете алған. Мәселен, көк түс-аспанның, кеңістіктің биіктігін, асқақтығын білдірсе, қызыл-оттың, күннің қызулығын; сары-дәулеттің, байлықтың; ақ-адалдықтың, парасаттылықтың, ақылдылықтың; қара қоңыр-жердің, топырақтың; жасыл-жастықтың, көктемнің белгісі ретінде қараған. Түсті спектр жеті нақты түстен тұрады: қызыл, алқызыл, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Екі түстің араласуымен шығатын түстер болады. Мысалы: ақшыл көк түс – ол жасыл мен көктің арасындағы түс. Мұндай түстерді аралық түстер деп атаймыз. Жоғарыда айтылып кеткен түстердің барлығында өздеріне тән

аралық түстері бар. Олардың барлығының саны 12-ні көрсетеді. Жұмыс істеуімізге ыңғайлы болу үшін олардың әрқайсысын нөмірлейміз: күлгін – қызыл – 1, қызыл – 2, қызыл – қызғылт – 3, қызғылт – 4, қызғылт – сары – 5, сары – 6, сары – жасыл – 7, жасыл – 8, жасыл – көк – 9, көк - 10, көк – күлгін – 11, күлгін – 12.

Дұрыс таңдалған түстер бір-бірімен көз тартатындай үйлесе алады және тартымсыз түстер де үйлесе береді. Дегенмен, кез келген түстерден кестеленген жұмыс көзге сүйкімсіз көрінеді. Жұмыс талапқа сай орындалу үшін түстер үйлесімді, тартымды болуы қажет. Ол үшін түстерді бір-бірімен жақсы үйлесетін төрт аралыққа бөлеміз.

I жиынтық – қызыл, сары, көк (2-6-10)

II жиынтық – сарғыш, қоңыр, жасыл, күлгін (4-8-12)

III жиынтық – күлгін, қызыл, сарғыш, қоңыр, сары (1-5-9)

IV жиынтық – қызыл – қызғылт, сары – жасыл, көк – күлгін (3-7-11)

Спектордың әр түсі қанық, орташа, ашық болады. Егер негізгі болып саналатын спектордың орташа түсін алатын болсақ, онда ашық және қанық түстері оның реңкі болып табылады. Мысалы: қызыл түстің реңкі – қанық қызыл және ашық қызыл болып саналады, ал көк түстің реңкі боп – қанық көк және ашық көк саналады.

Бұйым өңімен көптеген түстердің үйлесуі кесте тігуде ең басты шарт болып табылады. Осы барлық түр-түстерді екі топқа бөлуге болады: хроматикалық және ахроматикалық (грек тілінде *chroma* – түс, а-емес). Хроматикалық түске ашық түстер жатады: негізгі – қызыл, сары, көк және аралық түстер – жасыл, сия түсті, алқызыл. Аралық немесе қосымша түстер араласы екі негізден алынады: алқызыл – қызыл мен сарыдан, жасыл – сары мен көктен, сия түсті – қызыл мен көктен. Ахроматикалық – түссіз – ақ, сұр, қара түстер. Сонымен қатар түссіз немесе аралық түсте, яғни ашық түстілер онша көрінбейтін, түссізге тән. Хроматикалық түстер жылы және суық түстерге бөлінеді, яғни от және күн тәріздес – сары, қызыл, алқызыл; суық түстерге көк, жасыл, сия көк. Ең суық түске – көк, ең жылы түске – қызыл жатады. Түстердің ашық және қою болуы, бұл түс үйлесімділігі деп аталады. Хроматикалық түстер өңіне, бір түске қатысты, ал түрлі түстер бір-біріне қоюлығымен немесе ашықтылығымен байқалады. Ахроматикалық түстер ашық немесе аққа жақын болып табылады. Қол тігіске тек ашық түстер ғана емес, сонымен қатар, аралық түстерді де пайдалануға болады. Бұл түстер үйлесімділігі жылы және жұмсақ келеді. Матаға түстер ритмикалық қайталанып отырады. Халық арасындағы шығармашылықта түсті өрнектер белгілі. Жақсы үйлесетіндері: қызыл – қарамен, сарымен, сұрмен, қоңырмен, алқызылмен, көкпен, ақпен, көк сұрмен, көгілдірмен, қоңырмен, сарымен, алтын түспен; сары – қоңырмен, қарамен, сұрмен, қызылмен, алқызылмен, көгілдірмен, көкпен, сия көкпен; жасыл – қою сарымен, салат түсті сұрмен, сарымен, қарамен, қоңырмен, алқызылмен; көк – сұрмен, сарымен, қарамен, алқызылмен.

1. Кестелеуде қолданылатын құрал-жабдықтар. Матаға суретті түсіру

Кестелеу барысында адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, жұмысы жедел орындалуы үшін жұмыс орны ыңғайлы, жанға жайлы болуы керек. Кестелеуде қолданылатын кесте жіптерінің түрлері, матаның қиындылары, түрлі-түсті қағаздар мен қарындаштар, өлшейтін сантиметрлік таспа, сызғыш, қайшы, түйрегіштер, оймақ, инелер жиынтығы т.б. адамға ыңғайлы болатындай жағында тұрады.

Кестелеуге арналған мата зығырдан, мақтадан, жүннен болғаны дұрыс. Егер мата түрлі-түсті болса онда бояуының мықтылығын тексерген дұрыс. Ол үшін матаны сабын қосылған суда қайнатып көру керек. Егер қайнаған соң судың түсі ашық болсаматаны пайдалануға болады. Жіптеріміз таңдалған матаға және тоқылатын бейнеміздің стиліне сәйкес келуі қажет. Мақта, жүн, жібек, синтетикалық жіптерін қолдануға болады. Түрлі түсті жіптердің бояуының сапасына күмәніңіз болса, онда бояудың тұрақтылығын тексереміз. Түрлі жіптерді ақ матаның қиындысына орап қайнатамыз. Матада бояудың ізі болмауы керек.

Кестелеуде мулине жіпті қолданған дұрыс. Олар матаға жақсы үйлеседі және түрлі түстері өте көп, бұл кестелеу үшін өте қолайлы. Жібіңіз ыңғайлы болып, шатаспас үшін жіпті ортасынан бөліп, өріп қоямыз. Шетінен керекті жіпті суырған ыңғайлы. Жіптің түстері күннің ыстығына, суда өзгермейтіндей біркелкі боялған, тартқанда үзілмейтіндей сапалы болуы керек.

Инелерді қобдишасымен алған дұрыс, өйткені кестенің әр түріне иненің №1-ден №8-ге дейінгі түрлері қолданылады. Ең жіңішке инелермен жұқа маталарды кестелейміз (шифон, маркизет, батист, жібек т.б.). Жуандығы орташа болатын №4,5-ші инелер полотнолық және жүннен жасалынған маталарды кестелеуде қолданылса, жуан №7,8-ші инелер қалыңдау маталарды кестелеуде қолданылады. Иненің ұзындығын жұмысына байланысты кестелеуші адамның өзі таңдап алады, өйткені біреуге қысқа немесе ұзын инемен жұмыс істеу ыңғайлы.

Матаны біркелкі ұстау үшін кергіш өте қажет. Пластмасса, ағаш немесе темірден жасалынған кергіштер дөңгелек не төртбұрышты болуы мүмкін. Олардың қатайтатын, үлкейтетін бұрандасы бар.

Қайшының екі түрі қолданылады. Кішкентай қайшыны жіптерді қырку үшін, ұнамаған жерлерде жіпті сөгуге пайдаланамыз. Ал үлкен қайшыны матаны қырқып, ретке келтіру үшін қолданамыз.

Оң қолдың ортаңғы саусағына шақ етіп оймақ таңдап аламыз. Ол саусақтан түсіп қалмайтындай және инеден қолды қорғайтындай болуы керек.

Сантиметрлік таспаны (сызғышты) матаны өлшеуге, матадағы суреттің көлемін реттеуге, суретті торларға бөліп үлкейтуге немесе кішірейтуге қолданамыз.

Миллиметрлік қағаз санақты кестеде матаға геометриялық өрнектерді түсіруде көп қолданылады, калька суретті матаға көшіру үшін пайдаланылады.

Матаны жуып, үтіктеп кестелеуге арналған бөлігін қиып аламыз. Матаның ортасына суреті түседі. Суретті үлкеннен кішкентайға, кішкентайдан үлкенге ауыстыруға болады. Ол үшін суретті тік бұрыштың ортасына орналастырамыз. Тік төртбұрышты бірдей төртбұрыштарға бөлеміз де, тігінен және көлденеңінен сандармен белгілейміз. Таза параққа керек болған көлемдегі тіктөртбұрышты сызып аламыз және бірінші суреттегідей төртбұрыштарға бөлеміз де, оларды сандармен белгілейміз.

Егер суретті үлкейтсек онда, бұл бұрыштар нақты көлемінен үлкен болады, ал кішірейтсек көлемі кіші болады. Суреттің өзін торкөздегі нүктелер арқылы келесі бөлікке бірдей етіп көшіріп әр нүктені түзу, қиғаш сызықтармен қосып үлкейтілген немесе кішірейтілген бейнесін аламыз. Суреттегі нүктелерді тез табу үшін сызылған торкөздің екі жағын сандармен белгілейміз. Мына суреттегі бейнені үлкейту үшін оны үлкейтілген төртбұрыштарға көшіреміз. Торкөздердің өлшемі өрнекте көрсетілген. Қатты қағаздан суретті калькаға көшіреміз. **Кальканы** суреті бар парақ бетіне қойып сызық бойымен көшіреді. Сосын суретті калькадан матаға көшіреді.


Түкті маталарға суретті **трафарет** арқылы түсіруге болады. Ол үшін жұмсақ заттың үстіне таза парақ орналастырып, оның үстіне суретті қоямыз. Суреттің шеттерін бізбен немесе инемен әр 2-3 мм сайын тесіп шығамыз. Трафаретті аздап **керосинге** батырылған мата кесіндісімен сүртіп шығамыз да, кестелейтін матаның үстіне қоямыз. Жылжып кетпес үшін мұқият түйрегіштермен шеттерінен бекітіп шығамыз. Бұдан соң керосинге **синька** қосылған қоспа жасаймыз. Оның қоюлығы қаймақ сияқты болуы керек. Мақтадан жасалған **тампонды** дәкемен ораймыз, жасалынған қоспаға батырып **трафаретті** сүртеміз. Тесіктер арқылы қоспа матаға бейнені нүкте түрінде түсіреді. Егер қара түсті матаға бейнені түсіру қажет болса, керосинге бор араластыру керек. Бұл тәсілмен өрнек матаға дәлме-дәл түсіріледі.

Жұқа, мөлдір маталарға суретті шиша астынан **жарық** түсіру арқылы көшіруге болады. Ол үшін, шиша үстіне өрнек салынған кальканы қойып, оның үстінен матаны жаямыз. Шиша астынан жарық түсіргенде мата бетінде сурет кескіні пайда болады, жұмсақ қарындашпен суретті салады.

3.2. Кестенің түрлері. Жай тігістер.

Ине алдына шаншымын тігу. Ең қарапайым және жеңіл орындалатын бұл тігіс, ұзынды қысқалы болып оң жақтан сол жаққа орындалады. Қосымша көмекші сызықтарды тігуге, өрнектің кескінің және өзіндік сәнді тігістерді тігуге арналған. Тігістің ұзындығы, жиілігі және арақашықтығы өрнектің түсуіне байланысты. Мәселен, өрнектің кескінін бір-бірімен сәйкестіндіріп тіккен кезде, тігістің ұзындығы 1-2 мм, сәнді тігістерді орындаған кезде беткі тігістің ұзындығы 8-10 мм, теріс беті – 1-2 мм болады. Ине шаншым алды тігісімен гүлдер мен жапырақтардың жиегін немесе суреттің қамтылған орнын

түгел жиектеу арқылы киімді әрлеуге, сонымен бірге сулықтар мен жастықшалар, панноны тігуге болады(1-сурет).




1-сурет

«Шнурок» және «вилюшка» тігісті кестелер. Бұл тігістермен көйлектің




қалтасын, кеудесін әшекейлеуге болады. Шнурок тігісі рельефті, дөңесті болып келеді. Оны екі кезеңде орындайды:



1. Инені алға салу әдісімен өрнектің кескінін, олардың арасындағы тігістердің арақашықтығы тігістің ұзындығынан **2, а-сурет** екі есе кем болатындай етіп орындайды. Кестелейтін жіп матаның жіпшелерінен азырақ тартылуы тиіс.

2. Матаны теспей, жатқызылатын тігістерді жуан жіппен, үнемі төменнен **2,ә-сурет** жоғары бағытта шаншып тігіледі (2, а-сурет).




Жылан тәріздес вилюшка тігісі инені біресе жоғары, біресе төмен шаншу арқылы тігіледі. Сызықтардың қиылысқан жерін ілмекпен әдемілеуге немесе моншақ тігіп қоюға болады (2, ә-сурет).

Сәнді жолақты тігіс «инені алға салу» әдісімен бірнеше қатарларды әртүрлі әдістермен орындау арқылы тігіледі.

1 нұсқа.

1. Матадан екі жіпшесін, арасын 8 мм етіп шығарып алу керек.



2. Матаның оң және теріс беттерінде «инені алға салу» әдісі арқылы суырылған жіпшелердің ізімен өлшемін

3, а-сурет 3 мм етіп, шахмат жүрісімен

тігістер орындалады.


3. Негізгі жібін теріс бетінде орнатып, оны матаның оң бетіндегі төменгі қатардың бірінші тігісінің жанына шығару қажет (3, а-сурет).

2 нұсқа.

1. Матадан арасы 4 мм етіп екі жіпше шығарылады.

2. Олардың ізімен матаның оң және теріс бетінен 2 мм етіп, «инені алға салу» әдісімен тігіс жүргізіледі.

3. Негізгі жіпті теріс бетіне орнатып, содан кейін оң бетіне бірінші жоғарғы тігістің жанына шығару керек (3, ә-сурет).




3, ә-сурет

3 нұсқа.

1. Матадан арасы 8-10 мм қалдырып үш жіпше шығарылады.

2. Олардың ізімен матаның оң және теріс бетінен 3 мм етіп, «инені алға салу» әдісімен тігіс жүргізіледі.

3. Негізгі жібін теріс бетінде орнатып, оны матаның оң бетіндегі екінші қатардың сол жағындағы тігістің жанына шығару қажет.




4. Екі үстіңгі және екі төменгі тігісті жүргізіп, инені екінші қатардағы бірінші тігіске апарады.

5. Инені екінші қатардың екінші тігісінен оң бетіне шығарып, кестелеуді жалғастырады (3, б-сурет).

Санап кестелеу

3, б-сурет

«Роспись» кестесі немесе санақты кесте – санақты тігіс, оның тігістері матаның оң және теріс бетінде бірдей суретті қалыптастырады. Бұл ең көне тігіс болып табылады. Бұл кестені жіп оңай суырылатын матаға кестелейді. Санақты кесте «инені алға салу» әдісімен екі кезеңде орындалады:




4, а-сурет

остік сызықты табады, шығарылады. Бірінші

1. Негізгі жіпті матаның оң бетіне шығарып, төменнен жоғарыға қарай қиғаш тігіс жүргізеді, содан кейін инені теріс бетіне шығарып, жоғарыдан төмен бағытта инемен теріс тігіс орындайды.


2. Негізгі жіпті иненің қозғалысымен кері бағытта, яғни оңнан солға қарай матаның оң бетіндегі тігістер арасындағы бос аралықты толтырады. (4, а-сурет)



Күрделі өрнекті салғанда одан әртүрлі жіптер қатарды кестелеген кезде осы

сызықтың сыртқаи жағында орналасқан фигураларды орындайды, ал кері бағытта тігістер арасын толтырған кезде кескін ішіндегі фигураларды орындайды. (4, ә-сурет)


Айқас кесте (Крест) – бұл өте кең тараған қарапайым кесте. Айқас кестені негізінен арнайы матада тоқыған жөн, яғни жіпшелерін оңай санауға арналған матаны қолданған дұрыс. Жіптің жуандығы айқастың көлеміне байланысты. Кестелеу барысында үстіңгі негізгі тігістің бір бағытта түсіп отыруын бақылау керек. Бұл кестені үш түрлі тәсілмен тігуге болады.



1. Матаның теріс жағынан тік тігіс түсіру. Бір қатарды солдан оңға қарай жартылай айқастырып тігіп шығады. Осына кері бағытта қайталайды. (5, а-сурет)

2. Матаның теріс жағынан көлденең тігіс түсіру.

Оңнан солға қарай тұтас айқас тігіс тігіп шығады. Содан кейін теріс жағынан инені сол жаққа өткізіп, араға бір бүтін айқас тігіс қалдырады да инені оң жақ бетіне шаншып шығарады. (5, ә-сурет)



3. Көлбеу айқас тігісі. Кестелеуді төменнен жоғары қарай бастап тігеді. (5, ә-сурет)

Егер айқасты жоғарыдан төмен бағытта орындайтын болса, онда жұмысты сол бұрышынан бастау керек, яғни инені жоғардан төменге қарай енгізеді. Күрделі өрнекте барлық төменгі қатарды бір түспен орындайды, ал кейін оларды кері бағытта сәйкестіреді. Бұл кезде теріс жағында айқастан айқасқа ауысулар не тігінен не көлденеңінен орындалады. Оны дұрыс орындау үшін, күрделі өрнекте әдетте алдымен үстіңгі көлбеу тігісті орындайды, кейін оған инені жалғап, жіпті созып төменгі тігісті орындайды. Тек бұл жағдайда ғана теріс жағында да айқастар шығады.

Дұрыс формалы айқастарды алу үшін үстіңгі тігістерді орындаған кезде, инені тігістердің тесіктеріне алып бару керек.


Екі жақты айқас – бұл оң және теріс жақтары бірдей бұйымдарда орындалады. Бұл кестені екі кезеңде орындайды. (6-сурет)

1. Көлбеу тігістерді төрт жақты бағытта орындайды.

2. Кері бағытпен бос кеңістікті толтырады.


3. Оңнан солға қарай бір тігіс арасын қалдыра отырып, айқастарды орындайды.

4. Кері бағытпен тастап кеткен айқастарды толтырады.




6-сурет

Қосқабат айқас немесе болгар кестесі – төрт шалу арқылы орындалады: екі көлбеу және екі бірдей перпендикуляр шалулардан тұрады. Ең бірінші қиғаш айқас жасап, кейін үстінен астына қарай тігінен, солдан оңға қарай көлденең шалынады. Негізгі болгар айқаспа кестесі сулықтар, панно, жастықтар, кілемшелер, төсеніштерде пайдаланылады. (7 сурет)




7-сурет



Санап тігілетін кесте – матаның жіпшелерін санау арқылы орындалады. Кестелеу параллельді тігістер арқылы орындалады, олар бір-біріне жақын орналасуы керек. Кестелейтін жіп жуандау болуы керек, өйткені ашық жер қалмай, жиі тігіледі. Тігістің тік, көлденең және қиғаш


8, а-сурет болып әр түрлі тусуі мүмкін. Түзу тігістер матаның негізгі бойымен өтеді, ал қиғаш тігістер әртүрлі бағытта солға немесе оңға қарай орналасады. Тік түскен тігістің саны мен биіктігінің алмасып келуі ирек – ирек өрнек түсіреді (8, а-сурет), ал тік және көлденең тігістердің алмасып келуінен басқа бір өрнек туады (8, ә-сурет). Кестелеуді солдан оңға қарай жүргізеді. Инені матаның оң жақ бетіне шығып



8, ә-сурет жоғары қарай бір тігіс түсіреді. содан кейін матаның астына түскен инені алғаш шанышқан жермен деңгейлестіре, оң жаққа қарай әкеліп, жаңа тігіс түсіреді.

Санап тігілетін кесте үшін өрнек міндетті түрде ірі болуы тиіс, мәселен жапырақтар, гүлдер, олардың кескіндерін арнайы өрнекпен орындайды, ал қалған барлық элементтерді атласниктермен толықтырады.

(8, б-сурет)




8, б-сурет

Атласниктер – ақ матада ақ жіптермен орындалатын матаның өңделу эффектісін құрайтын кестенің бір түрі. Атласниктер кіші шаршылардан,


үшбұрыштардан, тікбұрыштардан және басқа да геометриялық фигуралардан тұрады. Олармен кескіндік суреттерді толтырады.

Тісшелі атласникпен тігінен арасына матаның бір жіпшесін қалдыра отырып орындайды.




1. Жіпті матаның оң бетіне шығарады.
2. Матаның екі жіпшесі арқылы бірінші тігінен түсірілген тігісті орындайды.
3. Инені бірінші тігістің екі жіпшесінен төмен бағытта матаның оң жақ бетіне шығарып, матаның төрт **9, а-сурет** жібі арқылы төменнен жоғарыға қарай тігінен екінші тігісті жүргізеді.
4. Үшінші тігісті матаның алты жіпшесінен кейін орындайды.
5. Төртінші тігісті, ең ұзын, сегіз жіпшесі арқылы өткізеді.
6. Сол тәртіпке байланысты кейінгі екі тігістің ұзындығы матаның екі жіпшесіне сәйкес азаяды (9, а-сурет).

Үшбұрышты атласникпен көлбеу қатарларды кестелейді.



1. Бірінші көлденең тігісті матаның екі жіпшесі арқылы солдан оңға қарай орындалады.
2. Соңғы, ең ұзын тігіс матаның он екі жіпшесін жауып тұратындай болуы үшін, әрбір келесі тігіске матаның бір жіпшесін қосып отыру керек.
3. Бір үшбұрышты бітірген соң, төменде **9, ә-сурет** жатқан кішкентай тігістің жоғарғы жағына матаның бір жіпшесі арқылы тігінен оңнан солға қарай өтеді және келесі біреуін бірінші үшбұрыштан көлденеңінен ала жүреді (9, ә-сурет).



Тік және көлденең тігісті атласниктерді келесі әдіс арқылы орындайды:



1. Матаның сегіз жіпшесі арқылы төменнен жоғары қарай төрт тігінен тігіс жүргізеді.
2. Матаның екі жіпшесін ұзындығына және бір жіпшені еніне жібере отырып, инені жоғарыдан төмен бағытта жүргізеді, және матаның екі жібін қалдыра отырып, солдан оңға қарай үш көлденең тігіс жүргізеді.
3. Матаның екі жіпшесін ұзындығына және бір жіпшені еніне жібере отырып, инені жоғарыдан төмен бағытта жүргізеді және келесі топты төрт тік тігістер арқылы орындайды (9, б сурет).

Сәнді тігістер

Сабақты кесте – кең таралған кестенің бір түрі. Олай аталуының себебі әдетте онымен гүлдің сабақтарын кестелеген. Бұл сәнді тігісті солдан оңға қарай тігеді. Тіккен кезде ине кері шаншылады, яғни әрбір жаңа тігіс осылайша түседі. Жіпті бекітіп, инені матаның кесте түсетін бетіне шығарған соң оған 2-4




жіпті іліп алу керек. Жіпті шығарып алған соң алған соң инені қайта шаншып, алғашқы тігіске қанша жіп алынса, сонша жіп іліп алады. Тігістердің біркелкі болып түсуін қадағалап отыру керек. (10-сурет)

Шеттік немесе ілмекті тігіс – бұйымның шет тігісін торлауға және ілмектерді жүргізуге арналған. Бұл тігіс сол жақтан оң жаққа ілмекті болып алынады. Матаны түзуінен ине арқылы жоғарыдан төменге шаншу арқылы жоғарыдан төменге шаншу арқылы алынады. Бұл кезде жіп, ине астында қалып отырады. Жіпті ілмек пайда болғанша тартады. Тігіс биіктігі кесте бедер өрнегінің жиектемесіне немесе алдын ала салынған жіптермен анықталады. Бұл тігістерді тығыз немесе сирек етіп алуға болады. (11-сурет)

Шынжырлы тігіс – басты тігістер негізінде тігілетін, өте қарапайым тігіс. Көлемі біркелкі ілмектер шынжыр секілді біріне-бірі тіркесе тігіледі. Шынжырларының формасы мен көлемі әр түрлі болып келеді.

Бірінші әдіс.

1. Инені суреттің дәл басына апарып, матаның бетіне шығарады.
2. Негізгі жіпті сол қолдың басбармағымен басып тұрып, инеден солға қарай төмен жағына орнатады.
3. Инені негізгі жіп шыққан жерге жоғарыдан төмен перпендикуляр бағытта, матаның төрт-бес жібін ілгізіп оң бетіне шығарады. Негізгі жіп иненің астында болуы тиіс.
4. Негізгі жіпті сол қолдың басбармағынан жіберіп, қалыптасып жатқан ілмекті тартып алады, ол дөңес пішінін сақтауы тиіс.
5. Қайтадан негізгі жіпті сол қолдың басбармағымен басып тұрып, инені




12, а-сурет

матаның астыңғы бетіне қарай шаншиды да, теріс бетінде тігінен тігіс жүргізеді. Жоғарыдан төмен қарай инені беткі жағына шығарып, ілмекті аз ғана тартып алады. (12, а-сурет)

Екінші әдіс.

1. «Инені алға салу» әдісімен екі тігіс – біреуі матаның оң бетіне, біреуі теріс бетінде жүргізіліп, инені матаның беткі жағына шығарады.
2. Матаны теспей, бірінші тігісті іліп алып, оның астынан негізгі жіпті өткізеді де, инені үшінші нүктеге кіргізіп қояды.
3. Негізгі жіпті бірінші дөңгелек ілмек пайда болу үшін тартып алып, соған сәйкестендіре отырып екінші тігісті орындайды.
4. Бірінші ілмектің астына негізгі жіпті өткізіп, кестелеуді жалғастырады.

Шынжырлы тігісті орындаған кезде тек қана инені қолданып қоймай, сонымен бірге тоқитын ілгекті қолдануға болады, ол жұмысты едәуір жеңілдетеді. Бірақ мата жіңішке болуы тиіс. (12, ә-сурет)



12, ә-сурет

Қолданылатын жіптер ақ, әртүрлі болуы мүмкін. Ақ түсті жіп өрнектің анық көрінуі үшін, жұқа маталармен жұмыс істегенде, ал түрлі-түсті жіпті жұқа да, қалың да маталарда қолданады.


Екіжақты шынжырлы тігіс – кең және бедерлі болып келеді. Оны кесте тоқитын инемен тігеді.

1. «Инені алға салу» әдісімен екі тігіс жүргізеді. Біреуі матаның оң жақ бетінде, екіншісі теріс бетінде орындалады.

2. Бірінші тұйықталған ілмекті орындап, теріс бетіндегі тігісті орындайды да, инені беткі жағына шығарады.


3. Екінші және ең үлкен ілмекті орындау үшін инені бірінші тігістің астынан өткізеді. Үлкен жартылай ілмектің ортасынан үлкен ұзартылған ілмек пайда болады.

4. Келесі ілмектерді орындай отырып, оларды алғашқы орындалған ілмектердің ортасынан іліп алады. Осылай ұзартылған шынжырлы ілмектер пайда болады. (13-сурет)




Шынжырлы ілгек. Шынжырлы тігіспен тек қана тізбекті орындап қана қоймай, сонымен бірге жеке ілгектерді де орындауға болады. Әрқайсысын жеке тігіспен бекітіп, матаның оң жақ бетіне теріс бетіне шығарып тесу арқылы ілгектерді тігуге болады.

Мұндай тігісті **шынжырлы ілгек тігісі** деп атайды. Тігістер әртүрлі ұзындықта болуы мүмкін, яғни кестелейтін жіптің жуандығынан бір сантиметр текшеге дейін. Шынжырлы ілгек тігісімен гүлдер мен гүлдің жапырақтарын кестелеуге болады. Кестелеуді ішкі жағынан диаметрін 4-5 мм етіп алып, гүлдің ортасы мен жапырақ негізі бір сызықта орналасатындай етіп орындау қажет. (14-сурет)



Шырша тәріздес тігіс – бұл сәнді тігістің бір түрі,




жартылай ілмекпен орындалады. Оны жоғарыдан төмен бағытта кестелейді. Шырша тәріздес тігістің қарапайымнан күрделіге шейін түрлері бар. Шырша біржақты, екі жақты, үшжақты болуы мүмкін. Тігілу барысында инені біресематаның оң жақ бетіне, біресе сол жағына кіргізіп шығару арқылы орындалады. Осыған сәйкес ілмекті жасай отырып, жіп әрдайым иненің астында қалып отыруы тиіс.

«Козлик» тігісі – солдан оңға қарай бағытталып орындалатын сәнді тігіс.

Бұл тігіс матаның оң жақ бетіндегі айқастырырылған

тігістер мен теріс бетіндегі екі параллель тігістерден тұрады.

«Козлик» тігісін төменнен жоғарыға қарай немесе кері бағытта бірінен соң бірін жүргізу арқылы орындайды. Ине үнемі ұшымен солға қарай бағытталады, ал әрбір жаңа тігіс келесінің үстіне жатады. (16-сурет)




1. Негізгі жіпті матаның оң жақ бетіне төменінде сол жағынан суреттің басына шығарады.

2. Бірінші көлбеу тігісті жоғарыдан сол жағынан, ал төменінде оң жағынан жүргізеді. Содан кейін көлденеңінен матаның 4-6 жібін санап алып, инені матаға кіргізіп, оң жақ бетіне шығарады.

3. Екінші көлбеу тігісті жоғарыдан сол жағынан, ал төменінде оң жағынан жүргізеді, инеге мата жіпшелерінің санын ілгізіп отыру керек.


4. Үшінші және келесі тігістер дәл осы әдіспен орындалады.



Барқыт тігісі. Бұл тігіс оң жағынан қарағанда айқаспа тігіске, теріс бетінен екі қатарлы параллель түскен ұзын, ұсақ тігіске ұқсас. Барқыт тігісінің сапасы қиғаш түскен тігістердің арасына байланысты. Жіпті сол жақтың төменгі қатарына бекітіп, содан кейін матаның оң жағынан оңнан

солға қарай инені жоғары алып жіпті тартады. Осыдан қиғаш тігіс пайда болады. Екінші тігісті солдан оңға қарай жасап, төменгі сызықтағы инемен бекітеді. Қиылысқан орындардағы жаңа тігістер алдыңғы тігілген көлденең тігістің үстінде жатады. (17-сурет)

Рококо мен түйін.



«Рококо». Мұндай кестемен тек өсімдік бейнесін ғана түсіруге болады. Оның формасы дөңестеу болып, бедерленіп түседі. Кестелеуге мулине, жүн, синтетикалық жіптер қолданылады. Тігілу әдісі мынадай: теріс жағынан бекітіп, инені оң жағынан шығару керек. Содан кейін инені матаға шаншып, иненің ұшына жіпті орайды. Оралған жіпті

саусақпен басып тұрып, инені сол арқылы шығарып алады. Инені қайтадан матаға шаншып, теріс жағына шығарып алады. Кестенің көлемі инеге оралған жіптің орам санына байланысты.

(18-сурет)


Жеке түйіндерді келесідей кезеңдер арқылы орындайды:

1. Негізгі жіпті бекітіп, оны матаның оң жақ бетіне шығарады. Жұмыс кезінде иненің ұшы көлденеңінен солға қарай алынады.

2. Матадан шыққан жіптің соңын сол қолмен инеге, өзіне кері бағытта бір-үш рет орайды.

3. Сол қолдың басбармағымен негізгі жіпті ұстап тұрып, инемен матаны теседі, содан кейін матаның 1-2 жібін қалдырып, оң жақ бетіне шығарады.

4. Негізгі жіпті солға қарай тартып, ілінген жіпшелерді ине бойымен тегіс әрі тығыз орнатады.



5. Негізгі жіпті теріс бетіне тартып, оны сол қолдың басбармағымен жіптерден шығарады. Түйін мықты болып шығуы үшін оны қосымша тігістермен бекітеді.

6. Екінші және келесі түйіндерді орындау үшін, инені матаның оң жақ бетіне шығарып, тоқылған түйіннен 1, 5-2 см оңға қаратады. Негізгі жіппен инені айналдырып орайды да, оны жасалынып болған түйіннің жанына алып барып тесіп өтеді. Түйіннің биіктігі иненің жуандығына, жібіне байланысты болып келеді. (19-сурет)

Түйінді тігіс, екі жақты түйін – жеңіл матадан жасалған бұйымдарды жіңішке жіппен, ұсақ тігістермен тігуге арналған тігістің түрі. Жоғарыдан төмен немесе солдан оңға қарай бағыттталып орындалады.


1. Негізгі жіпті бекітіп, матаның оң жақ бетіне шығарады.

2. Негізгі жіпті өзінен жоғары бағытқа жіберіп, қиғаш тігіс жүргізеді (1-2), инені матаның оң жақ бетіне тігістің ортасындағы 3 нүктеден шығарады.

3. Қиғаш тігісті негізгі жіппен айналдырып, жоғарыдан төмен қарай, инемен матаны алмай отырып тігіледі.


4. Қиғаш тігісті жоғарыдан төменге қарай ілмекті тігіспен айналдырып отырып тігіледі. (20-сурет)

Бұл түйінді тігіспен әртүрлі бұйымдар мен киімдердің жиегін кестелейді.



Шым кесте

Шым кестемен кестелеу – бұл өрнекті толық немесе жартылай әртүрлі тігістермен алдын-ала түсірілген өрнек бойынша орындалады. Шым кесте тігістері матаның жіптерінің бағытына байланысты емес, сондықтан әртүрлі матаны қолдануға болады. Шым кестемен өсімдік жапырақтарын, гүлді, сондай-ақ геометриялық ою-өрнектер кестеленеді.



Жай бекітілген шым кесте – әдетте түрлі-түсті көріністе, түрлі-түсті мулине жібімен екі-үш қабатта орындалады. Тігістер бір бағытта немесе өрнек формасы бойынша орналасуы мүмкін. Өрнектің бір бөлігін толтыру үшін жиектің бір жағынан екінші жағына дейін ұзын тігісті жүргізеді

және кері бағытта жіпті ұсақ тігістермен бекітіп отырады.

Кестенің басына қарай жүргенде, бекітілген тігістің жанына келесі екінші тігісті жүргізіп, дәл осылай бекітеді. Тігісті осылай жалғастыра береді. (21-сурет)

Көркем шым кесте – бұл кестемен тек өсімдік суретін ғана емес, шағын пейзажды бейнелеуге де болады. Осы кестемен кестелегенде бір түсті жіптің бірнеше түрі бір-біріне баяу ауысып, құлпыра өзгеріп отырады. Ол үшін бірінші түстің тігісінің ұзындығын әр түрлі ету керек. Содан кейін екінші түсті жіппен кестені жалғастырады, бұл тігістердің ұзындығын да әр түрлі етіп, алғашқы тігістен қалған.



Бисер тоқу өнері

Жоспар:

1. Бисер – ежелгі және мәңгілік әшекей зат.
2. Бисерді тоқу әдісі.

1. Бисер – ежелгі және мәңгілік әшекей зат. **Бисер** сөзі араб сөзінің «**Бусра**» және «**Бусер**» сөзінен алынған. «**Бусра**» және «**Бусер**» сөзінің мағынасы «**жасанды маржандар**» деген мағынаны білдіреді. Бисердің шығу тарихы шыныны игеру кәсібімен тығыз байланысты. Әлі күнге дейін шынының бірінші қай жерде қалай шыққандығы жайлы нақты мәлімет жоқ. Алайда шыныны игеруге байланысты туған бірнеше аңыздар бар. олардың бірінде шынының шығу тарихын финекейлік көпестер ашқан делінген.

Бисер – ежелгі және мәңгілік әшекей зат. Оның сурет өнерінен, кестеден, маталардан айырмасы, ол өзінің түрін, түсін, тазалығын еш уақытта жоғалтпаған. Ол біздің ата – бабамыздың тұрмыстық үшін, олардың талғамын жеткізеді. Бисер туралы айтқан кезде мынадай жасалған затты айтқандай болады. Бұл шындық өйткені моншақ пен бисерді мынадан жасайды, бірақ бисер жасауға темірді, фосфорды, пластмассаны пайдаланады. Солтүстік өлкедегі адамдар бисерді өздерінің әдеп ғұрыпына жатқызады. Бисерлер саудада жоқ кезде жергілікті шеберлер оны мамонттың сүйегінен жасаған. Ал Қытайлықтар бисерді фосфордан жасаған. Көп елдерде бисер мен моншақтарды темірден жасаған. Мысалы: б.з.д. III-II мыңжылдықта пендияда мыстан жасалған моншақтар анықталған. Африкада, Америкада, Индияда моншақты бағалы темірлерден жасаған. Мысалы: Мапушгубе (Зимбабве) «корольдер қабірінде» сақталған 12 мың алтын моншақпен көмкерілген сүйек табылды. Мексикада моншақтар тек дөңгелек емес, сонымен қатар жолбарыс тісті формада. Мысалы: Индияда алтын мен күміс моншақтарды әлі де шығарады. Еуропада бисерлер XIX ғасырда танымал болды. Ол Бисер деген

атаққа ие. Бисерлерді өңдеп, жылтыратып белгілі бір форма берді. Металдан жасалған бисерлерді Францияда, Германияда жасады. Ең жақсы жасалған бисерлер ағылшындық, Ресейде кеңінен қолданылды.



2. Бисерді тоқу әдісі. Тоқу әдісі қиын емес. Оны оңай игеруге болады, ол үшін бізге қарапайым станок керек. Оны оңай жасап алуға болады. Осы ағаш жақтарының екі жақ қарама – қарсы басына шеге қағылады. Шегенің ара қашықтығы бисердің енімен бірдей болуы керек. Шегелердің арасынан жіп тартылады.

Негізгі арқау жіп тартылады. Арқау жіпке мықты жібек немесе лескі алуға болады. Бастапқы кезде үйрену үшін жібек жіпті қолданған дұрыс, өйткені лескі жақсы көрінбейді. Станоктың ұзындығы арқау жіптің ұзындығы болашақ жасалынатын өрнектен ұзынырақ болуы шарт, өйкені шешкенде оның аяқ жібін бекіту керек. Тоқығанда өрнектер, суреттерді X немесе төрт бұрышты торланған қағазға салынады. Жіптің саны суреттегі санмен бірдей болуы керек. Оның үстіне тағы бір жіп қосылады. Өйткені суреттегі бір тор бір моншаққа тартылған жіпке сәйкес келеді. Моншақтардың ортасында арқау жіп қалып отырады. Соңғы жіп ең соңғы арқау жіпке байланып түйіледі. Жұмыс істеп отырған инеге суреттің бір қатары бойынша үстіне қарай моншақтарды жинайық, солдан оңға қарай. Ине – жіпті моншақпен жиналған арқау жіптің астына жібереміз, одан кейін оңға шығады. Содан кейін жұмыс жібін оңынан солға қарай арқау жіптің үстінен бисердің әрбір тесігінен кері қайту керек. Осылай бисерді жіптерге бекітеміз. Жұмыс инесіндегі жіпті тартыңқырап отыру қажет, жаңағыдай бисерді екінші қатар бойынша суреттегі бисерді тізіп, алдыңғы бойынша тура солай бірінші қатардағыдай қайталау керек. Осылай барлық қатар біткенше қайталана береді. Бастаған жұмыстың ортасынан бастауға да, бітіруге де болады, жұмыс біткенде жіптерді шегенің түбінен кесіп, оларды бекітеді. Шашақтар шығаруға немесе кермеге орнатуға, түрлі шашақтар

торлап жасауға, сол сияқты картоннан панно жасауға болады. Қорыта келгенде, жұмыстың жасалуына біліктілікті, білімділікті, нәзіктікті, әдеілікті, қиялы мен шеберлікті қадағаланылады.

Бисер моншақтары арқылы роза гүлін тоқу.

Бисермен тоқу жұмысы жақсы жүру үшін құрал – саймандардың түгел болуы ғана емес, жұмыс орнын да ыңғайлап алу, әсіресе, ол жерде бисерді қалай орналастыруды ойластыру қажет. Ол үшін өте терең емес (5-10 мм) тарелкеге салған да жөн, не болмаса жақтаулары өте биік емес қорапшалар пайдалануға болады. Сонымен қатар, жұмыс істелетін орын жарықпен жақсы қамтамасыз етілуі керек. Болмаса көзді ауыртып, жиі шаршауға әкеп соғады. Көзге демалыс беру үшін әр сағат сайын 10-15 минут үзіліс жасау қажет.

Роза гүлін тоқу үшін қажет заттар:

- дөңгелек формадағы ақ түсті бисер – 90-100 гр;
- дөңгелек қызғылт – сары бисер – 5 гр;
- дөңгелек ашық әйнекті жасыл – 25 гр;
- дөңгелек қою жасыл – 20 гр;
- дөңгелек ашық шыны жасыл – 10 гр;
- дөңгелек қою қызыл;
- дөңгелек ашық қызыл – 10 гр;
- дөңгелек қызыл сары – 5 гр;
- дөңгелек күлгін – 5 гр;
- дөңгелек қою қоңыр – 5 гр;
- дөңгелек ашық қоңыр – 5 гр;
- дөңгелек сары қоңыр – 3 гр;
- дөңгелек қара – 3 гр;
- лескі немесе жібек.



Бисерлеуді аяқтаған сой шетін көркемдеп безендіру керек. Рамка жасау керек немесе түрлі әдіспен шетін безендіруге болады. Жоғарғы жағын 4-5см-дей қайырып тігеміз де арасына қатты нәрсе саламыз. Беткі жағынан бисерлеп өрнек салуға болады. Екі шетінен ілгішті бисердің өзінен дайындауға болады. Төменгі бөлікке шашақтар жасап бекітеміз Рамканы ағаштан өлшемдерді алып

жасайды не болмаса дайын рамаларға салып қоюға болады. Шетін безендіру эстетикалық талғамға сай жасалуы керек.

Бақылау сұрақтары

1. Бисер қандай өнерге жатады?
2. Бисердің шығу тарихы
3. Желі жүргізу әдісі қалай орындалады?
4. Бисер тоқитын станок жасауға бола ма?
5. Тоқығанда қолданылатын суреттің мазмұны қандай болу керек?
6. Бисерді жіпке бекіту қалай орындалады?
7. Қажетті құрал-жабдықтардың тізімін атаңыз.

Төсеніш тоқу өнері

Жоспары:

1. «Шебердің қолы ортақ»
2. Тоқу өнерінің түрлері мен маңызы.

Мәтіні: Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі, өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнерін шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларын арқау еткен. Өнер туындыларының бет бедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның ортақ қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнердің алуан түрлерін ойлап тапты. Өз ұрпағының “сегіз қырлы, бір сырлы” өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа үйретіп келген.



Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнер саласының бірі. Бұл тамаша өнер қазіргі заманда жалғасын тауып, көрші халықтардың өнер шығармашылықтарымен толысып, дамып, әсемдігімен, көркемдігімен көз тартып, эстетикалық талғамда өркендей бермек.

2.Тоқу өнерінің түрлері мен маңызы.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан, ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жалғастырып, тұрмыспен бірге ұласа дамып, одан сайын жетіліп, адамдарды сұлулыққа, әсемділікке жетелеуде. Адамдардың тұрмыс хәлдері үнемі өрлеуіне сай олардың мәдени тұрмыстық тілектері өсе түсуде. Сондықтан да әр адам киген киімінің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, қайталанбас әсем ерекшелігін, даралығын таныта білуге тырысады. Міне, осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі – тоқыма. Тоқымамен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін тоқымайды: осы тоқу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемінің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу әдістерін меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Соған орай, тоқу өнері басқа да істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді. Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.

Іліп тоқуға арналған иірім жіп түрлері.

Зығыр

Мақта иірімжібі

Мохер

Жүн иірімжібі

Ангор

Кашемир

Альпак

Вискоза

Фасонды иірім жіп

Нұсқаулықпен жұмыс: Қағаздан кілемше тоқу нұсқаулығы

р\с		Құрал-жабдықтар	Сызбасы
1	Кілемшені тоқитын ақ қағазды бүктеп, ұзыншалап қию	Қайшы, карандаш, сызғыш	
2	Түрлі түсті қағаздан таспалар дайындау	Қайшы, карандаш, сызғыш	
3	1 қатарды жылы түсті таспаны аралата өткізіп, екі шетін желімдеу	Желім	
4	2 қатарды суық түсті таспаны керісінше аралата өткізіп, екі шетін желімдеу	Желім	
5	Соңғы таспаны тоқып болған соң, екі шетін иреkteп қию	Қайшы	

Ұршық – жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап. Бұл қарапайым аспап, әр елдің ұршығының сыртқы қалпы өзінше ерекшеленеді. Қазақтың ұршығы 30см шамасында сабы конус тәрізденіп келеді. Ең жуан жеріне сақина кигізілген. Оның ішкі тесігінің диаметрі – 2,5 мм, ал, сыртқы өлшемі – 30мм.

Тоқыма тоқу үшін таза жүннен, мақтадан, вискозадан, синтетикадан, жүн мен синтетикадан аралас иірілген жіптер пайдаланылады. Сондай-ақ бұрын пайдаланылған жіптерді де тарқатып, қайта пайдалануға болады. Ілмекпен тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады, жүннен, мақтадан иірілген немесе жібек жіптер, т.б.

Әдетте үстіге киетін киімдерді бастау иірген, ал дастарқан, салфетка, сумка сияқты заттарды ширақ иірілген жіппен тоқиды. Бөлшектерінің сыртқы пішіні үлгімен есепке сәйкес шалуды қосу, қысқарту, сирек те жиі тоқу арқылы жасалады.

Бақылау сұрақтар

1. Тоқу өнері қашан пайда болды?
2. Тоқу өнерінің түрлерін атаңыз.
3. Тоқу өнерінің маңызы неде?
4. Іліп тоқуға қандай жіптер арналған?

Алаша тоқу өнері

Жоспар:

1. Алаша тоқу.
2. Терме және қақпа алаша.

Алаша тоқу өнері. Алаша тоқу - қолөнердің бір түрі. Алаша – бүктеуге, жинауға, алып-салуға қолайлы мүлік. Мұны ұсталатын орнына қарай әрі енді, әрі көлемді етіп жасайды. Өрмекпен тоқылған алашаның ені әдетте 40 – 45 сантиметрден аспайды. Сондықтан бірнеше кесіндісін біріктіре құрауға тура келеді. Бұл үшін шебер тоқылған материалдың ұзына бойы мен енін өлшеп, одан кейін неше бойы кесіп, құрау қажеттігін есептейді.

Әдетте өрмек жіптерінің 35-40 сантиметрдей тоқуға келмей қырқылады. Мұны «өрмектің қырқындысы» дейді. Алашаның бойларын құрау-құрау үшін осы қырқынды жіпті пайдаланған жөн. Бұл жіптер ақ, кара, қызыл, - 4 түсті делік. Ендердің жапсар бойын осы 4 түсті жіпті кезектестіре отырып бұзау тіс тігісімен аралықтарын 1-2 сантиметрдей етіп қосымша сыналана енгізілді де алашаның көлемі үлкейе түседі.



Өрмекке жеңіл әрі жиі қолданылатын өрнектің екі түрі бар. Оның біріншіден «су» өрнегі де, екіншісі «тіс» өрнегі. «Су» өрнегін өрмектің белгілі бір шетінен ерсі жіп пен қарсы жіптің өнбойын бір түсті етіп жүгірту арқылы тоқиды. «Тіс» осы екі жіптің екеуін екі түсті түрмен жүгіртіп тоқиды.

Өрмекте мүйіз, өсімдік, геометриялық фигуралар тәрізді күнделікті өрнектер тоқу кездеседі. Мұндай тоқуды «терме» атайды. Терме өрнегіне жоғары да айтылған жабдықтарды қосымша «ілмек», «өткерме», «мәймөңке» деген жабдықтар қолданылады. Мәймөңке өте жұқа етіліп, жып – жылмағай,

бұдырсыз істеледі. Өрмек жіптерін қиып, үзіп, не шатыстырып алмас үшін мәймөңкені өте ептілікпен қолданады.



Терме тоқу

Терме тоқудағы өткермелеу, ілмектеу, мәймөңкелеу жұмыстарының барлығы да есептеп санау арқылы, әрбір ілінген жіп санын ұмытпай есте сақтау арқылы орындалады.

Термелеп тоқу әдісі қазақтың өрмек өнерінің ең көп тараған және көркем дүниелерді тоқуға ең бір қолайлысы деп саналады. Термелеп тоқу әдісі, әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде жақсы дамыған өнер. Сол сияқты бұл әдіс Өзбек, Қырғыз, Қарақалпақ, Түркімен республикаларында да айтарлықтай орын алады.



Қазақстанның Қарағанды, Павлодар облыстарында жиі кездесетін өте ертеден келе жатқан өнер. Олардың өз аймақтарына қарай, өрнек мәнерінде, тоқу

әдістерінде өздеріне тән ерекшеліктері бар. Оңтүстік Қазақстан терме тоқудың алты түрлі тәсілі бар және олардың атаулары да әр түрлі.

Қайыра теру тәсілімен тоқу құрылатын өрмектің ерсі жібі мен қарсы жібі 3 – 4 түсті бояулармен боялады да, бұлардың екеуі бірдей теріліп, өрмектің екі жағынан тоқылып шығады.

«Кежім теру» немесе «бұқар теру» тәсілі көп түсті және әр түрлі өрнектен теріліп жасалатын басқұр мен алаша тоқу үшін қолданылады. Мұндағы өрнектер ерсісі мен қарсысындағы әр түрлі жіптерден теріліп, бір жіп осы бірнеше түсті жіптерден терілген өрнектің астында бос қалып отырады. Мұндай тоқу әдістері Қырғыстанның оңтүстігінде көп кездеседі. Оны олар кейде «каджари» кейде «бұқари» деп атайды.

«Орама теру» тәсілдерімен де басқұрлар, алашалар тоқылады. Мұндай жағдайда өрмектің ерсісі, қарсысы және арқауы бәрі бір түсті жіппен құрылып тоқылады. Бұған көбінесе ақ не қызыл түсті жіптер қолданылады. Тоқу барысында әр түсті жіптерден өрнек салынып, оны жібі өрмектің ерсісіне қолмен оралып, арқаумен бекітіліп отырылады.

Бір теру тәсілі тек ғана басқұр тоқуға қолданылады. Мұндай басқұрлардың ерсі мен қарсы жібі көбінесе бірыңғай ақ жіппен, кейде қызыл жіптен құрылады да, өрнегі қызыл, қара, көк және басқа түсті жіптер теріледі. Мұның бәрін қазақтың қарапайым өрмегімен жіңішке лента тәріздендіріп тоқиды.

Тақыр тоқу немесе тақыр кілем тоқу әсіресе Қызылорда облысында көп дамыған өнер Оған түк орамай, өрнек беретін жіпті ерсі мен қарсының өз бойында бояп алады да, жай өрнек әдісімен тоқи береді. Тақыр кілемді кейде жіптерін боямай - ақ, ақ жіп пен қара жіпті кезек келтіріп тоқиды. Сөйтіп көлденең жолақ, кейде ұзын жолақ, сондай - ақ кеңірдек өрнектер тоқылып шығады.

Түктеп теру әдісімен еңсіз шағын кілем, кілем, қоржын, түрлі төсеніштер тоқылады. Мұндай өрмектің өрнектеуіш жіптері ерсі мен қарсыға аралас бойлай тоқылады. Бой жіптер қатарында тұрған өрнектеуіш жіп өрнек бетінде бос қалып отырады да, соңынан ол кеселмен қырқылып тасталады. Осыдан өрнек бетінде түк пайда болады.

Осыдан біраз уақыт бұрын timeturk.com сайты түрік қолөнершісі әлемдегі ең ұзын алаша тоқығаны туралы хабар таратқан еді. Хатай провинциясының тұрғыны, алаша тоқудың шебері Абдолла Акар Гиннестің рекордтар кітабына енуді алдына мақсат етіп қойыпты. Muslim.kz сайтының жазуынша, ол бұл алашаны бел жазбай 39 күн тоқыған екен. Алашаның ұзындығы - 35 м, ені - 80 см, ал қалыңдығы - 1 мм.

Тоқыма тоқу – ертеден келе жатқан қолөнер түрі. Бұл өнерді меңгеріп алған адам қалаған уақытта өзіне не жақынына сый тарта алады. Мұның бәрі жіптің қалыңдығына қарай: егер жіп қалың болса, шұлық, бөкебай секілді жылы бұйымдар тоқуға болады, ал егер жіп жұқа болса, көйлектерге арналған заманауи жағалар, білезік тоқуға, тіпті, етегі қысқарған тоқыма белдемшеге етек етіп, әдемілеуге болады. Сонымен, бүгін Massaget.kz порталында – тоқыма

токудың алғашқы сабағы, назар салыңыз! Бізбен бірге үйренемін дегендеріңіз бірінші сабақта көрсетілген әдіспен ұзындығы 3 метр тізбек жасайық. Келесі сабақта баған жасаймыз. Іске сәт! Тоқыма тоқиық Тоқыма токуды көпшілік қарт әжелер мен үй шаруасындағы әйелдердің сүйікті ісі деп біледі. Алайда, тоқыма току барлығына ортақ, кәделі әрі пайдалы іс екенін көпшілік біле бермейді. Күлкі терапиясы сияқты тоқыма токудың да денсаулыққа берер мол пайдасын дәрігер-ғалымдар анықтап, дәлелдей білген. Күнделікті күйбең тірлік салдарынан адам бойын әлсіздік, көңілсіздік, күйзеліс билейді. Салдарынан түрлі жүйке жүйесі, жүрек қан тамырлары және гипетоникалық аурулар туындауы мүмкін. Бұл дерттердің алдын алу мақсатында дәрігерлер анда-санда тоқыма тоқуға кеңес береді. Тоқыма току жүйке жүйесі мен ми жұмысын жақсартады. Артық ойлардан арылтып, көңіл көтереді. Тоқыма току – шығармашылық жұмыс. Ал адам баласы шығармашылық жұмыспен айналысқан кезде, ол бар назарын ісіне аударып, көңілі жай тауып, жаны тынышталады. Күнделікті кешке немесе бос уақытыңыз болған кезде қолыңызға түрлі-түсті жіптер мен тоқыма бізін алып, іске кірісіңіз. Өзіңізге малақай, шарф, сөмке, жаялық тоқи бастаңыз. Ол қолымнан келмейді десеңіз, тоқыма тоқи алатын таныстарыңызға «үйретіп жібер» деп қолқа салыңыз. Дүкен сөрелерінен тоқыма току туралы кітаптарды іздестіріңіз. Ғаламтор беттеріндегі тоқыма токуды үйрететін онлайн-сабақтардан дәріс алыңыз. Тоқыма біздері мен жіптерді өзіңіз таңдаңыз. Өзіңізге ыңғайлы әрі жағымды болуын қадағалаңыз. Тоқыма токуды бастаған кезде бар ойыңыз жасап жатқан іс-әрекетіңізде болсын. Тоқып жатқан дүниенің қандай болатынын көз алдыңызға елестетіңіз. Тоқыма тоқыған кезде ашуланбаңыз, сабыр сақтаңыз. Шыдамсыздық танытсаңыз, 10-15 минут үзіліс жасап, іске қайта кірісіңіз. Күнделікті кешке тоқыма тоқуға 30-40 минут бөлсеңіз, оның қалай сүйікті ісіңіздің біріне айналғанын сезбей қаласыз. Тек бастаған ісіңізді аяқсыз қалдырмаңыз. Тоқыма токуды қарапайым ілмектерден бастаңыз. Күрделі оюларды жасауға аса ұмтылмаңыз. Әуелі дағдыланып, қолыңызды үйретіп алыңыз. Кейін бірте-бірте күрделі оюларды токуды бастаңыз.

Алаша өнері түрлерін оқытып үйретуде, студенттерді ұлттық өнерімізге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, оларды дайындай білуге баулуды қажеттігін түсіндіру.



Алаша тоқу. Алаша бүктеуге, жинауға, алып салуға қолайлы мүлік. Мұны

ұсталатын орнына қарай әрі енді, әрі көлемді етіп жасайды. Өрмекпен тоқылған алашаның ені әдетте 40—45 сантиметрден аспайды. Сондықтан мұның бірнеше кесіндісін біріктіре құрауға тура келеді. Бұл үшін шебер тоқылған материалдың ұзына бойы мен енін өлшеп, одан кейін неше бой етіп кесіп, құрау қажеттігін есептейді.

Әдетте өрмек жіптерінің 35—40 сантиметрдейі тоқуға келмей қырқылады. Мұны «өрмектің қырқындысы» дейді. Алашаның бойларын құрау үшін осы қырқынды жіпті пайдаланған жөн. Бұл жіптер ақ, қара, көк, қызыл — 4 түсті делік. Ендердің жапсар бойын осы 4 түсті жіпті кезектестіре отырып бұзау тіс тігісімен аралықтарын 1 — 2 сантиметрдей етіп қосымша сыналана енгізіледі де алашаның көлемі үлкейе түседі.

Өрмекке жеңіл әрі жиі қолданылатын өрнектің екі түрі бар. Оның біріншісі «су» өрнегі де, екіншісі «тіс» өрнегі. «Су» өрнегін өрмектің белгілі бір шетінен ерсі жіппен қарсы жіптің өнбойын бір түсті етіп жүгірту арқылы тоқиды. «Тіс» өрнегін осы екі жіптің екеуін екі түсті түрмен жүгіртіп (астыңғы жіп қара, үстіңгі жіп ақ) тоқиды. Өрмекте мүйіз, өсімдік, геометриялық фигуралар тәрізді күрделі өрнектер тоқу кездеседі. Мұндай тоқуды «терме» деп атайды. Термелеп тоқу әдісі қазақтың өрмек өнерінің ең бір көп тараған және көркем дүниелерді тоқуға ең бір қолайлысы деп саналады. Термелеп тоқу әдісі, әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде жақсы дамыған өнері. Көркем өнердің осындай тәсілімен тоқылған бұйымдар (басқұр, қоржын, алаша, кілем және т. б.) Қазақстанның Қарағанды, Павлодар облыстарында жиі кездесетін өте ертеден келе жатқан өнер. Олардың өз аймақтарына қарай, өрнек мәнерінде, тоқу әдістерінде өздеріне тән ерекшеліктері бар. Оңтүстік Қазақстанда терме тоқудың неше түрлі тәсілі бар және олардың атаулары да әр түрлі.

Қайыра теру тәсілімен құрылатын өрмектің ерсі жібі мен қарсы жібі 3-4 түсті бояулармен боялады, екеуі бірдей теріліп, өрмектің екі жағынан (ерсі мен қарсы жағынан) тоқылып шығады.

«Кежім теру» немесе *«бұқар теру»* тәсілі көп түсті және әр түрлі өрнектен теріліп жасалатын басқұр мен алаша тоқу үшін қолданылады.

«Орама теру» тәсілдерімен де басқұрлар, алашалар тоқылады. Мұндай жағдайда өрмектің ерсісі, қарсысы және арқауы (ерсі мен қарсы жіптердің арасына көлденең түсіп отыратын жіп) бәрі бір түсті жіптен құрылып тоқылады. Бұған көбінесе ақ не қызыл түсті жіптер қолданылады. Тоқу барысында әр түсті жіптерден өрнек салынып, оның жібі өрмектің ерсісіне қолмен оралып, арқаумен бекітіліп отырылады.

Бір түсті теру тәсілі тек қана басқұр тоқуға қолданылады. Мұндай басқұрлардың ерсі мен қарсы жібі көбінесе бірыңғай ақ жіптен, кейде қызыл жіптен құрылады да, өрнегі қызыл, қара, көк және басқа түсті жіптермен теріледі. Мұның бәрін қазақтың қарапайым өрмегімен жіңішке лента тәріздендіріп тоқиды.

Терме және қақпа алаша. Алдымен алашаға арналған жүнді іріктеп алады. Ол үшін түйе жүні немесе қой жүні (жергілікті қандай мал өсетіне

қарай) керек. Қойдың жабағы жүні май айында қырқылады. Жүн қырқылып алынғаннан кейін шөп-шаламнан, көң-қооқыстан әбден тазартылып, бірнеше рет кір сабынмен жуылып, ең соңында салқын сумен шайылады. Егер қырқылмас бұрын қой тоғытылған болса, онда жүнді жумаса да болады. Себебі жүн сабаудан өткізіліп, түтіліп, иірілген кезде ұсақ-түйек қиқымдарыан тазарады. Жүнді алашаға жеткілікті мөлшерде жинап алғаннан кейін, сабаудан өткізбес бұрын ақ жүн өз алдына, қара, қоңыр т.б түсті жүндер өз алдына бөлек-бөлек жиналады. Бұл – жіпті бояу үшін керек. Осылайша дайындалған жүн рет-ретімен сабаудан өткізіліп, түтіліп, шүйкеленеді. Шүйкенің үлкендігі 200-300 грамнан аспауы тиіс, өйткені, шүйкенің көлемі үлкен болса ұршық иіргенде қол тез шаршайды. Ал иірілген жіп 500 г болғанда, ұршықтан суырылып тасталуы керек. Себебі ұршық ауырлап кетсе, жіп үзіліп, қол байлау болады. Бұл әр домалақтағы жіп мөлшерін біліп отыру үшін де қажет.

Жүн түгел иіріліп болған соң екі домалақты бірге тіндеп ширатады. Ширату деп ұршықты иіруге қарама-қарсы бағытта толғай отырып, жіпті пысытуды атайды. Ширатылған әр домалақтың салмағы 1 кг мөлшерінде болу керек. Домалақтың саны тоқылатын алашаның ұзындығына байланысты болады. Мысалы, 12 құлаш алаша тоқу үшін 12-13 домалақ қажет. Енді осы домалақтарды келептеп, бояуға әзірлейді. Жіпті келептеу үшін арасы 50 см мөлшерінде қағылған екі қазық алынады. Жіптің бірінші ұшын қазықтың біреуіне байлап алып, екі қазықты орай айналдырып отырады. Бір домалақтағы ширатылған жіпті түгел осы екі қазықтың сыртынан орай айналдырып шыққаннан кейін жіптің қазыққа байланған бастапқы ұшын босатып, келепті белінен және соңғы ұшымен екінші жерден буады. Сонда келепті бояп кептіргеннен кейін қайтадан домалақтау оңай болады. Енді келептелген жіптерді түс-түсімен бояуға кірісеміз.

Қазанда қайнап тұрған суға әбден ерітілген бояуды құямыз. 1 кг (1 келеп) жіпті бояу үшін 5 литр суға 15-20 грамм бояу керек. Жүнге арналған бояу ұнтақ күйінде немесе таблетка түрінде болады. Бояуды қазандағы суға міндетті түрде ерітіп құю керек. Өйткені ерімей қалған бояу түйіршігі кетсе, жіп ала-құла болады. Бояуы қанық болып, жіпке жақсы сіңіуі үшін 1 литр суға бір шай қасық мөлшерінде сірке суы құйылады. Қазандағы бояуы бар су қайнап жатқанда, су көлеміне қарай келептерді бір-бірлеп салып, ағаш қалақпен батыстыра отырып, судың мөлшерден аз болмауын қадағалайды. Себебі су аз болса, жіп қазанның түбіне жабысып қалуы мүмкін. Сонан соң 10-15 минут қайнатқаннан кейін қазанның қақпағын жауып, астындағы отты сөндіріп тастайды. Келептерді осы күйде 10-15 минут бойы бұқтырады. Қалпақ көтеріліп, бу шығып кетпес үшін оны ауыр нәрсемен бастырып қояды. Белгілі уақыт өткеннен кейін келептерді аудастырып, жіптің бояу алғандығы тексеріледі. Ол үшін бір немесе бірнеше тал жіпті қалаппен көтеріп алып шымшып көреді. Бояуды жақсы алған соң жіп солғын тартпайды. Сөйтіп, боялған келепті бір-бірлеп таяқшамен көтеріп, суын сорғытып бір ыдысқа салып отырады. Боялған жіп әбден суығанша буы шықпайтындай етіліп ыдыстың бетін жауып қояды. Суыған келептерді көлеңке

жерге іліп сорғытып кептіреді. Келептің арасына ауа кіріп, біркелкі кебуі үшін келепті бұған жіптердің орнын ауыстырып отыру керек. Әбден кепкеннен кейін келептерді әлгі екі қазыққа кигізіп, белін бұған жіптерді шешеді де, үстіңгі ұшын алып келепті қайтадан домалаққа төгеді. Домалақталған жіп өрмек құруға ыңғайлы келеді.

Алашаның жууы қиын болғандықтан, ақ жүнді міндетті түрде бояйды. Ақ жүн қандай бояуды болмасын жақсы алатыны белгілі. Ал, боз, көк шулан жүндерді кез-келген бояуға салуға болмайды. Боз жүнді қызыл, сары түске, көкшулан жүнді көк, жасыл түрге бояйды. Жүннің табиғи түсі қара болған жағдайда оны қызыл, жасыл, сия көкке бояуға болады. Бірақ мұндай жіптен тоқылған алаша бояуы көмескі болады. Көбінесе табиғи түр деп алашаның астыңғы бетіне жасыл түсті жіпті жүргізеді. Алаша тоқылған кезде (әсіресе, гүл теруде) қызғалдақты жайлау көзге елестейді. Ал, жапырақ теруде көзге елестейді. Ал, жапырақ теруде керісінше, астыңғы бетіне жасыл немесе сары, үстіңгі бетіне қызыл немесе көк жіп алынады.

Бақылау сұрақтар

1. Алашаның шығу тарихы?
2. Алашаның қандай түрлері бар?
3. Алашаның тұрмыста қандай қажеттілігі бар?
4. Алашаның дайындайтын шикізаты қандай?
5. Алаша тоқуға қолданылатын жіптердің қасиеті?
6. Алашаға салынатын өрнектердің ерекшелігі қандай?

Өрмек тоқу өнері Өрнекті өрмек өнері

Жоспар:

1. Өрмек тоқу өнері және оның маңызы.
2. Ұлттық қолөнерде өрмек тоқудың ерекшеліктері.

Мақсаты: Өрмек тоқу өнері түрлерін оқытып үйретуде, студенттерді ұлттық өнерімізге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, оларды өрмек тоқуға баулу қажеттігін түсіндіру.

1. Өрмек тоқу өнері және оның маңызы. Түрікпен теру, жүз теру тоқылғанды қолда бар бояуларды қалауынша пайдалана беруге болады. Өйткені бұл терулердің негізгі өрнегі шаршыны бойлай жарыспалы бота мойын немесе қарсы қошқар мүйіз оюлары, самауырынша, бауырсақ, көзше, құстаңдай деп аталатын өрнектер. Бұл өрнекті шебер тоқитындар өрнек жүргізген кезде жіп санымен (күзуде отырып) есептеу арқылы әр өрнекті бір түс жіптен шығаруға тырысады.

2. Ұлттық қолөнерде өрмек тоқудың ерекшеліктері. Өрмек жүгіртуге 3-4 адам керек. Бос алаңға тең бүйірлі үш бұрыш формасында үш қазық қағылады. Қазықтардың ара қашықтығы өрмек жібінің ұзындығына, яғни тоқылатын алашаның көлеміне қарай есептеледі. Үш бұрыш қабырғаларының

ұзындығының қосындысы өрмек ұзындығына тең болады. Қазықтар жерге мұқият қағылып, жіп төгілген кезде қисайып босап, суырылып кетпеуі қарастырылады. Сондай-ақ қазық бос қағылса, өрмек жібінде селкеу пайда болады. Селкеу деп өрмек тоқылғанда бір немесе бірнеше жіптің әлдеқалай босаң шығуын айтады. Ондай жіп тоқылған кезде өрмекті әрі қарай тоқуға бөгет жасайды. Өрмек жібі тартылып, түп- түзу болу керек. Өрмекті құрған кезде тең бүйірлі үшбұрыш табанының тең орта тұсына ағаш қазық қағып, осы жерден күзу байланады. Ағаш қазықтың диаметрі 2-3 см, ұзындығы 0,5 м болуы керек. Енді ағаш қазыққа параллель етіп, ішкі жағынан көтеру ағаш немесе ши қазық, оған жапсарлас қылыш қағылады. Күзу байлайтын адам ағаш қазықтың сыртында отырады. Күзу жіпті ешкінің қылынан жіңішке екі тін иіреді, сосын ширатып, күні бұрын дайындап қояды. Бұл мықтылық жағын қарастырады. Егер ешкінің қылы болмаған жағдайда орнына көңгей жіп (зығырдан жасалатын жіп) пайдаланылады. Жібек жіпті пайдалануға болмайды. Күзу жіп ағаш қазыққа (күйеу ағашқа) байланады. Одан кейін сол ағаш қазыққа екі айналдырып, қазықбау шалып бекітеді. Өрмекке жүгірілетін жіптің ұшын оң қол жақтағы темір қазыққа байлап, тең бүйірлі үш бұрыш етіп қағылған темір қазықтарды орай сағат тіліне қарсы бағыта жүгіреді. Күзу ағаштың тұсына келгенде, ағаш қазық пен ортаңғы ши қазықтың арасынан өткізіп, сол бағытымен өріс қазықтары орай жүгіріледі. Екінші жіп (бөлек түс) әлгі бағытпен жүгіртіліп келеді де, қылышпен ши қазықтың арасынан түседі. Осы жерде күйеу ағашқа байланып, екі орап бекітілген күзу жіпті көтеру ағаштың сол жағы арқылы қылыштың оң жағынан өрмек жібінің астынан алып, енді көтеру ағаштың оң жағы мен күйеу ағаштың сол жағынан орай шалынады. Ал үшінші рет жүгіртілген өрмек жібі бірінші жіптің үстінен түседі, яғни күйеу ағаш пен көтеру ағаштың ортасынан өтеді. Төртінші жіп екінші жіптің үстінен түседі. Ал күзу жіп алдыңғы бағытымен, яғни күйеу ағаштың басына шалынып ұрған жіп, ортадағы көтеру ағаштың сол жағымен қылыштың оң жағынан өрмек жібін қосып орай көтеру ағаштың басынан шалынады. Өрмек жүгіруде 1 адам күзу байлап отырады, екі түсті 2 домалақ жіпті 2 адам жүгіртеді. Ал үшінші адам өрмек жіптерін, қазыққа кигізіліп, жүгіртілген жіптерді тексеріп тұрады. Осылай өрмек жібі жүгіртіліп болғаннан кейін, өрмек жібінің ең соңғы ұшын (әр түсті жіпті өз ұшына) қазыққа бекітулі алдыңғы ұшына әкеліп жалғайды. Ал күзу жіпті күйеу ағашқа екі шалып бекітеді. Сонымен өрмек жүгіртіліп бітеді.

Жүгіртілген өрмек жібі шатыспау үшін 5-6 жерден буылады. Күзу байлаған қазықтарды жерден суырып, күйеу ағаш пен көтеру ағаштың екеуін қосып екі басынан көтеру жіп байлайды. Содан кейін қылышты суырып алмай тұрып, серу байланады. Серу ағаштың ұзындығы өрмек еніне байланысты. Өрмектің ерсі және қарсы жіптеріні арасынан (күзуден бір құлаштай ілгеріден) өткізілген серу ағашқа өрмек жіптері таратылып байланады. Серу байлауға көңгей жіп пайдаланылады. Шеткі жіптер 2 жұптан байланады. Серу екі адам – бірі байлап, екіншісі серу ағаштың келесі ұшын тіреп, жіптердің орын тәртібі

ауысып кетпеуін қадағалап отырады. Тоқылатын өрмекті 12 құлаш деп еболсақ, тоқыған кезде екі қабатталып жататынынң ескеріп, ұзындығы 5-7 метр жерге құрылады. Кез-келген үйден 5-7 метрлік бөлме табыла бермеуі де мүмкін. Мұндай жағдайда өрмектің алдыңғы жағынан керекті қашықтықта жіңішке арқанмен мықтап буып тұйықтайды да, осы тұйықтан темір қазыққа іліп алашаның тоқылатын бөлігін тартып кереді. өрмектің артына 2 қазық қағып, өрмектің артқы тұйығына жұмыр ағаш кигізіп, осы жұмыр ағаштың өрмекенінен шығып тұрған екі жақ шетінен арқан байланады. Арқан әлгі екі қазыққа тартып бекітіледі. Енді осы құрылған өрмекті тоқуға әзірлейді. Тоқып отырғанадам өрмектің артқы жағына, көтеру ағаштан 0,5 метрдей шамасында ерге орналасқан адамша, жүресінен отырады. Алашаның тоқу ыңғайлы болуы үшін астын сәл биіктетіп (10-15 см шамасында) отыруына да болады. Тоқу үстінде үнемі, ара-тұра үзіліс жасап отырған абзал. Күзу мен серудің арасынан адарғы өткізіледі. Ал күзу мен тоқылыстың ортасынан астыңғы, үстіңгі жіп арасынан қылыш қойылады. Қылышты қырынан қойып, бір тал ши өткізеді. Ши салғандағы мақсат – бірінші тоқылыстың тегіс түсуі. Қылышты суырыл алып, адарғыны көтеріп шатыс түсіреді, яғни бұл жағдайда астыңғы жіп пен үстіңгі жіп керісінше түсіп, орын ауыстырады. Яғни астыңғы жіп үстіңгі жіп астына шығады. Көтерілген адарғыны жығып, алынған шатысты қылышпен 3-4 рет ұрады. Яғни жіптің айқасып тұрған жері мен күзу ағаштың ортасынан қылышты өткізіп (астыңғы және үстіңгі жіп аралығынан), жаңағы ши салған жерге дейін қылышпен қағылады. Осылайша бірінші тоқылыс түсті делік. Енді арқау өткізіледі. Арқау салғаннан кейін теру басталады. Арқау өткізгенде де, бастап тергенде де қылыш қырынан тұрады. Арқауды өрмектің шетін сол қолмен шымши ұстап өткізуге дағдылану керек. Бұл өрмектің шеткі жібі тартылып не қайырылып қалмауын қамтамасыз етеді. Егер арқау өткізілген жақтағы шеткі жіп ішке қарай тартылып тұрады. Ал арқау бос болса, тоқылыс сылбыр түседі де, алашаның еті қайырылып қалады. Терме алаша тоқылғанда басты нәрсе - әр түрдің өрнегін жіп санымен теріп отырып шығарады. Теру ағашты ілгері ысырып қойған соң , арақу өткізіп қағылады. Одан кейін шатыстың айқасу ретіне қарай тартылып тұрады. Ал арқау бос болса, тоқылыс сылбыр үседі де, алашаның шеті қайырылып қалады. Терме алаша тоқылғанда басты нәрсе - әр түрдің өрнегін жіп санымен теріп отырып шығарады. Теру ағашты ілгері ысырып қойған соң, арқау өткізіп қағылады. Одан кейін шатыстың айқасу ретіне қарай адарғыны көтеріп немесе қылышпен тарап алынған шатыс 3-4 рет қағылады. Қағыс сылбыр болмауы керек. Сондай-ақ шамадан тыс оқыс күшпен де қағуға болмайды. Онда жіптің үзіліп кетуі мүмкін. Терме алашаны өрнегіне байланысты тереді. Басталысы: ішкі және сыртқы желіні бойлай орналасқан сыңар қошқар мүйіз оюлы, кі үлкен, екі кіші самауырыншалы үлкен және кіші шаршыдан тұратын жүз теру термесі бар.

Бақылау сұрақтар

1. Өрмек тоқу өнерінің шығу тарихы?
2. Өрмек тоқу өнеріндегі өрнектердің қанша түрлері бар?

3. Өрмек тоқу өнеріне өрмек жүгіртуге қанша адам керек?
4. Күзу жіптерін ненің жүнінен иіреді?
5. Өрмек тоқығанда қандай жіптерді қолдануға болмайды?

Ши тоқу өнері

Жоспар:

1. Ши тоқу өнерінің өзіндік ерекшеліктері.
2. Тоқылған шидің қолданылу мақсаты.

Мақсаты: Студенттерге ғасырлар бойы сақталып, мұра боп келген ұлттық қолөнері ши тоқудың әдіс тәсілдерін, түрлерін, қолданылу мақсаты туралы түсіндіру.

1. Ши тоқу өнерінің өзіндік ерекшеліктері.

Ши тоқу (орау) — бұрын және қазіргі кезде қазақ халқы мен Орта Азия халықтары арасында кеңінен тараған өнер.

Қазақ халқының қолөнері саласында ши тоқу, оған боялған түрлі-түсті жүн орап, өрнектеп безендіру ісі ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық өнері болып табылады. Ши сырт көрінісіне қарай: ақ ши, ораулы ши, шым ши болып үш топқа бөлінеді. Олардың әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады. Атап айтқанда, қабығынан тазартылған аң шиді көбінесе құрт, ірімшік т.б. жаю үшін қолданылатын болса, ұзына бойы әр түсті жүнмен немесе жібекпен оралған шым ши киіз үйдің сәнді жиһаздарының бірі болып табылады. Ал өн бойы тұтас емес әр жерінен аралатып оралған шиді орама ши немесе ораулы ши деп ат айды. Бұл да ши сияқты сәндік жиһаздарының бірі. Ши тоқу өнері халқымыздың қол өнерінің ішіндегі көрнекті өнерінің бірі шиді орап және тоқу. Бұл өте ерте заманнан келе жатқан өнер мұрасы.

2. Тоқылған шидің қолданылу мақсаты. Ши тоқу өнерінің мәні өте зор болған. Себебі шиді күнделікті тұрмыс тіршілікте көп пайдаланған. Мысалы : әдемі об-өрнектермен оралып тоқылған шым шиді киіз үйдің керегесі мен туырлығының арасына ұстаған.

Бұл, біріншіден, сәндік көрініс берсе, екіншіден, суықта жылылық үшін, ыстық күндері киізді көтеріп қойса салқындық үшін керек болған. Осылай шым ши ақбоз үйдің сәнін келтіріп, салтанатын асырып тұрумен қатар, сырттан ит, мысық, жылан, тышқан секілді жан- жануарлардың бас сұғып ішке кіре алмауына, керегенің көгі киізді тоздырмауына да үлкен ықпал етеді.

Шидің сыртындағы жұмсақ үн дыбысты жұтады. Сондықтан үйдің ішіндегі адамдардың сөзін сыртқа естіртпейді. Ақ шиді орамай құр өзі тоқылатын болғандықтан еттің астына салуға, сырғауыл салынған үйдің төбесіне жабуға пайдаланды.

аяқ -табақ, қазанның бетіне жабу үшін тоқылған шағын түрін *шыпта* дейді.

Өн бойы тұтас емес, әр жерінен аралатып оралған шиді ораулы ши дейді. Ораулы шиді қабырғаға әдемілеп ілуге және ыдыс-аяқ тұрған жерді бөліп қоршауға пайдаланады.

Шиді таңертең кешке немесе жаңбырдан кейінгі немесе шық кетпей тұрғанда немесе тұманды күндері трту керек (суыру).

Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажеті үшін тоқылған ши қазірге дейін кеңінен пайдаланып келеді. Оны киіз үйдің құрамдас бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай-ақ үй ішіндегі ыдыс-аяқ, ошақ басын қоршай қоюға, киіз үйдің есігіне ұстауға, әр түрлі үй шаруашылық мүддесіне (мәселен, киіз басу жұмыстарына, жаюлы киіз-сырмақтың асты ылғал тартып, бүлінбеуі үшін солардың астына төсеуге, сонымен бірге құрт жаю, тары сүзу т.б.) кеңінен пайдаланылады.

Шым ши – ұлттық қолөнердің көне түрлерінің бірі қамысты түсті жүнді орау арқылы алынады өрілуі арқылы Бұған Жетісудағы бесшатыр қорғанынан табылған шым ши үлгілері дәлел бола алады.

Өрменің материалы ретінде шөлді жерлерде өсетін ши және түрлі-түсті жүнді шүйкелер қолданылады, олар шидің бойында белгілі ретпен өрнекті сурет құра отырып оралады.

Қазақ әйелдері үш түрлі өрмек өрген. Біріншісі өре ши – шилердің қарапайым тоғысуы; екіншісі – шабақ ши-көптүсті шилі өрме; үшіншісі – шым ши-әшекейлі өрме.

Киіз үйді өрнектеліп тоқылған шисіз көз алдымызға елестету қиын. Олар киіз үйдің сыртынан киіз бен керегені, ал ішінен киіз үйдің киіз есігін қоршай бекіту үшін қажет. Ыстық күндері түндік көтерілгенде шиден жасалған өрмектер сыртқы ортадан қолқалап тұрады және ауа жіберіп тұрады. Өрнектеп шым ши тоқуда, негізінен, оюдың композициялық құрылысының маңызы ерекше. Бұл саладағы қазақ шеберлерінің қолданып жүрген қазіргі барлық ою түрлерін композициялық жағынан: толық, жекелеген және тұтас ою, бір беткей ұзындық ою (компоненттері бойлай да, көлденең де тепе-теңдіктегі ұзындық ою) болып бөлінеді. Шым ши тоқу өнерінде кездесетін қазақ оюларының ішіндегі жоғарыдағы аталған жекелеген және тұтас ою формасын «шаршы ою» деп те атайды. Оған белгілі геометриялық фигурадағы төрт бұрышты, дөңгелек, үшбұрышты, тағы басқа көп бұрышты оюларды жатқызуға болады.. Олар шым шидің бетін тұтас сэндеуге қолданылады.. Осылай тұтас беті өрнектелген шым шиді түскиіз орнына да ұстайды. Сондай-ақ киіз үйлердің шым есігі де осы шым ши екені белгілі. Бұрындары ши орау және тоқу технологиясын жас қыздар апа-әжелерінің жанында отырып-ақ меңгерген. Осылай бұл өнер кәсіп ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып отырған. Ши тоқу үшін ашасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тіке қадап, екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады.



Оны үйдің ішіне, жабық қораға немесе бастырманың астына орнатады. Киіз үйдің ішінде станоктың екі жағындағы ашалы ағашы керегеге байланып (екеуінің арасы қандай нәрсеге арналып тоқылатын шидің еніне байланысты) төменгі жағы жай ғана жерге бекітіледі. Ашаның үстінен көлденең қойылған сырықтың биіктігі түрегеліп тұрып істеуге ыңғайлы болуы тиіс. Сондықтан көбіне бұл арқалықтың биіктігі 120-130 см шамасында болады.. Өйткені, қой жүнінен көбінесе қоңыр жүннен иіріп, тас немесе басқадай салмақты зат байлаған және бір-біріне қарама-қарсы орналасқан екі жіптің екеуін екі қолмен ұстап тұрып, кезекпе-кезек қарсы бағытта сырықтың үстінен асырып отырады. Ондай жіптің арасы 10-15 см болады да, саны жиырма-отыз шамасындай болуы мүмкін. Сөйтіп, көлденең сырықтың үстіне қойылған бір ши бастан-аяқ байланып болған соң екіншісі қойылады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып отырады. Алғаш тоқи бастағанда төрт шиден қабаттап бекіту шарт емес, оны үш шиден де крест салып байластыруға болады. Мұны ши тоқушылар «шыбын қанат» деп атайды. Тоқылған шидің алғашқы бастамасы мен соңғы аяқталу кезеңінде шамамен алғанда 20-40 см болуы керек. Мұның шидің екі шеті қалың болып, тез тозып қалмауына себебі тиеді. Ши тоқушылар тоқылған шидің бұл бөлігін «қаракұс» деп атайды. Шиді байлау үшін қаракұсқа бекітілген бауды «шибау» деп атайды. Ал кереге сыртынан бір босағадан екінші босағаға дейін шиді айналдыра тұтуды «ши ұстау» деп атайды. Ши ораудың екі әдісі бар. Біріншісі – тоқулы тұрған даяр шидің өрнегіне сала отырып орау. Екіншісі – жаңа өрнек үлгісімен орау.



Шеберлер ши бетіне салған түрлерін «жүзтеру» деп аталады. Шиге өрнек саларда оны алдын ала өлшеп алып, жіп оралатын жерін көбінесе пышақпен, қарындашпен, сондай-ақ отпен де күйдіріп белгілейді. Бұл белгілеуді «сызу» деп атайды. Сызылған белгі бойынша инеге өткізілген шиге түрлі-түсті жүннен орап үлгі салып, түр шығарады. Оралған шиді, салынған белгісіне қарай, өрнек бойынша ши сабақтарын дұрыс орналастыруды шеберлер «тізу» деп атаған. Қазақтың ұлттық қолөнерінің ерекше бір түрі — **шым ши тоқу**. Шым ши тоқуда, негізінен, оюдың композициялық құрылыстың маңызы ерекше. Бұл саладағы қазақ шеберлерінің қолданыл жүрген қазіргі барлық ою түрлері композициялық жағынан: жекелеген және тұтас ою, бір беткей ұзындық ою, екі жақты ұзындық ою болып бөлінеді. Шым ши тоқу өнерінде кездесетін қазақ оюларының ішіндегі жоғарыдағы аталған жекелеген және тұтас ою формасын «шаршы ою» деп те атайды. Шым ши тоқуда геометриялық ою элементтері ромбы, төрт бұрыш, шаршыдағы жұлдыз, үш бұрыш, көп бұрышты немесе сүйірлі бұрыштанып келген крест тәрізді болып келеді.

Шым ши тоқуда композиция құрастыру

Композиция латын тілінен аударғанда "compositio" – шығару, құрастыру, біріктіру ойлап шығару деген мағынаны білдіреді. «Қызғалдақ» композициясының категориясы: кеңістіктегі көлемді құрылыс. Кеңістіктегі көлемді құрылысты анықтау үшін бұйымның арналуына қарай формасын,

ондағы жекеленген элементтердің орналасуына көңіл бөле отырып қолданылатын материалды таңдап алу.



Бақылау сұрақтар

1. Шидің шикізаты қайдан алынады?
2. Шидің жасалу мақсаты?
3. Шидің қандай түрлерін білесің?
4. Шидің жүнмен байланыстырылып жасалуы қалай?
5. Шидің ою-өрнекпен байланысы қандай?

Кілем тоқу өнері

Жоспар

1. Жүнді өңдеу және одан жасалатын заттар.
2. Кілем тоқу өнері

Мақсаты: Студенттерге жүннен жасалатын бұйымдар мен кілем тоқу өнерін түсіндіру.

1. Жүнді өңдеу және одан жасалатын заттар. Қазақ халқының қол өнерінде жүннен жасалатын бұйымдар жасау ерекше мәнге ие болған. Өйткені, жүннен жасалынған бұйымдар үй тұрмысында аса қажетті, көп қолданылады. Жүннен жасалатын бұйымдар көшіп – қонуға да ыңғайлы, мал шаруашылығымен айналысқандықтан көп кездесетін еңбек заты, сонымен бірге халқымыз малдан

алынған жүнді өңдеудің заңдылықтарын жақсы меңгерген. Қазіргі ғылыми технологиялық өңдеулер мен ежелден келе жатқан қазақ қолөнеріндегі жүнді өңдеу тәсілдерінің ұқсастығын салыстырып көруге болады.

Қазақ қолөнершілері тұрмыс қарекетінде қолданылатын бұйымдар жасауда түйе, қой жүнінен, ешкінің түбітінен иірілген жіптерді пайдаланған. Мұндай жіптер таза, жұмсақ, әрі төзімді, созылмалы да әдемі.



Иіруге арналған жүнді әбден тазартып жуады, кепкен соң қолмен майдалап түтеді. Өндіріс жағдайында арнайы түту машиналары (чесальная машина) кеңінен пайдаланылады. Түтілген жүн қыл – қыбыр, шөп – шаламынан тазарып, ұйысқаны жазылады, жұп – жұмсақ үлпілдеп тұрады. Мұндай жүн созып иіруге, иненің ізімен іркілмей жүргізіп отыруға қолайлы. Түтілген үлпек жүнді бір шетінен шүйкелей отырып жеңіл – желпі домалаққа төгеді. Домалақтың ортасында әдейі ызған баудан немесе кез келген матадан екі қабаттап істелген бүлдіргесі сыртқа шығып тұрады. Жіп иіруге кіріскенде, бүлдіргені солақай қолдың ортан саусағына іліп алады. Бұл ілмек шүйкені қыл – қоқыстан сақтап, оны биік жерге (қадаға, керегенің басына) іліп қою үшін өте қажет.

Жіп иірудің екі түрлі құралы бар. Оның біріншісі – ұршық. Екіншісі – аяқпен айналдыратын жіп иіруіш. Ұршықпен жіп иірудің екі түрлі әдісі бар. Бірі – шүйкені сол қолдың сыртына іліп қойып иіру, екіншісі шүйкені жоғары (үйдің қабырғасына, сәкіге, керегеге, және т.с.с.) іліп қойып иіру. Иіріліп келе жатқан жіп үзіліп кетсе, ошы шүйкенің үлпілдек ұшымен жалғастырады.

Қазақ жерінде қолөнер мектептерін ашып маман дайындаумен үйлестігін тапқан қол өндірісінде жіп иірумен бір ғана адам айналысуы, бұйым дайындауы, яғни барлық процесті орындауы кәсіптік сипатта көрініс табады. Жүннен жасалатын бұйымдар дайын өнім болғанға дейінгі әрекет етудің негіздерін қолөнер шеберлері білген.

Қолөнер бұйымдарына ерекше әдемілік беретін бояу түрлерін үйлестіре белгілі бір үндестікпен қолдана білудің өзі үлкен мәнге ие. Халқымыз бояудың түстерін табиғаттан тауып, жасаған өнер туындыларын әшекейлеу үшін табиғи

түстерді қынаны, жосаны, әр түрлі минералдар мен өсімдік жемістерінің шырынын көп қолданды. Жүнді өңдеу, бояу дайындау арқылы бұйымның қасиеттерін: беріктігін, тозуға шыдамдылығын, ауа өткізгіштігі, жылу сақтағыштығы, сыртқы ортаның әсеріне қарсы тұруы т.б. қасиеттерін арттыруға болатынын шеберлер өте жақсы білген. Бұл келтірілген мәліметтерден біздің байқайтынымыз материалды өңдеу ғылым негіздерінің заңдылықтары бойынша жүргізілетіндігі.

Ол, біріншіден: шикі заттарды өңдеу және олардан қол аспаптарымен бұйымдар дайындаудағы еңбек процесі; екіншіден: технологиялық тұрғыдағы қол еңбегі құралдарымен аса шеберлікпен орындалатын іс-әрекет; үшіншіден; шығармашылық сипаттағы көркем бұйымдарды дайындаудағы өнер. Яғни, қолөнер материалдарды өңдеудегі тұрмысқа қажетті бұйымдарды және көркем өңдеу түрлерін қамтыған, халықтың дүние танымы бейнеленген еңбек объектілерін дайындаудағы мақсатты іс-әрекеттердің жиынтығы.

2. Кілем тоқу өнерінің шығу тарихы.

Қазақстан жерінде жүннен әртүрлі бұйымдар тоқу ерте заманнан белгілі болған. Алтай жеріндегі археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған тоқыма бұйымдар осыны дәлелдейді. Белгілі ғалымдар М. П. Грязнов пен С.В. Киселев сол заттардың сыртына салынған өрнектер қазіргі алтайлықтар мен қазақтардың, тьяншандық қырғыздардың оюларына өте жақындығын атап көрсеткен.

Коллекция тоқыма өнерінің Қазақстанда дамуы мен қалыптасуын, жер-жерге таралу аймағын толығынан көрсетіп, жасалу уақытының ХІХ ғасырдың соңы мен 1980-шы жылдар аралығы екенін айғақтап отыр.

Қазақ халқы түкті кілемді жоғары бағалаған. Экспонаттар жинау мақсатымен жүргізілген экспедиция кезіндегі ғылыми жұмыстардың нәтижесінде мұражай қызметкерлеріне Қазақстанның барлық жерінде түкті кілем тоқу ХХ ғасырдың 30-шы жылдарына дейін сақталып келгені мәлім болды. Қазақтың белгілі ғалымы Әлкей Марғұланнның «Қазақтың халық қолөнері» атты кітабында бұрынғы кездегі түкті кілемнің бірнеше түрінің болғандығын айтады. Олар: орта ғасырлардан бері ақсүйектердің еншісі болып келген – орда кілем, көлемі өте үлкен – қалы кілем, тығыз тоқылған – масаты кілем, сүттей аппақ – ақ кілемдер мен қоңырқай түсті немесе сұрғылт түсті кілемдердің болғанын баяндайды. Түкті кілемдер тігінен қойылған өрмектерде тоқылады. Астыңғы арқау жіп үстіңгі арқау жіппен қоса қабат шалынып отырып тоқылады да, екі рет өткерме жіп жүргізіледі. Кілем түгі 4-7 см болады. Кілем тоқитын жүнді алдын-ала әртүрлі өсімдіктердің тамырынан, жапырығынан алып дайындалған табиғи түсті бояулармен бояп, реңі қанық, түсі тұнық түрлермен кілем бетін құбылтып, үндестік шешімінің көркемдік сұлулығын аша білген.

Музей қорында сақталған түкті кілемдер қорының көпшілігін Оңтүстік Қазақстан шеберлерінің туындылары құрайды. Әсіресе, жаппай кілем тоқу оңтүстік өңірінде ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында тіпті халықтық сипат ала

бастады. Кілем тоқуда өрнектік құрылымдар жаңаша өзгеріске ұшырады. Солардың бірі ел арасына кең тараған, орталық бөлігіне бір немесе екі қатар етіп қара иә болмаса қара көк, қою жасыл түсті *жұлдыз* өрнегін орналастыру тәсілі болды (483-тқ). Мұндай кілемдердің оюлары ірі әрі көрер көзге тартымды болып келеді.

Мұражай қорына сүйене отырып, түкті кілемдерді өрнектеудің үш түрінің кең тарағанын байқауға болады. Біріншісіне жұлдызды кілемдерді жатқызсақ, екінші түріндегі кілемдердің орталық бөлігіне төртбұрышты немесе қиықша шаршылардың екеу-үшеуі қатар қойылады да, әртүрлі өрнектік құрылымдармен толықтырылады. Үшінші топқа баспалдақтанып келген немесе көркемдік құрылымы толық көпбұрышты шаршылы кілемдер жатады. Қазақ кілемдері Орталық Азия елдерінің түкті кілемдерінен оюларының ірілігімен және көзге бірден түсетін бір, көбінесе екі қатар жиек жолақтарын түсірілуімен ерекшеленеді, сонымен қатар 7-8 түрлі түстің үйлесіммен қайталануы бір реттілікпен тепе-теңдікті сақтап отырады.

Әсіресе, XX ғасырдың соңына қарай түкті кілемдердің көркемдік шешімінде еркін орын алған жаңа ою түрлері пайда болды. Олар: бидай, (517-тқ), шемішкегүл (506-тқ), жебе (508-тқ) және жиек оюларының жеке құрылымы Әсия шет (531-тқ) оңтүстіктің кілемдерінің жеке тұрпатын сараландырып, көркемдік құнын арттыра түсті. Заманның ыңғайы мен халықтың сұранысына қарай дәстүрлі ою-өрнек қатарына гүлдердің, ақ тиіннің, құстардың, аққудың, халық аузына іліккен кинофильмдердің сүйікті кейіпкерлері, басқа елдердің қолөнер туындыларының көшірмесі орын ала бастады (529-тқ). Бұл сұранысқа сәйкес өтімді сәнділіктің белең алғаны және тоқымашының жекелеген өнерпаздыққа бой ұрғанын анық байқауға болады. Өтпелі кезең белгісі ретінде мұндай кілем түрлерінің музей қорында бірнеше түрі сақталуда.

Музей қорындағы Батыс өңірінен әкелінген өзінің көркемдік құндылығы жағынан баға жетпес кілем түрі – өресі биік өнер шеберінің нағыз шығармашылық шарықтауының жемісі болып есептелінеді (681-тқ). Кілем өрнегі жіңішке келініп түскен. Негізгі түстері қызыл, сары және сұрғылт көкшіл. Кілемнің тығыздығы, аз ғана түстің өзара үйлесімі оның тоқылған уақытының XIX ғасырдың аяғы екенін дәлелдейді. Алқызыл кілем бетіне түскен байыпты геометриялық ою жолдарынан тиянақты ой толғауы биік шебердің өзіндік талғамын сезгендей боласыз.

1960-1970-ші жылдары халық арасында кілемге деген үлкен сұраныс тоқымашылық өнердің Қазақстанның басқа жерлерінде кеңінен тарауына әсер етті. Әсіресе орталық, солтүстік аймақтарда тақыр кілемдер тоқу өріс алды. Жекелеген халық шеберлерін біріктерген тоқыма орталықтары ұйымдастырылып, артельдер құрыла бастады. Жаппай кілем тоқу барысында ұлттық дәстүрді қатаң сақтау ғана емес, өзекті талғамын игеру арқылы биік өнерге қол жетері анық еді. Бұл жерлерде кең тараған орама тоқуымен халық арасында үлкен сұранысқа ие болған – *алтыауыл, қараман, торғай, арабы, баднас кілем* түрлері көп тоқылды.

Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінде арнайы құрылған орталықтар болмағанмен, бірнеше шебер бірігіп әртүрлі тақыр кілемдер тоқып, халық сұранысын өтеуге ұмтылды. Бұл жерлерде үлкен сұранысқа ие болған арабы кілем мен бескесте кілемі еді. Арабы кілем өзінің жолақ-жолақ болып келген көркемдік құрылымымен ерекшеленіп, алабас, омыртқа өрнегі кілемнің өзгермейтін танымал белгілерінің бірі болды.

Тоқыма түрінің атауымен аталған бескесте кілемі орталық бөлігінің ою-өрнегінің бедерленіп түсуімен көз тартса, қошқар мүйіз, кілт мүйіз өрнегінен тұратын ірі торкөздер қатары байыпты тиянақтылықты білдіреді (465-тқ). Өрнек салуға қатысқан жіптер кілемнің теріс жағында кесте жіптері сияқты кесіліп бос қалады.

Орталық бөліктен және бірнеше жиек оюларынан тұратын үлкен кілемдер ішінен өзінің нәзік көркемдік шешімімен келген алашалар – өздерінше ерекше бір дүниелер. Олар тұрмыстық қажеттілікте кеңінен қолданылады. Алашаны ұзын жалпақ жолақтармен тоқиды да, оларды кесіп, бір ұзындықта біріктіріп тігіп, жерге төсейтін немесе керегеге ілетін кілемше ретінде де ұсталынады. Алаша жасауда тоқудың бірнеше түрлерін пайдалану арқылы шебер бұйымның ою-өрнегін түрлендіру арқылы құлпырта түседі. Алаша тоқудың негізгі заңдылығы ою-өрнектің тек жолақтарға түсуі, тоқу әдісінің сырына бағынышты болса керек. Жергілікті жердің шеберлерінің қолданатын тоқу әдісіне, өрнекті жолақтарды реттеп орналастыруына қарап алашалардың қай жерлерде тоқылғанын ажыратуға болады. Мысалға, оңтүстік елдерінде алаша тоқуда кежім теруді жиі қолданады. Кежім теруде оюдың беті тегіс болып түседі де, оюға түспеген жіптер теріс жағында бос қалып отырады. Қос мүйіз, сыңар мүйіз, сырға оюларының жалғасынан тұратын өрнек тізбектері көңіл көтеретін әуен жолдарындай ерекше сезімге жетелейді. Халық шебері Жайлауованың алашасының реттілік құрылымында қара-ала өрнектердің тепе-теңдікті ұстаудағы ұтымдылығы көркемділіктің тұтастығына ие етіп тұр (419-тқ).

Ал, Шығыс Қазақстан жерінің алашаларының термелеп тоқыған өрнекті жолақтары араларына жүргізілген ені әр түрлі, бірі жіңішке, бірі жалпақ болып келген тықыр жолақтары бытыраңқы орналасады (420-тқ).

Солтүстік Қазақстанның алашаларының бетіне түсірілген күрделі ою-өрнек құрылымы олардың көркемдік жүйесінің байыпты біртұтастығын көрсетеді. Алаша тұтасымен терме тәсілімен тоқылады. Әртүсті төрт-бес жолақ үстіне тұтас түскен бір реңді ою жолдары бірыңғай шешімге жүгінеді (452-тқ). Терме алашалар басқаларға қарағанда тығыз да, қалыңдау келеді. Негізгі ою бет жағында бедерленіп, айқындалып көрініп тұрады да, теріс жағында көлденең жолақтар қалып қояды.

Орал облысының шебері Дәулетова Түния терме алашасында жалпақ жолақтар арасына жіңішке қара күңгүрт түстерді жүргізу арқылы композициялық шешімінде іріленген көлемді сипат алып, керемет шеберлігін көрсете білген (400-тқ).

Музей қорында теңдесі жоқ тамаша өнер туындысы болып саналатын алашалардың бір тобы бар. Оларды сана-сезімнің биік сатысында белең алатын көркем шығармашылық шабыттың нәтижесі деуге болады (398-тқ , 445-тқ , 404-тқ , 402-тқ).


Көркемдік сипаты жағынан баға жетпес ақ басқұрлар мен ақ баулар киіз үйдің сәндік келбетін жандандырып, ерекше салтанат құрады. Ақ түстің үстіне түскен түкті оюлар заттың көркемдік бағасын арттырып, туындылық сатысын биіктетеді. Ақ басқұрлар киіз үйдің архитехникалық құрылымында кереге мен уықтардың біріккен жерін тұтастырып, өзінше жеке сәндік жүйе құрайды. Киіз үй интерьерінің ішкі сипатымен үндесіп, түстік қарама-қайшылыққа түспей, бір қалыпты жарасым табады. Ақ басқұр тоқуда кеңінен қолданылатын бәйтерек ағашының өрнегі әртүрлі құбылыста берілген. Ол төгілген жапырағының немесе шешек атып келе жатқан бүршіктерінің, жай ғана жас шыбықтарының таң қаларлықтай шындыққа жақындығы адамды табиғаттың ұлылығына тәнті етеді.

Ғасырдан ғасырға, атадан балаға өзінің өміршеңдігімен үзілмей жетіп, жетіліп отырған қасиетті тоқыма өнерінің баға жетпес айтулы туындылары – кеше мен бүгіннің ертеңге қалдырар асыл мұрасы.

Кілем тоқу өнері. *Кілем* – арнаулы қарапайым, бетіне түрлі өрнек түр салынып, өте тығыз тоқылатын үй тұрмысындағы бағалы бұйым. Кілем тоқу өнері тұрмыс қажетіне байланысты. Кілем ел арасында кеңінен тараған дамыған өнер. Қазақ халқы кілемді қымбат бағалы бұйымдар секілді жоғары бағалаған. Кілемге түсетін ою-өрнектерден халқымыздың мәдениетін, дәстүрін, қилы замандардың көрінісін аңғаруға болады. Қазақ халқы кілем тоқуға қойдың жұмсақ жіңішке мамық жүндерінде пайдаланады. Қойдың мамық жүні мақта мен қатар маңызды орын алады. Шебер мақтаны тек кілемнің негізгі бөлігін салу үшін пайдаланды. Ал енді кілемнің түрлеріне келетін болсақ олар қара кілем, бұхар кілем, жібек кілем, тақыр кілем, түкті кілем және тағы басқа кілемдер. Терме тоқудың түрлі тәсілдері бар және олардың атаулары да әртүрлі болады. Мәселен түкті кілемді тоқу асқан шеберлікті қажет етеді. Жүнді өрмек жібінен сәл жуандау етіп бірақ бос иіру арқылы тоқиды. Тақыр кілемді тоқу үшін түк орамай ерсі мен қарсы жіпті бояп алып, өрмек әдісімен тоқи береді.

Кілем – арнаулы қарапайым, бетіне түрлі өрнек түр салынып, өте тығыз тоқылатын үй тұрмысындағы бағалы бұйым. Кілем тоқу өнері тұрмыс қажетіне байланысты. Кілем ел арасында кеңінен тараған дамыған өнер. Қазақ халқы кілемді қымбат бағалы бұйымдар секілді жоғары бағалаған. Кілемге түсетін ою-өрнектерден халқымыздың мәдениетін, дәстүрін, қилы замандардың көрінісін аңғаруға болады. Қазақ халқы кілем тоқуға қойдың жұмсақ жіңішке мамық жүндерінде пайдаланады. Қойдың мамық жүні мақта мен қатар маңызды орын алады. Шебер мақтаны тек кілемнің негізгі бөлігін салу үшін пайдаланды. Ал енді кілемнің түрлеріне келетін болсақ олар қара кілем, бұхар кілем, жібек кілем, тақыр кілем, түкті кілем және тағы басқа кілемдер. Терме тоқудың түрлі тәсілдері бар және олардың атаулары да әртүрлі болады. Мәселен түкті кілемді

тоқу асқан шеберлікті қажет етеді. Жүнді өрмек жібінен сәл жуандау етіп бірақ бос иіру арқылы тоқиды. Тақыр кілемді тоқу үшін түк орамай ерсі мен қарсы жіпті бояп алып, өрмек әдісімен тоқи береді. Тақыр кілем – жібі терме алашаға иіргендей ширатылған түксіз кілем. Түктеп теру жіптері ерсі мен қарсыға аралас бойлай тоқылады. Басқұр кілемді тоқуға тек бір түсті теру тәсілі қолданылады. Басқұрлардың ерсі мен қарсы жібі біркелкі ақ жіппен, қызыл, қара, көк түсті жіптермен теріледі. Басқұр, алашалар, орама теру тәсілдерімен тоқылады.



Орама теру тәсілінде өрмектің ерсі мен қарсы жібі бір түспен құрылып, оған ақ қызыл жіптер қолданылады. әр түрлі өрмекпен теріліп жасалатын бұйымдарға басқұр мен алаша тоқу үшін «Кежім теру» және «Бұқар теру» тәсілдері қолданылады. «Кежім теру» мен «Бұқар теру» тәсіліндегі өрнектердің ерсі мен қарсы жібі түрлі-түсті жіптерден теріліп, өрнек астында қалып қояды. Ал «Қайыра теру» тәсілінде өрмектің ерсі мен қарсы жібі бірдей теріліп, бұл екі жіп үш-төрт түсті бояумен боялып, өрмектің ерсі қарсы жағынан да тоқылып шығады. Кілем бетіндегі өрнекті «Аспалы өрнек» деп атайды. Кілемнің арқауы жібектен, мақтадан, түйе жүні аралас әрі жуандау етіп иіріледі. Кілемді тоқу үшін көптеген кілем жабдықтары керек. Олар адарғы тарақ, тартпа, отырғыш, кесермен пышақ, қайшы, желі жіп, арқау, түктік жіп, түкті жүндер т.б. Адарғы бұл яғни кілемге тоқылатын өрнек. Жіп пен ұрғашы жіпті бір-біріне ерсілі – қарсылы, жоғары – төмен алмастырып отыратын ағашты айтады. Ал адарғы тарақ бұл – кілемнің өрнегіне пайдаланылған жіптерді түкті арқауға мықтап бастырып отыратын құрал.

Адарғы тарақтың қолға ұстайтын сабын қайың ағашынан немесе еменнен жасайды. Тарақтың сабтары қарапайым зімпара қағазымен тазаланады. Отырғыш – бұл қайыңнан немесе қарағай ағашынан жасалынып, ұзындығы 3м-дей екі аяғының биіктігі 45-40см болып желімге отырғызылып шегеленеді. Шебер кілемді тіке тұрып тоқығанда отырғышты пайдаланады. Ал кесер мен пышақ – бұл кілемнің өрнек жіптен арқауға байлаған соң, артық жіптері кесіп тасталатын құралды айтады.

Қайшы бұл – кілем түгін қиюға арналған жабдық. Кілем тоқитын шеберге үлкен қайшыны пайдаланған дұрыс. Жіп жалғау – бұл кілемнің желі жіптерінің

үзігін тауып байлауды айтады. Егер үзілген жібі байланбаса кілемге салынған түр қисық түсуі мүмкін. Еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан қозғалтып өткізілетін кергіге шатысты ұстап тұратын жіпті арқау дейміз.

Еркек жіп – желі жіптерді күзуде тұрған үстіңгі жіптерін айтады. Төсек жіптерінің төменгі күзусіз жіптерін Ұрғашы жіп деп атайды. Төсек жібінің орта шетінен көлденең түскен еркек жіпті жалғастырып тұратын жіпті күзу дейміз. Еркек жіп пен ұрғашы жіптің адарғының көмегімен айқасуын шатыс деп атайды. Еркек жіппен алып ұрғашы жіпке салып орағанды шалу деп атайды. Кілем тоқу барысында кілем бетіне түрлі-түсті өрнектер салынып жібі өрмектің ерсісіне оралып, арқаумен бекітіліп отырылады. Теріліп тоқылатын бұйымдардың жіптері түрлі-түсті бояумен боялады. Қызыл, қара, көк, сары, ақ түстер кілем өрнегінде жүргізіледі. Қазақ халқында тоқылған кілемдердің сапасы, түсі өте жоғары бағаланған. Кілемдердің өте жоғары бағалануының себебі кілемге пайдаланатын қой жүнінің сапалылығы жатады. Кілем тоқитын шебер кілемнің түк жіптерін санап, жіптерін тез суырылатын етіп домалақтан еніне жеткенше бір шалып шығады да, кесермен қиып адарғы тарақпен бастырып қағады. Кілемнің бояу, тоқу, түр салу әдістерінен бір-бірінен өзгешелігін байқауға болады. Кейбір кілемдерді мақтаны өрнек салуға, түр салуға пайдаланумен бірге кейде жібектен де кілем тоқыды. Кілем бетіне сәнді етіп кілем тоқитын әр түрлі ирек бұрма, су өрнек сызықтарын, беделі ою-өрнектер жүргізеді, орындалуы киіз кілемге ұқсас болып келіп, ою - өрнегі симметриялы түрде орналасқан.

Бақылау сұрақтар

1. Жүннен жасалатын жіптің иіру түрлері қандай?
2. Кілемнің тоқылу тәсілдерінің ерекшелігі неде?
3. Кілем тоқуға қажетті бұйымдардың атауы қандай?
4. Кілемнің қандай түрлерін білесің?

Тақыр кілем тоқу өнері

Жоспар

1. Қазақ халқының кілем өнері.
2. Тақыр кілемді тоқу әдістері.

Мақсаты: Студенттерге тақыр кілем тоқу тәсілдерін түсіндіре отырып, ұғындыру.

1. Қазақ халқының кілем өнері. Халық – кілемді үй жасауы дейді. Кілем – жайсақ төсек, ілсең үйдің сәні. Кілемнің бұл қасиеті әлі де өз мәнін жойған емес. Шығыс елдерінде оны тоқып, тұтынбайтын халық болған емес. Кілем бетіндегі сан килы сәнді өрнектерге қарап отырсаңыз тұнып тұрған халық өмірінің шежіресін көргендей боласыз. Халықтың тұрмысы, көшпелі елдің ағаш үйі, мал қорасы, ескі қорғавдар, жүзім баулар – осының бәрі кілем бетінде

бейнеленген. Кілемдегі суреттер қаншама шартты түрде бейнеленгенімен, ондағы өрнектерден өмір шындығын аңғару қиын емес.

Кілем өнері қазақ топырағында бұдан мыңдаған жылдар бұрын, қарапайым халық шеберлерінің ой қазынасынан шығып, олардың шебер қолдарымен тоқылады. Қазақстанда кездесетін кілемдердің түрлері де, атаулары да көп. Мысалы: бұқар кілем, жолақ кілем, жібек кілем, масаты кілем, манта кілем, қалы кілем, қара кілем, құлпырма кілем, тақыр кілем, түкті кілем, ақсирақ кілем, алаша кілем, әндіжан кілем, түркімен кілем, адай кілем атаулары-ақ қазақ халқының кілемдер жасаумен ертеден айналысқанын, олардың әр түрі әр жерде жасалғандығын көрсетеді.

2. Тақыр кілемді тоқу әдістері. *Тақыр кілем* – жібі терме алашаға иіргендей ширатылған түксіз кілем. Түктеп теру жіптері ерсі мен қарсыға аралас бойлай тоқылады. Басқұр кілемді тоқуға тек бір түсті теру тәсілі қолданылады.



Басқұрлардың ерсі мен қарсы жібі біркелкі ақ жіппен, қызыл, қара, көк түсті жіптермен теріледі. Басқұр, алашалар, орама теру тәсілдерімен тоқылады. Орама теру тәсілінде өрмектің ерсі мен қарсы жібі бір түспен құрылып, оған ақ қызыл жіптер қолданылады. әр түрлі өрмекпен теріліп жасалатын бұйымдарға басқұр мен алаша тоқу үшін «Кежім теру» және «Бұқар теру» тәсілдері қолданылады. «Кежім теру» мен «Бұқар теру» тәсіліндегі өрнектердің ерсі мен қарсы жібі түрлі-түсті жіптерден теріліп, өрнек астында қалып қояды. Ал «Қайыра теру» тәсілінде өрмектің ерсі мен қарсы жібі бірдей теріліп, бұл екі жіп үш-төрт түсті бояумен боялып, өрмектің ерсі қарсы жағынан да тоқылып шығады. Кілем бетіндегі өрмекті «Аспалы өрнек» деп атайды. Кілемнің арқауы жібектен, мақтадан, түйе жүні аралас әрі жуандау етіп иіріледі. Кілемді тоқу үшін көптеген кілем жабдықтары керек. Олар адарғы тарақ, тартпа, отырғыш, кесермен пышақ, қайшы, желі жіп, арқау, түктік жіп, түкті жүндер т.б. Адарғы бұл яғни кілемге тоқылатын өрнек. Жіп пен ұрғашы жіпті бір – біріне ерсілі – қарсылы, жоғары – төмен алмастырып отыратын ағашты айтады. Ал адарғы

тарақ бұл – кілемнің өрнегіне пайдаланылған жіптерді түкті арқауға мықтап бастырып отыратын құрал.



Адарғы тарақтың қолға ұстайтын сабын қайың ағашынан немесе еменнен жасайды. Тарақтың сабтары қарапайым зімпара қағазымен тазаланады. Отырғыш – бұл қайыңнан немесе қарағай ағашынан жасалынып, ұзындығы 3м-дей екі аяғының биіктігі 45-40см болып желімге отырғызылып шегеленеді. Шебер кілемді тіке тұрып тоқығанда отырғышты пайдаланады. Ал кесер мен пышақ – бұл кілемнің өрнек жіптерін арқауға байлаған соң, артық жіптері кесіп тасталатын құралды айтады.

Қайшы бұл – кілем түгін қиюға арналған жабдық. Кілем тоқитын шеберге үлкен қайшыны пайдаланған дұрыс. Жіп жалғау – бұл кілемнің желі жіптерінің үзігін тауып байлауды айтады. Егер үзілген жібі байланбаса кілемге салынған түр қисық түсуі мүмкін. Еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасынан қозғалтып өткізілетін кергіге шатысты ұстап тұратын жіпті арқау дейміз.

Төсек жіптерінің төменгі күзусіз жіптерін Ұрғашы жіп деп атайды. Төсек жібінің орта шетінен көлденең түскен еркек жіпті жалғастырып тұратын жіпті күзу дейміз. Еркек жіп пен ұрғашы жіптің адарғының көмегімен айқасуын шатыс деп атайды. Еркек жіппен алып ұрғашы жіпке салып орағанды шалу деп атайды. Кілем тоқу барысында кілем бетіне түрлі-түсті өрнектер салынып жібі өрнектің ерсісіне оралып, арқаумен бекітіліп отырылады. Теріліп тоқылатын бұйымдардың жіптері түрлі-түсті бояумен боялады. Қызыл, қара, көк, сары, ақ түстер кілем өрнегінде жүргізіледі. Қазақ халқында тоқылған кілемдердің сапасы, түсі өте жоғары бағаланған. Кілемдердің өте жоғары бағалануының себебі кілемге пайдаланатын қой жүнінің сапалылығы жатады. Кілем тоқитын шебер кілемнің түк жіптерін санап, жіптерін тез суырылатын етіп домалақтан еніне жеткенше бір шалып шығады да, кесермен қиып адарғы тарақпен бастырып қағады. Кілемнің бояу, тоқу, түр салу әдістерінен бір-бірінен өзгешелігін байқауға болады. Кейбір кілемдерді мақтаны өрнек салуға, түр салуға пайдаланумен бірге кейде жібектен де кілем тоқыды. Кілем бетіне сәнді етіп кілем тоқитын әр түрлі ирек бұрма, су өрнек сызықтарын, беделі ою-

өрнектер жүргізеді, орындалуы киіз кілемге ұқсас болып келіп, ою-өрнегі симметриялы түрде орналасқан

Бақылау сұрақтар

1. Тақыр кілемнің қандай түрлері бар?
2. Тақыр кілем тоқуға қандай құрал-жабдықтар қажет?
3. Тақыр кілем тоқудың ерекшелігі және арнаулы жіптердің түрлері қандай?


Гобелен тоқу өнері

1. Гобелен тоқу өнерінің бірі.
2. Гобелен тоқу әдісі

Мақсаты: Студенттерге кілем тоқу өнерінің бірі – гобелен тоқу жайлы, оның әдістері туралы түсіндіру.

Гобелен тоқу өнерінің бірі. Гобелен өнерінің шығу тарихы ХХ ғасырдың басынан басталады. Атап айтқанда бұл өнер Франция, Италия, Испания, Германия елдерінде жақсы дамиды. Кейінірек ол Прибалтика, Кавказ және Ресейде кең өріс алды. Гобелен тоқуда кеңдік жіп, теңіз шөптері және жүннен ийірілген жіп пайдаланылды. Прибалтика елдері гобелен тоқуда композициялық суретті толқын тәрізді бедерлесе, Кавказ гобелен тоқымашылары өз шығармаларында тарихи оқиғаларды, эпостарды бейнелеуге тырысты. Ресей суретшілері гобеленді тақыр кілем үлгісімен тоқып, оны сюжеттік суреттермен бедерледі.

Гобелен көркем шығармашылық туындыға жатады. Сондықтан гобелен өнерінің сәндік-қолданбалы өнерде алатын орны ерекше. Гобелен өнерінің қазақ қолөнеріне қадам басуы, қарқындап дамуы 1970 жылдардан басталды. Осы жылдары біздің елде тақырыптық, тараң философиялық мазмұнды көркем туындылардың алғашқы бастамасы қалыптасты. Ұлттық дәстүрлі тоқыма өнері аз уақыт ішінде жаңа сипатқа ие болып, гобелен өнерімен тоғысты.




Кілем түкті және түксіз болып екіге бөлінеді. Түксіз кілемнің екі жағы да тақыр, ал түкті кілемнің бетіне түк шалу ерекшелігі көрсетіледі. Қазақ қолөнерінің ішінде тоқу өнері де кең орын алады. Тұрмыс мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, қой, ешкі, түйе жүндерінен тек

кілем ғана емес, алаша, басқұр, қоржын, ат жабу, қол дорба, жол дорба және т.б. көптеген үй мүліктерін тоқыған. Халықтың «үй жасауы – кілем» дегенідей, тұрмысымызда кілем әрі төсеніш, әрі сән үшін қолданылады.

2. Гобелен тоқу әдісі. Гобелен немесе түксіз кілем тоқылуы негіз және арқау жібінің айқасуынан пайда болады. Сол себептен тоқу барысында арқау жіптері негіз жібін жауып тастайды. Кілем тоқу кезінде тарақпен немесе шаньшқымен жұмыс жасалады. Гобелен тоқу үшін алдымен салынбақшы тақырыптың мазмұны суретке түсірілетіні, содан кейін суреттегі бояу рендерін келтіру үшін әр түсті жіптерді біріктіріп не араластырып та тоқуына тура келетіндігі айтылады.

1 кв / дм –ді өлшеу. Тығыздығын есептейміз, яғни физика пәнінен өтілген сұйық заттардың және қатты денелердің тығыздығын қайталаймыз. «Бос тоқылған» және тығыз тоқылған заттардың тығыздығы салыстырылады. 10 см квадратта арқау жіптерінің саны 1 кв / дм – ге тең. Түгіне байланысты бір жақты және екі жақты кілем түрлері болады. Түкті кілем негіз, арқау, түк жіптерінің айқасуынан пайда болады. Теріс жақ беті тықыр, оң жағы түкті болады.

Гобеленді көлеміне байланысты шағын және көлемді қылып тоқыймыз. Шағын гобеленге станокты ағштан да, темірден де жасауға болады. Раманың ұзын қабырғалары $AD = BC = 60$ см, қалыңдығы 2-3 см, ені 8-10 см, ал қысқа қабырғалары $AD = CD = 40$ см, диаметрі 5-6 см жұмыр ағаштан не темірден жасалатындығы айтылады. Бұл станоктың ыңғайлылығы арнайы бекітілетін орынды қажет етпейді, әрі оқушыларға жеке тоқығанға ықшамды. Көлемді гобеленге станок 2x3 м стандартты кілем үшін жасалған.



Түк шалу түрлері

Бір жарым және екі түйінді шалуға жаттығу. Бір жарым түйінді тоқу үшін сол қолдағы түр жіпті негіздегі оң жағындағы жіптің астынан үстіне, ал оң жақтағы жіпті үстінен астына қарай орап, жіптің екі ұшын теңестіре қайшымен кесеміз. Түк биіктігі 4-5 мм болу керек. Әр қатардағы түктер дер кезінде қырқылып, тегістеліп отырылмаса кілем әдемі болмайды.

«Кестенің сыры – түрінде, кілемнің сыры – түгінде» - деген нақыл сөздің тегін айтылмағаны шындық.

Кілем тоқуда кететін қателіктер және оны болдырмау жолдарына тоқталайық.

Негіз құрудан болатын, арқау өткізуден болатын қателіктер. Эскизбен жұмыс істеуден және қырқудан кететін қателіктер. Кілемнің енсіденіп кетуін болдыртпау жолдары.


1. Кілем негіз жіптерінің арасы 4-5 мм – ден кем, не артық болса салмақшы өрнегіміз ұзарып, не қысылып түседі.

2. Арқау тартып өткелісе, кілем енсіденіп, трапеция формалы болып шығады.

3. Эскиз бойынша түк шалғанда негіз жіптеріне жұптап есептелмегенде.

4. Түк биіктігі біркелкі қырқылмаса дұрыс болмайды.

Қорыта келе кілемнің екі түрі – түксіз және түкті болатынын, кілем тоқу әдісімен алаша, қоржын, басқұр тоқылатынын қайталаймыз. Гобелен негіз жібі мен арқау жібінің айқасуымен тоқылады, композициясы субъектке түрлі бояулар арқылы түсіріледі. Түкті кілем оң жағы түк те, теріс жағы түксіз болады. Ол негіз, арқау және түк жіптерінің айқасуымен пайда болады, бір жарым және екі түйінді шалу түрлері қолданылады.



Бұл өнерді дамытуға ерекше үлес қосқан Қазақстан суретшілері ретінде Қ.Тыныбеков, Б.Зәуірбекова, И.Ярема, Ә.Бапанов, С.Бапанова, Л.А.Анисимова, Қ.Жұбаниязова, С.Иляева, А.Иванова, Е.П.Николаева, Н.И.Павленко, Б.Өтепов, Ш.Қожаханов т.б. атауға болады.

2. Ұлттық сәндік қол өнерімізді шындауда кілем, гобелен тоқу өнерінің алатын орны

Қазіргі кезде біздің елімізге жаңашалап, жаңа бағытта жеткізіліп отыр. Ұлттық қолөнер бұйымдарының маңызы, мәні сәндік қолөнері халық тұрмысынан берік орын алған. Кілем, гобелен тоқу өнері – ежелден қолданылып келе жатқан өнердің бір түрі. Гобелен өзінің құрылған композициялық бағыты мен әсем құндылығымен жылдар, ғасырлар бойы сақталып келеді. Қазақ тоқыма өнері де дәстүр сабақтастығына қызмет ете бермек. Кілем тоқу тұрмыс қажетіне

байланысты халық қол өнерінде ертеректен белгілі, ел арасында кеңінен тараған, дамыған өнер. Кілем тоқуда киіз үй басу сияқты көрмелер арасындағы ұлтшылдықпен өзара көмек, қолғабыс көрсетудің тындыратын ісі. Кілем күнделікті кеңінен таралған жүннен жасалған бұйымдардың ішінде басты орын алып, әлі күнге дейін маңызын жоғалтпай келеді .

Ұлттық сәндік қол өнерімізді шыңдауда кілем, гобелен тоқу өнерінің алатын орнын анықтаудағы басты мақсат – көне заманнан келе жатқан тоқыма өнерін жоғалтпай әрі қарай жаңа идеялар мен толтыру. Ұлттық нақыштағы сәндік гобелен өнерінің технологиясында жіптің түрлерін, жасалу жолдарын түкті және тықыр техникамен ашып көрсету және гобелен тоқу дәстүрін ұлттық кілем тоқу өнер дәстүрімен байланыстыру. Гобелен халықтың күнделікті пайдаланылатын бұйымдарының бірі, гобелен өзінің композициялық мазмұнымен көрікті және әдемілігімен ерекше.

Қазіргі жас шеберлерінің өздерінің жұмыстары олардың идеялық мазмұндарын қайта жанғыртуда. Мұның өзі шеберлердің басым көпшілігі жан-жақты салауатты, білімді, өнердің түрлі салаларымен таныс адамдар екенін көрсетеді. Қолөнер деп тұрмысында жиі қоданылатын өру, тігу, мүсіндеу, тоқу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде қолөнер түрлерінің әр қайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Сол сияқты кілем тоқу өнері ертеден келе жатқан ұлттық қол өнеріміз. Кілем – үй жасауы деп санаймыз, оны жерге төсеуге, қабырғаға ілуге болады және кілем иірілген тоқыма жіппен, шалу әдісімен тоқылады. Кілем түкті және түксіз болып бөлінеді. Түк салып тоқу өнері көбінесе Қызылорда, Торғай, Қостанай, Шымкент өңірлерінде жақсы дамыған.

Гобелен – суретті, түксіз, қабырғаға ілінетін және жерге төселетін кілем, яғни қолмен тоқылған кескіндеме. Гобелен – сәндік қолданбалы өнер түріне жатады. Гобелен –өнерінің шығу тарихы әр елдің әр халықтың өзіне тән тарихи және рухани сән-салтанаты, салт-дәстүрі бар. Бүгінгі ұрпақтың көзқарасымен заман талабына сай өнердің тамыры тереңге жайылып биікке құлаш сермеп бара жатқаны көңіл қуантарлық жай. Заман талабына сай жаңа өнерімен ұштастырып, шеберлікке үйретіп тәрбиелік мән беріп әсемдікке баулуымыздың олардың болашағы үшін маңызы бар. Қолдан жасалған бұйымдарының, тоқыған кілемдерінің суреттерінде философиялық мағнасы бар, мәні де тереңде жатыр. Суреттермен безендірілуі, ою-өрнектерімен олардың ғажайып реңдер үлесі мен әрбір адамға үлкен ой тастамай қоймайды. Гобелен негізін көркем шығармашылық туынды болып табылады. Сондықтан гобелен өнерінің сәндік қолданбалы өнерде алатын орны ерекше. Кілем тоқу өнері сияқты гобелен тоқу өнері ерте кезден көшпенділер тұрмысымен қатар дамыды. Әсемдік деңгейде көп тараған қолөнер шеберлерінің туындыларының бір бөлігін кілемдер құрайды. Қолданбалы өнердің ішінде тек гобеленде ғана сан-саналы тәсілдер қолдану керек. Бірнеше жылдың ішінде оның толыққанды тамыр жаюына салт-дәстүріміздің сақталғаны септігін тигізсе керек. Біздегі тоқыма өнері, кестелеп өрнек салу, киіз басу мен кілем тоқу –осының бәрі түптің түбінде жана

қолданбалы өнердің қалыптасуына негіз болды. «Гобелен» деген кілем немесе суретті кілем деген мағнаны береді. Суреттермен безендіру қазіргі біздің қолданып жүрген гобелен деген сөз XIII ғасырда қолданылған. Гобелен өнерінің шығу тарихы XV ғасырдан басталады. Ең алдымен Франция, Италия және Германия елдерінде дамыды. Кейінен Балтық жағалауында Кавказ және Ресей елдерінде кең өріс алды. Тоқыма өнерінен бастау алды. 1620 жылы париждік отбасы гобеленовтардың сюжетті өрнекті композициялары «гобелен» атауымен халыққа танымал болды. Ұлттық дәстүрлі тоқыма өнері аз уақыт ішінде жаңа сипатқа ие болып, гобелен өнерімен тоғысты. Қазақ гобелені әрқашанда дәстүрмен сабақтас қызмет етуге тиіс. Гобелен – кілем сәндік бұйым. Оны қазіргі кезде тәжірбиелі суретшілер қолға алып, жаңа өрнекпен тоқиды. Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай алуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап өмірді сән-салтанатты құра білді. Бұдан біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да халық өнерімен сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн-көрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екенін көрсетеміз. Гобелен негізі көркем шығармашылық туынды болып табылады. Гобелен кілемінде белгілі тақырып бойынша қайталанбас суреттер көрініс береді. Оның жай кілемдерден айырмашылығы суреттері мен түстерінде әсем тоқу ерекшелігі бар. Ол ұзақ ізденісті, қол еңбегін қажет етеді. Қазақ халқының қолөнерінің аса қымбат, қайталанбаған сұлулығын, ғажайып көркем тоқымашылық өнерден көреміз. Қазіргі кезде қолөнер туындылары қолға түспес бұрын асыл дүние, қымбат бұйымға айналды. Көз жауын алатын осындай дүниелерге сұраныс өсті. Әр кім өз халқының қымбат қазынасын сақтап, оны қастерлеп отыруы тиіс. Бұл өнерге деген іңкәрлікті аңғартады. Халық шеберлері байлыққа-байлық қосып, молшыл жасау мен қатар, сол баршылықты байыпты етуге тұрмыстың жиһаз мүліктерімізді сәндеуге, безендіруге үлкен үлес қосты. Тоқымашылықтың жоғары деңгейін көрсететін гобелен тоқу өнерінің жас ұрпақтың рухани қалыптасуына да әсері зор.

Қорыта келгенде «үй жасауы – кілем» дейді. Кілем жайсаң төсеніш, ілсең сән. Осындай ел аузына ілінген, асыл қасиетін әлі де сақтап келе жатқан бағалы зат. Қиын да қызықты өнер кілем тоқу қазақ топырағында бұдан мың жылдар бұрын, қарапайым халық өнерпаздарының ой қазынасынан шығып, шебер қолдармен тоқылатын. Ауқымды, кең кілемдер, гобелендер ерекше топқа жатқызылады. Қазақтың гобелені – тың, қызықты һәм болашағы бар көркемдік құбылыс. Бірнеше онжылдықтың ішінде оның толыққанды тамыр жаюына салт – дәстүріміздің сақталғаны септігін тигізсе керек. Қазақстанда қалыптасқан салт бойынша тоқыма бұйымдар атам заманнан қолданылып келген, үй ішіне оңашалық пен жылылықты дарытқан. Осындай дәстүрде өсіп – өнген Қазақстан гобеленшілері орасан зор, ауыз толтырып айтарлық өнер туындыларын дүниеге келтірді. Қазақ халқы талай ғасырларда қиыншылықтың қырына қарамай кейінгі ұрпақтар үшін көптеген өнер мұраларын қалдырды. Олар біздің

өміріміздің зейнеті болуы үшін күрескенде неше түрлі азапты—от пен судың тар жол, тайғақ кешуінен өтті. Өнерлі өрге жүзер дейді халық, гобелен тоқуды қолөнердің өзіндік қыр сыры мол, қиын әрі озық түрлерінің бірі десек те болады. Оның айғағы тарихын қалыптастырып келген, сан ғасырлар бой тұрмысқа байланысты, нобайларына лайықталып келген ою-өрнек түрлерін оның мазмұның жанара түсіп, бет-бедеріне тұрмыс-тіршілікке байланысты тың мағына беретін туындылардың пайда болуы. Гобеленнің даму тарихы мен одан әрі өркендеуінің осы күнгі нәтижесіне көз жетерлік.

Гобеленнің даму сатысын әрдайым кеңістікке байланысты сапалы түрде даму үстінде болады. Классикалық гобелен кеңістікте дами отырып өз заманында өлшемі жағынан да белгілі бір шектеуден шыға алмаған. Дәлірек айтқанда бұл тоқыма өнерімен орындалған белгілі бір жазықтықты толтыратын түс жазба (картина) – яғни қабырға айпасы ғана болатын. Даму сатысында архитектуралық кеңістік құрылымның әсері болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен де классикалық гобеленнен алыстап кете алған жоқ. Гобелен өзінің бейнесі, суретімен құрылымы интерьер масштабна сәйкес болған жағдайда және оны тереңдетіп, дамыта түседі де, бірақ өзінің жазықтығы кескінін сақтап қалады. Кеңістіктің осындай әсерін мазмұнды композиция деуге болады. Гобелен композициясын өз заманының кескіндемесіне лайық айшықты коларистикасымен, дүниетанымдық болмысын ерекшеленіп отырады. Осындай тепе-теңдікте архитектуралық кеңістікпен гобелен арасында жылдар бойы байланыс ұлғая түседі.

Қазіргі заман интерьері тоқыма шығармашылығы саласынан білімділікті, бейімділікті, кәсіпкерлік шеберлікті, үлкен бір, шығармашылықты, өзіндік стильді талап етеді. Гобелен қабырғаны әсемдеуші болып қана қоймауы қажет. Оның ерекшелігі, оның әсемдігі, суреті, құрылымы эскизге таңдалынып алынған айшықты композициясы, адамның қызығушылығын арттырып, эстетикалық таным талғамын оятатын лирикалық сезіммен, философиялық ойларға толы болып, көрерменнің сұлулықтан әсер алуына септігін тигізуі қажет екендігін айта келе гобеленің кен ауқымды дамуына өз үлесімді қосуды мақсат еттім.

Құрасбек Тыныбеков (1947 -1980) шығармашылығының дамуы тікелей гобелен тоқу өнерімен байланысты. Оның шығармашылық ізденісіндегі басты жетістігі – классикалық гобелен тоқу дәстүрін ұлттық өнер дәстүрімен сабақтастыру болып табылады. Ең алғаш орындалған гобелендері: «Шопан» (1970), «Отбасы» (1973), «Көктем» (1974), «Тау мен дала» (1975). Осы туындылар қазақ гобелен өнеріндегі композициялық құрылымы күрделі, бояу үндестігі басым туындылар болып табылады. Сондай-ақ «Өмір ағашы» (1976), «Байқоңыр ырақтары» (1977), «Аққу ән» (1980), «Композиция» секілді гобелендері де өздерінің терң философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. Олардың композициялық құрылымында фольклордық сарын басым.

Бәтима Зәуірбекова (1946 жылы туған) ең алғашқы туындыларында сәндік ұлттық ою-өрнектерді сюжеттік көрініске ұластырып көзге түссе,

кейіннен тақырыптық дүниелер жасауға бел байлады. Б.Зәуірбекованың гобелендері нәзік бояуларымен дараланады. Оның «Керуен» (1973), «Дала аруы» (1979), «Жер – Ана» (1984) атты шығармалары сиқырлы әуенге толы. Ал «Қазақстан» атты көркем туындысы көп тұлғалы композициялық шығарма болып табылады. Мұндағы Қазақстанның кең байтақ даласының көріністері ою-өрнек, бояу үндестігінің табиғи шешімдері арқылы табылған. Шығарманың композициялық құрылымы тек бір бағытқа өрістеген күрделі үш бөліктен тұрады. Белгілі шебер Б.Зәуірбекова көлемі шағын туындылармен қоса, кең тынысты лирикалық – эпостық мазмұндағы күрделі, іргелі туындылар жасау жолында да жемісті еңбек етіп келеді. «Жіп иіруші қыз» (1972), «Көктем» атты (1974) големі.

Ирина Зиновьевна Яреманың (1931 жылы туған) гобеленді көркем шығармалары Қазақстан өнеріне қосқан үлкен үлес болып табылады. Оның «Маңғыстау» (1974) атты гобеленінде осы өңірдегі өндіріс, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, фабрика, зауыт, электр энергиясы, мұнай-газ өндіру мекемелерінің көріністері жан-жақты шығармашылық сипат табады. Әр алуан геометриялық үйлесім тауып, көз алдымызға динамикалық қозғалысты алып келеді. Нәзік үндескен бояу айшықтары сыршыл сезімдерге жетелейді.

Қазақ қолөнеріндегі тоқымашылықты дамытуда **Сәуле және Әлібай Бапановтардың** қолтаңбасы да айрықша. Ерлі-зайыпты суретшілердің «Ұлы бәйтерек», «Кеңістік», «Аймақ», «Саяхаттау» атты гобелендері композициялық құрылымымен, ұлттық тақырыптағы мазмұнға сай орындалу шеберлігімен көптеген шетелдерде танылды. Әсіресе «Саяхаттау» атты гобелендік шығармасы ұлтымызға тән өміршең көркем туынды болып табылады. Гобеленнің композициялық құрылымындағы желілік, суретті шешімдер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, өмірі, салт-дәстүрінен сыр шертеді. Ұлы Жібек жолының көш көлігі болған, төрт түлік малдың төресі – түйе шығармада басты кейіпкер ретінде алынған.

Қазіргі кезде гобелен дегенге ой жүгіртсек, бәрінен бұрын оның әр түрлілігі еске түседі.

Гобеленнің кісіге әсері ерекше. Оның фактурасы мен түр-түсі қосылып, бір сиқырлы сезімге бөлейді. Витраждағы ашық бояулы жазықтықтар қиылысының көз байлайтын кереметтілігі де бар. Осы әсерлі жұмыстың бір ғажабы – жүнді бояп, тоқуға дейінгі шаруа тек қолмен атқарылады. Олар бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Кейбір кезде мұндай одақтар бірлігінің беріктігі тек қана ұқсастығында емес, белгілі бір дәрежедегі мінез-құлықтарының керғарлығында жатқан тәрізді. «Мәңгілік», «Жаратылыс» атты туындыларына айқын бөлінеді.

Бақылау сұрақтар

1. Гобелен деген не?
2. Гобеленді неден жасайды?

3. Гобелен тоқу әдістерін атап шығыңыз

4. Түк шалу түрлері қандай?

Арқан

есу

Қазақтың күнделікті тұрмысында, шаруашылықта арқанның қолданыстық аясы өте кең. Арқан есуге ер адамдар да, әйелдер де қатысқан. Арқанды көбінесе қойдың жабағы жүнінен, сонымен бірге ешкі жүні мен жылқы қылынан, ширатып, пысытып бұрап ескен. Арқан есу үшін алдымен жүнді иіруге арнап түтіп, созып арқан шүйкесін жасап алады. Шүйке қой, ешкі жүні, жылқы қылымен бірге жаймаланып, одан орамға айналып, алақанда қабатталып ширықтырылады, ол шүйкелік жүн деп аталады. Түтілген, яки сабалған жүнді үзіп алып, төсеніш үстіне жаймалап қойған қылдың үстіне жазып салып, бір шетінен бастап жұмырлай отырып шиыршықтап, ұзындығы 30-35 см болатындай жуан шүйке дайындайды.



Бөлек-бөлек дайындалған шүйкелерді жалғастыра отырып ескенде, олардың ұштарын созбалай отырып, су салып дымдап, екі шүйкенің ұшын бір-бірімен кіріктіреді. Бір-бірімен жалғастырып ширатуды септеу, септеулердің ұштарын қосып ширатуды селбестіру, шүйкенің бітер жерін, ұшын сілем деп атайды. Арқанға арнап шиыршықтып есілген, бір-бірімен жалғастырылған ұзын шүйкені _____ тін _____ дейді. Шүйкелерді септеп, селбестіре отырып дайындаған тіннің үшеуін кереге көзінен өткізіп, олардың әрқайсысын 5 – 6 метрдей жерге апарып, ұштарын

ағаш кесіндіге орайды да, үш адам үш тіннің барлығын бір бағытқа қарай тартыңқырап тұрып бұрайды. Арқан тіндерін әбден ширықтыру керек, қолының күші бар бір адам үйге кіріп, тіндердің айқасқан тұйық түбіне бір – екі тілдей жіп өткізіп алып, өзіне қарай тартып, ширық бағытына қарай бұрап тұрады. Арқан сапалы шығу үшін әрбір тін бірдей ширауы керек. Үй ішінде жұмырланып тартылған арқанның ұшын керегенің көзінен сыртқа шығарып, тартылған арқан ұштары түйіп байланады, мата қиындыларымен бекітіп тігіледі. Дайын болған арқанды екі қазыққа керіп орап тастап, біраз уақыт ширығы қанғаннан кейін пайдаланады. Сыр өңірінде арқан есуді арнайы бір адам кәсіп етпеген, арқан есу күнделікті үй тіршілігінде дамыған. Ал Ә.Диваев арқаншы кәсібінің болғандығын жазып кеткен. Ертеде арқан есу әдісін әрбір қазақ меңгергендігін айтады. Желі арқан – мал сауу үшін малдардың төлдері мен енелері байланатын, арнайы керілген арқан. Желі арқанның яғни желінің бұзау желісі, құлын желісі, бота желісі сияқты түрлері болады. Желінің қозы көгендеуге арналған түрі көген, қозының басына кигізілетін бөлігі бұршағы деп аталады. Сыр өңірі қазақтардың арқан есу сәтін 1870 жылы А.Кун, одан кейін ауыл шаруашылығы санағы кезінде статистар түсіріп алған.

Қамшыны қалай өреді? Қамшы сыры Қазақ халқының мәдени-тұрмысында, салт-дәстүрінде, рухани зердесінде қамшының алатын орны ерекше. Қамшы өнер туындысы, сый-сыяпаттың төресі, ер жігіттің серігі, айбыны, шаңырақтың киесі, тіпті, кейде батырдың қаруы да болған. Оны жай ғана ат айдайтын құрал деп айта салу ағаттық. Осы сөзіміздің дәлелі бола алатын «Ақ дариға» әнінің мына бір шумақтарына назар аударып көріңізші: Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі, Айтайын мен бір сөзді күлдіргелі. Орныңнан әрі отырған, ахау, бермен отыр, Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі-ай. Ауылда өскен әрбір қара домалақ қазақ атқа мінбес бұрын қамшыны қолға алады. Мейлі, қолға алмағанның өзінде үй төрінде ілулі тұратын осы бір бұйымның атауының нені білдіретінін ойлап көрдіңіз ба? Қамшы сөзінің шығу тегі туралы бірнеше нұсқалар айтылады. «Қамшы» сөзіндегі "қам" түбірі қазақ тілінде бірнеше ұғымға ие. Қам – шикі, шылғи, шала, қам-қарекет, қимыл, айла, тәсіл, амал, қам-уайым, қайғы, қамығу, қам-қамдану, әзірлену, даярлану. Әрі қарай: қамба, қамау, қамал, қамту сөздері мен терісі құнды аңдар қама, қамар, қамшат; қымбат маталар – қамқа, қамқап болып келеді де, барлығының түбірі қам деген сөзден түзіледі. Қамшы өрімі иленбеген шикі, шылғи теріден де өріле беретіндіктен әрі кейде бір ұғым беретін осы сөздер қосарлана айтыла беретіндіктен: қам – шикі, қамшы, қам – шылғи-қамшы түрінде қамшы сөзі қалыптасты деген тұжырымдар бар. Нағыз қамшы әбден иленген сиыр терісінен 3 таспадан 40 таспаға дейін өріледі. Таспа неғұрлым көбейген сайын жіңішкере береді, әрі ажарлана, күрделене түседі. Бір қызығы, дәл осы өрімге байланысты қамшының бірнеше түрі, яғни, бірнеше атауы бар. Мәселен, ат қамшы, дыр қамшы, дырау қамшы, дойыр қамшы, дойыр қамшы, дүре қамшы, ұзын қамшы, шолақ қамшы, сары ала қамшы, білеу қамшы, орама санды қамшы, мүйіз сапты қамшы, киелі қамшы, қасиетті қамшы, тобылғы санды

қамшы, шашақты қамшы, бала қамшы, құрау қамшы, шыбыртқы қамшы. Шеберлер бұл бұйымның басына күміс, жез, тері секілді мойнақ салады. Осы қасиетіне орай, күміс мойнақ, жез мойнақ, сара ала мойнақ, ақ мойнақ қамшы деген түрлері бөлініп шығады. Білекке, ер басына, керегеге іліп қою үшін саптың дүм жағынан бір тұтамдай қалдырып, тесіп, қайыстан бүлдірге өткізеді. Қазақ ауылдары осындай тамаша бұйымды жасап шығаратын өрімшілерді ерекше қадірлейтін болған екен. Қамшының түрі мен атауының сырын біліп алсақ, құрамын тарқатып көрейік. Қамшының бөліктері: өрім, сап, бас, дүм, алақан, бүлдірге, орам, кежеге, шежемей, айдар, мойнақ, бүркеншік, бунақ, бауыр, шашақ, өзек, түйін, шығыршық, топшы, түйнек. Осылардың ішінде қамшының сабына ерекше көңіл бөлінеді. Оны тобылғыдан, ырғайдан, еліктің, киіктің сирағынан, мүйізінен, таутекенің мүйізінен жасайды. Әсіресе, елік, керік сирағынан металлмен, терімен мойнақтап, орам салып, шашақталған қамшылар өте жоғары бағаланады, көптің қолы жете бермейді. Негізінде, сап үшін ең көп қолданылатын ағаш – тобылғы екен. Мұның бояуы да, беріктігі де, әдемілігі де бар. Қызыл түсті бояуынан жасалған қамшы көзді тартады.




Ерте кезде осындай қамшымен қызға барған серінің абыройы асқақтап, құрметке ие болған көрінеді. Қамшының мырзалыққа жақындығы бір бөлек, ал күнделікті тұрмыс үшін қызметі бір бөлек. Халқымыз қамшыны мал айдауға, ұрыста, соғыста қару орнына пайдаланды деп жоғарыда айтып кеттік. Бұлар: дыр, дырау, дойыр қамшылар. Олардың өрім өзегіне темір, ұшына қорғасын орап өрген. Сабы да жуан, қатты ағаштан жасалған. Кейде бұларды екі-үш жерден үзбелете өрген. Мұндай қамшының күшімен жылқылар ғана емес, атан түйелер мен өгіздер жүріп кетеді екен. Көпті көрген қариялар: «Дыраумен бір тартқанда адамға шабатын бура да, көкжал қасқыр да орнынан тұра алмай қалған» - деп жатады Қазақтың салт-дәстүрінде қамшыны ұстау мен қолданудың тәрбиелік мәні, ережелері болады. Мұны да білген жөн. Қамшы әрдайым оң қолға ұсталу керек. Жайшылықта қамшыны екі бүктеп ұстайды. Қамшы өрімін салбыратып ұстау дұшпандық, әдепсіздік белгісі деп танылған. Сондай-ақ, жөн, жол көрсеткенде де саусақпен емес, қамшымен нұсқайтын болған. Қамшыны сыйға тартқан кезде кісінің қолына ұстатпайды, жерге тастаудың мәні береке-құт бірге кетпесін, ұшығы жерде қалсын, салмақты жер ғана көтереді дегіндігі. Қазақта қамшы ұрлау үлкен қылмыстың бірі саналады. Білесіз бе, біздің халқымызда "Қамшы ойыны" деп аталатын күрделі спорттық ойын да болған. Қолынан қамшысы түспейтін қазақтың бұл тапқырлығы сізді таңдандыра қоймас. Ал қамшыгерлік өнері туралы білетініңізге сенімсізбіз. Яғни, адамдар қамшының көмегімен өнер көрсеткен. Төрт жақтан керілген өгіз терісін қамшымен бір тартқанда тіліп түсіру, жаугершілікте, ұрыс-жанжалда жауын қамшымен сатып алу, қасқыр соғу қамшыгер абыройын арттыра түседі. Қазақ жазушыларының шығармаларында осы өнер түрі жақсы суреттеледі. Мұнан басқа, құдалық жол-жоралғыда "қамшы қайтару" деген салт бар. Дәстүр бойынша, қыз айттыруға келген жігіт жағының басшысы (жігіттің әкесі, «жаушы» т.б) қамшысын қыз үйінің төріне іліп кеткен. Егер қыз әкесі келісімін бермесе, көп ұзамай қамшыны иесіне қайтарып жіберген. Ал ұл баланы "атқа мінгізу" ғұрпында бәсіре атқа ашамай ерттеп мінгізіп, аяғын тепкішекке сұғып, қолтырмаш ағашпен екі қолтығынан сүйемелдеп танған соң ақсақалдар бата беріп, баланың қолына аттың тізгіні мен қамшы ұстатады. Жаңа түскен келіннің бетін үкілі, қоңыраулы қамшымен ашатын кездер де болған. Дала қазағының өмірінде өшпес ізін қалдырған қамшының осындай ерекшеліктерін білу, өзгелерге насихаттау әрбір қазақ үшін маңызды міндет деп білеміз.

Макрамэ өнері

Жоспары: Түйіндеп тоқу өнері

Қазақ халқының қол өнері оның тарихымен бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Ол тек қазақ халқының ғана емес Орта Азия, Ресей халықтарының өнерімен ұштасып келеді. «Өнер көзі - халықта», халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ, оны жаңғыртып іске

асыру – біздің перзенттік парымыз. Түйіндеп тоқу өнері мыңдаған жылдар бойы, атадан балаға жалғасып келе жатқан қол өнердің бір түрі. Бұл өнер екі жіпті бір - біріне байлау керек болған кезде пайда болған және ол бірінші түйін болған. Аңшылар аңдардың терілерден және балшық шоптерінен төр тоқыған. Адамзат дамуы жолында бұл өнерге әр түрлі қараған, кезі келгенде тоқуға тыйым салынған. Христиандарға түйіндеп тоқылған амулетін тағып жүруге рұқсат берілмеген. Ал кей бір халықтар, керісінше, түйіндер пайда келтіруіне сенген, неге дегенде тоқылған және шешілген түйіндер адам тағдырына байланысты деп ойлаған Масгаме. тарихи ақпарат. өнер және қолөнер макраме түрлі бағыттары арасында (сетка тоқылған) көне бірі болып табылады. Оның шығу тегі ежелгі Қытай мен Жапония жатыр, бірақ әлемнің басқа да бөліктерінде белгілі. Кейбір көне халықтардың үшін сетка жинақтау және ақпарат беру құралы ретінде қызмет тоқылған. Осылайша, ежелгі Inca түрі дамыған жүйесі «жазуының торабы». «Тораптық хат» шифрын шешу нысаны, мөлшері, түсі және түйіндердің өзара комбинациясы болуы мүмкін. негіз тораптар буа, кестелеу макраме өру болып табылады. Адам алғашқы екі бұрымды қосу үшін алды кезде басталды. Бірте-бірте күрделене түсуде, кестелеу макраме техника сәндік мәні сатып алды. Араб текті деген сөз «кестелеу макраме» және «етегіне» дегенді білдіреді. Бұл термин жіп жабысқақ тораптар мен тоқымашылық байланысты жұмыстың барлық түрлері үшін пайдаланылады. Шашағы талғампаздығы шарф немесе шаль - Алайда, көп ежелгі араб сөзі шарф немесе шаль білдіретін «migrama» және түрік сөзі «кестелеу макраме» болып табылады.





Еуропада тораптық тоқу мағынасында сөз «кестелеу макраме» бірінші XIX ғасырда пайдалана бастады. Ол Шығыс VIII-IX ғасырда тораптық тоқу Еуропадағы өнер деп саналады. Еуропадағы, оның ену медиаторлардың бірі паркін жүзіп өтті. Оның сұлулығын өте күрделі және бірегей көптеген тораптар комбинациясы.

Macrame мезгіл ұмытып, онда адам басқа да шығармашылық түрлерін өтті, оның әдістемесі аса күрделі болды, қайтадан жанданды. Үлкен тораптық тоқу Ренессанс кезінде Италия мен Еуропа басқа елдерде өркендегені. Өрілген шілтер киім, интерьер безендірілген. Өрілген бұйымдар кенепте пайда бола бастады. Тоқылған бұйым бейнелеу алғашқы суретшілер бірі Сандро Боттичелли болды. Оның фильм «волхов табынатын» таңбалардың бірі басшысы макраме техникасында жасалған, қақпағын безендірілген. Бүгін, көптеген

мұражайлар сол заманнан сақталған көруге болады, оның ерекшелігі мен әсемдігін қозғайтын ұқсас өрілген.

Батыс Еуропа кестелеу макраме XVIII ғасырда, әсіресе танымал болып табылады. «Макраме Алтын ғасыры» Англияда Victorian дәуірінің аталған. Macrame техника интерьер ажырамас бөлігіне айналды дастархандар, жапқыш, абажурдың және басқа да өнімдерді құру үшін бри...

Машинамен тоқу

. Жүн – жануарлардан алынатын табиғи материал. Оны қазақ халқы мыңдаған жылдар бұрын іске асырған. Қой, ешкі, қоян, түйе жүндерінен жіп иіріп мата өндіруге, тоқыма, кілем, алаша тоқуға қолданған. Қой жүні – күзем және жабағы жүніне бөлінеді. Қойдың қозысынан алынған жүнді қозы жүн деп атайды. Қой жүнін қырқып алған соң, оны жуып кептіреді де, сабауға

дайындайды. Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулақ құралдары қажет. Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен түтеді.

Жүнді машинамен, қолмен иіруге болады. Өндірісте жүн иіру технологиясында жүн иіретін арнайы машиналар кеңінен қолданылады. Сонымен қатар күнделікті тұрмыста да жүн иіруге арналған жүн иіруші аппараттар қолданылады.

Ұршық – жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап. Бұл қарапайым аспап, әр елдің ұршығының сыртқы қалпы өзінше ерекшеленеді. Қазақтың ұршығы 30см шамасында сабы конус тәрізденіп келеді. Ең жуан жеріне сақина кигізілген.

Оның ішкі тесігінің диаметрі-2, 5 мм, ал, сыртқы өлшемі - 30мм.

Тоқыма үшін қажетті құралдар:

1. Біз.

2. Жіп

Біздің өзі әрқалай бөлінеді. Машинамен тоқыған кезде шалуларды көбейтуге не азайтуға, ластик (резинка) тоқуға, тігінен, көлбеуінен және көлденеңінен тілік түсіруге, "каре", жартылай дөңгелек мойын ойындысын шығаруға, шетті өңдеуге болады. Бір мезгілде бірнеше ұсақ бөліктерді, (балалар бұйымының жеңі, манжеталары және т.б.) тоқуға болады. Машина тығыздықты жүйелегішпен жабдықталған, бұл жіптің нөміріне қарай көлденеңінен және тігінен түрлі тығыздықта тоқылған бұйымдар шығаруға мүмкіндік береді. Қол машинасымен тоқу үшін орташа ширатылған жүн, мата, синтетикалық жіптерді қолдануға болады. Қол машинамен тоқылған бұйым бізбен немесе ілмекпен тоқылған бұйымдарға қарағанда анағұрлым тегіс әрі әдемі болады. Машина құрылымы бізбен басталған бұйымды аяқтауға немесе керісінше машинамен бастап, бізбен әрі қарай жалғастырып тоқуға мүмкіндік береді

Бақылау сұрақтары:

1. . Макрамэ өнері қай кезден дамыған?

2. Макрамэ өнерінің заманауи қолданыстағы түрлері?

Тоқыма киімдер тоқу барысы

Жоспары: Тоқыма киімдер тоқу барысы

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі, өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнерін шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларын арқау еткен. Өнер туындыларының бет бедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі,

бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның ортақ қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнердің алуан түрлерін ойлап тапты. Өз ұрпағының “сегіз қырлы, бір сырлы” өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа үйретіп келген. Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнер саласының бірі. Бұл тамаша өнер қазіргі заманда жалғасын тауып, көрші халықтардың өнер шығармашылықтарымен толысып, дамып, әсемдігімен, көркемдігімен көз тартып, эстетикалық талғамда өркендей бермек.

Бұйымды тоқудың алдында әуелі өлшемін алып, сол бойынша үлгі жасалады. Бұйымды үлгісі бойынша дәл тоқып шығу үшін еніне қанша шалу алатынын және ұзындығына неше қатар керек екендігі анықталады. Киімді тоқу реті : артқы бой, жең, сол жақ алдыңғы бой, оң жақ алдыңғы бой - бұл әйелдер киімі үшін, ал ерлер киімі үшін әуелі оң жақ алдыңғы бой, содан соң сол жақ алдыңғы бой.

Тоқыма тоқық. Тоқыма тоқуды көпшілік қарт әжелер мен үй шаруасындағы әйелдердің сүйікті ісі деп біледі. Алайда, тоқыма тоқу барлығына ортақ, кәделі әрі пайдалы іс екенін көпшілік біле бермейді. Күлкі терапиясы сияқты тоқыма тоқудың да денсаулыққа берер мол пайдасын дәрігер-ғалымдар анықтап, дәлелдей білген. Күнделікті күйбең тірлік салдарынан адам бойын әлсіздік, көңілсіздік, күйзеліс билейді. Салдарынан түрлі жүйке жүйесі, жүрек қан тамырлары және гипертоникалық аурулар туындауы мүмкін. Бұл дерттердің алдын алу мақсатында дәрігерлер анда-санда тоқыма тоқуға кеңес береді. Тоқыма тоқу жүйке жүйесі мен ми жұмысын жақсартады. Артық ойлардан арылтып, көңіл көтереді. Тоқыма тоқу – шығармашылық жұмыс. Ал адам баласы шығармашылық жұмыспен айналысқан кезде, ол бар назарын ісіне аударып, көңілі жай тауып, жаны тынышталады. Күнделікті кешке немесе бос уақытыңыз болған кезде қолыңызға түрлі-түсті жіптер мен тоқыма бізін алып, іске кірісіңіз. Өзіңізге малақай, шарф, сөмке, жаялық тоқи бастаңыз. Ол қолымнан келмейді десеңіз, тоқыма тоқи алатын таныстарыңызға «үйретіп жібер» деп қолқа салыңыз. Дүкен сөрелерінен тоқыма тоқу туралы кітаптарды іздестіріңіз. Ғаламтор беттеріндегі тоқыма тоқуды үйрететін онлайн-сабақтардан дәріс алыңыз. Тоқыма біздері мен жіптерді өзіңіз таңдаңыз. Өзіңізге ыңғайлы әрі жағымды болуын қадағалаңыз. Тоқыма тоқуды бастаған кезде бар ойыңыз жасап жатқан іс-әрекетіңізде болсын. Тоқып жатқан дүниенің қандай болатынын көз алдыңызға елестетіңіз. Тоқыма тоқыған кезде ашуланбаңыз, сабыр сақтаңыз. Шыдамсыздық танытсаңыз, 10-15 минут үзіліс жасап, іске қайта кірісіңіз. Күнделікті кешке тоқыма тоқуға 30-40 минут бөлсеңіз, оның қалай сүйікті ісіңіздің біріне айналғанын сезбей қаласыз. Тек

бастаған ісіңізді аяқсыз қалдырмаңыз. Тоқыма тоқуды қарапайым ілмектерден бастаңыз. Күрделі оюларды жасауға аса ұмтылмаңыз. Әуелі дағдыланып, қолыңызды үйретіп алыңыз. Кейін бірте-бірте күрделі оюларды тоқуды бастаңыз.



Бақылау сұрақтары:

1. . Тоқыма тоқуды қарапайым түрлері?
2. Тоқыма киімдер тоқу барысы қандай?

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР ТІЗІМІ

Сабақтың тақырыбы: Ілмек бізбен бұйымдар тоқу технологиясы

Сабақтың мақсаты:

Білімділік мақсаты: Ілмек бізбен тоқудың шартты белгілерімен жұмыс жасау жолдарын үйретіп, өзіндік жұмыстар арқылы меңгеруіне көмектесу. Оқушыға өз бетімен жұмыс істеуге, эстетикалық талғамда орындауға үйрету

Дамытушылық мақсаты: әрбір оқушының үш деңгейлік тапсырмаларды біртіндеп орындауына жағдай жасау арқылы оның қабілетіне сәйкес жеке құзырлығын дамыту

Тәрбиелік мақсаты: өз бетімен жұмыс жасауға, оқушыны жауапкершілікке, оны сезіне білуге, алған өнерін нәтижеге жетуге ұмтылдыру, өзіндік шығармашылық ізденімпаздыққа, ерінбей еңбек етуге және ұлттық ерекшеліктердің құндылығын күнделікті өмірде қолдауға тапсырмалар беру арқылы тәрбиелеу.

Сабақтың мазмұны: I, II, III кезеңдік тапсырмалар (Оқушының жұмыс дәптері)

Сабақтың әдіс - тәсілі: I кезеңде сұрақ - жауап II кезеңде

а) оқулықпен өз бетімен ізденіс. Ізденіс әдісі: дискуссия. ә) практика: бекіту әдісі III кезеңде үш деңгейлік тапсырмаларды өз бетімен орындауға үйрету, бағалау әдісі.

I кезең ұйымдастыру кезеңі

“Көпір” тапсырма

Жаңа тақырыпқа қажет болатын өткен материалдарды үйден орындап келу
Сұрақтарға жауап бер.

1. Қолөнер туралы не білесіңдер? Жауабы: Қолөнер ежелден келе жатқан кәсіп.

2. Қолөнердің тіршіліктегі пайдасы қандай? Жауабы: Қолөнердің ең көп қолданылатын орны үй интерьерінде, киім сәндеу кезінде, бас киім сәндеу кезінде көп қолданылып жүр.

3. Қолөнерде тоқудың ерекшелігі қандай?

Ұлттық ерекшеліктерге байланысты тоқу технология әдістерімен орындалады. (орамал, шалғы, ойыншық, шұлық, қалпақ, т. б. жіптің түрлерін қолдану арқылы жасалады)

4. Қандай қолөнер қайраткерлерін білесіңдер? Атын ата.

(Дәркембай Шоқпарұлы т. б. ұстаздар)

II кезең жаңа тақырыпты өз бетіңмен меңгеріп көр
Теориясы.

1. Бос орынға қажетті сөздерді жазып сөйлемді толықтыр

Жауабы:

А) Қолөнер – өз халқыңның дәстүрлі көркемдік мұрасы.

Ә) Қолөнердің ерекшелігінің бірі – тоқу.

Б) Қолөнер дегеніміз – қазақ қолөнері, өз халқыңның дәстүрлі көркемдік мұрасы.

В) Қолөнердің орындау технологиясында түрлі жіптермен тоқу түрлерін орындау.

2. Саған мына тоқу түрлері таныс па? Тоқып көр

3. “Қарлы кесек” ойыны

Оқушылар кезектесіп қолөнер түрлерін айтады. Әр келесі оқушы алғашқы оқушыға айтқан ақпаратты қайталайды. Сосын өзі қайталайды. Соңғысы жинақтап барлық қолөнер ерекшеліктерін айтады

1. Егер қолөнер болмаса жер бетінде көркемдік мұрасы бола ма?

2. Қолөнерде тоқу өнері қашан тараған?

3. Тоқыма киімдер ең ірі көлемде қашан тараған?

Венн диаграммасы: Қолөнердегі ерекшелік

1. “Қолөнер жүйесі” туралы білгеніңді жинақта.

Орталығы – қолөнер.

Панно, жіптің, ілмек біздің суреті, сувенир ойыншық, әшекейлі тоқыма киімдер мен заттар.

Теориясын жинақтау (қорытынды)

Қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кесте, сызба, сөзжұмбақ, ребус, т. б. құрастыр.

2. Сөзжұмбақ ойлап тап.

«Жас қолөнер» сөздігінен тақырыпқа қатысты ұғындыру анықтамаларын тауып ал.

А) Қолөнердің атқару қызметі.

Ә) Тоқу өнеріндегі қолданылатын заттар.

Б) Жіптермен тоқу әдісі.

В) Ілмек біз түрлері.

ІІІ кезең

Практикасы

(қолдану қарапайым тапсырмалар)

Практикасы

(баға беру)

Сен қалай ойлайсың?

Не істер едің?

Қолөнердің табиғаттағы әсем көріністердің бірі және қолөнер бұйымдарының өзара ұқсастығы

1. Панно.

2. Тоқыма киімдер

3. Тоқыма бұйымдар

4. Жібек жіп арқылы тоқу.

Халық өнері. Сен қалай ойлайсың?

Басқа қолөнер туралы не білесің?

Оқушылардың өзіндік шығармашылық жұмыстарға қарай өзіндік орындау ерекшеліктерін бағалау. Жұмыс жасау кезеңінде эстетикалық талғамды, таза орындауын, мәдени көзқарасын көрсете білу.

V. Деңгейлік тапсырма. Компьютер арқылы орындау.

Жұмыс дәптері

Оқушының аты - жөні

I. Деңгейлік тапсырма (5 ұпай)

Сұрақтарға жауап бер.

1. Қолөнер туралы не білесіңдер?

Жауабы:

2. Қолөнердің тіршіліктегі пайдасы қандай?

Жауабы:

3. Қолөнерде тоқудың ерекшелігі қандай?

Жауабы:

4. Қандай қолөнер қайраткерлерін білесіңдер? Атын ата.

Жауабы:

II. Деңгейлік тапсырма (4 ұпай)

1. Бос орынға қажетті сөздерді жазып сөйлемді толықтыр

Жауабы: Қолөнер, тоқу, қолөнері, тоқу

А)-----өз халқыңның дәстүрлі көркемдік мұрасы.

Ә) Қолөнердің ерекшелігінің бірі – -----

Б) Қолөнер дегеніміз – қазақ -----, өз халқыңның дәстүрлі көркемдік мұрасы.

В) Қолөнердің орындау технологиясында түрлі жіптермен -----түрлерін орындау.

2. Саған мына тоқу түрлері таныс па? Тоқып көр
Әр тоқудың атын жаз. Компьютер арқылы орындау.

3. “Қарлы кесек” ойыны

Оқушылар кезектесіп қолөнер түрлерін айтады. Әр келесі оқушы алғашқы оқушыға айтқан ақпаратты қайталайды. Сосын өзі қайталайды. Соңғысы жинақтап барлық қолөнер ерекшеліктерін айтады

1. Егер қолөнер болмаса жер бетінде көркемдік мұрасы бола ма?

2. Қолөнерде тоқу өнері қашан тараған?

3. Тоқыма киімдер ең ірі көлемде қашан тараған?

Венн диаграммасы: Қолөнердегі ерекшелік

III. Деңгейлік тапсырма (3 ұпай)

Еркін тақырыпта ілмек бізбен бұйым тоқу

Қолөнердің табиғаттағы әсем көріністердің бірі және қолөнер бұйымдарының өзара ұқсастығы

1. Панно.

2. Тоқыма киімдер

3. Тоқыма бұйымдар

4. Жібек жіп арқылы тоқу.

Халық өнері. Сен қалай ойлайсың?

Басқа қолөнер туралы не білесің?

Оқушылардың өзіндік шығармашылық жұмыстарға қарай өзіндік орындау ерекшеліктерін бағалау. Жұмыс жасау кезеңінде эстетикалық талғамды, таза орындауын, мәдени көзқарасын көрсете білу.

VI. Бағалау. Бағалау парағы (+ сыныпта орындалған тапсырмалардың, V – үйде орындалған тапсырмалардың белгісі)

VI. Үйге тапсырма беру Ілмек бізбен бұйым тоқу

ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША

Сабақтың тақырыбы: Тоқыма әліппесі.

Білімділік: Тақырып бойынша білімдерін жетілдіру, жаңа сабақ материалдарын өздерінің ізденісі бойынша шығармашылық жұмыстар арқылы меңгерту, тоқыма түрлері бойынша түсінік беру.

Тәрбиелік: Оқушылардың көркемдік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыра отырып, шығармашылық көз-қарастарын қалыптастыру

Дамытушылық: Мектептегі еңбекке баулу және технология пәндеріндегі тоқыма әліппесі және тоқыма түрлері жайлы түсініктеме беру және оқытуда электрондық ақпараттық технологияларды пайдалау әдістерімен таныстыру

Сабақ типі: жаңа білімді меңгерту, сұрақ-жауап.

Сабақтың әдісі: әр оқушы өз бетінше жеке жұмыс.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Пәнаралық байланыс: тарих, бейнелеу, сызу, математика.

Сабақтың көрнекілігі: тірек- сызбалар, компьютерлік слайдтар.

Сабақтың барысы :

I. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушыларды түгелдеу, назарын сабаққа аудару

II. Үй тапсырмасын сұрау.

«Ой толғау ойыны»

Мақта –неше жылдық өсімдік?

Мата –қандай талшықтан тұрады?

Мақта, мата және жүн айырмашылығы неде?

III. Үй тапсырмасын пысықтау, жаңа сабаққа оқушылардың зейінін аудару.

IV. Жаңа сабақ

Жоспары:

1.Тірек-сызбалармен жұмыс

2.Танымдық жұмыс

3.Өзара тоқыма жұмысы.

V. Сабақты бекіту.

VI. Үйге тапсырма беру.

Тоқыма әліппесі

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған қадірменді өнер.

Тоқу барысында адамның түрлі түсті сән таңдау, бояулар әлемнің үйлесімділігімен түрлі тоқу әдістері, талғамы,, шеберлігі, ой-өрісі жетілдіріліп, іскерлігі қалыптасады.

Тоқыма тоқуға таза жүннен, матадан, вескоздан, синтетикадае аралас иірілген жіптер пайдаланылады. Жіңішке, биязы жіптерден көбінесе балалар киімдерін – өрнекті жеңіл жейделер, орамалдар, т.б. жеңіл бұйымдар тоқиды.

Тоқуға жақсылап тегістелген жеңіл сым темірлер қажет. Олардың ұшы үшкір де, доғал да болмауы тиіс. Сондай-ақ пластмассадан, ағаштан, бамбуктен, сүйектен жасалған сымдар да қолданылады. Сымның ең тәуірі никельді болат сым. Әр сымның нөмірі диаметрінің миллиметріне сәйкес келеді. Мысалы, № 3 нөмірлі сымның диаметрі 3 мм, № 5 нөмірлінікі – 5 мм болады. Тоқымашыда 1-ден 10-ға дейін нөмірлі сымдардың бәрі болғаны жөн. Себебі, тоқылатын заттың өрнегіне, жіптің сипатына қарай әр түрлі нөмерлі сымдар қолданылады. Жұмыс үшін ең қолайлысы 1,5-2,5 мм, ұзындығы 30-40 см сымдар. Сымдар тоқылатын жіптен екі есе жуан болуы керек.

Тоқыманың оң және теріс жағы болады. Өрнекті түсіндірілдеме тақ қатарлар тоқыманың оң жағы, жұп қатарлар теріс жағы болып есептеледі. Бастапқы қатарға қажет шалулар санын есептеп шығу үшін, оны 10 см тоқып көру керек. Ол үшін тоқылатын өрнекпен 30-40 шалудан 8-10 см тоқу үшін қажет шалу санын есептеп шығарып алады. Бірінші қатарды бастау үшін тоқылатын заттың енінен үш есе артық жіп өлшеп алады.

Тоқымашы әуелі шалу түрлерін жете, терең меңгеру қажет. Негізгі шалу түрлері мыналар:

Жиекті шалу (сымға тізіп ілінген жіптер);

- Оңға шалу;
- Теріс шалу;
- Қосымша шалу;
- Тоқылмай алынатын шалу;
- Ұзартылған шалу.

Шұлықша тоқу әдісі: 5 бізбен айналдыра тоқиды. Әдетте өрнек салынған манжетадан немесе резинкадан бастап, шұлықша әдіспен тоқылады (1-суретте көрсетілгендей).

Тоқудың тығыздығына қарай бәр пар әйелдер шұлығына - 100-120 гр., ерлер шұлығына - 120-150 гр., балалар шұлығына – 70-80 гр. жіп қажет, егер өрнек көп салынатын болса жіп көбірек жұмсалады.

Есебін шығару: Тобықтың тұсынан аяқты айналдыра өлшеп алу керек. Бұл әдісте бірінші қатар оңға, шалу әдісімен тоқылады да екінші қатар теріс, яғни оң жағында теріс шалу әдісімен тоқылады. Тақ қатарлар тоқыма бұйымының оң жағына (1,3,5,7,9,11) сәйкес келеді де, жұп қатарлар бұйымының теріс жағына (2,4,6,8,10) сәйкес келеді.

Резинка әдісі:

Шұлықтың басын шағыру әдісі:

Сабақтың тақырыбы: Практикалық жұмыс №1. Тоқу тәсілдерінің технологиясын үйрету.

Сабақтың мақсаты: Білімділік: Оқушылардың ілмекпен тоқу әдістері туралы білімдерін қалыптастыру, және жұмысты қауіпсіздендіру ережелерін үйрету, құрал-жабдықтар туралы мәліметтерді қайталау.

Дамытушылық: Ілмекпен тоқу білімдерін, қол икемділіктерін және танымдық қызығушылықты дамыту.

Тәрбиелілік: Өнердегі сұлулықты түсінуге, икемділікке, шыдамдылыққа еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сабақтың әдіс - тәсілдері: Түсіндірмелі - суретті, практикалық жұмыс .

Сабақтың түрі: Аралас сабақ. **Құрал - жабдықтары:** Ілмектер, тоқыма жіптер, ілмекпен тоқу негізгі әдістерінің үлгілері, ілмекбізбен іліп тоқу технологиялық нұсқау карталары.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі: а) сабаққа қатысуды бақылау; ә) сабаққа дайындығын тексеру.

Ұй тапсырмасын тексеру: Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Жаңа сабақ:

Ілмек бізбен іліп тоқу - бұл сәнді қолданбалы шығармашылық түрінде және өнерге жақын мүмкіндігін береді. Тоқу үшін ілмекбізді таңдағанда ,оның басына назар аударады. Өте үшкір бас тоқу барысында сұқ саусақты жаралайды, ал доғал бас төменгі қатардағы ілмекке өте қиын кіреді және созып жібереді. Егер жаңа ілмек біздің ұшы бұдырлау болса, басына жіп жабысып қалмауы үшін ,ілмектердің арасына оңай кіруі үшін ,сондай -ақ жеңіл тартып шығару үшін ,ұсақ түйіршікті егеумен немесе қажауқағазбен өңдейді. Ілмек бізді (нөмірін) иірімжіптің жуандығына қарайды таңдайды. Жіп қанша жуан болса ,ілмекбіз де сонша жуан болуы керек. Жіңішке ілмекбізбен жуан жіпті тоқу ыңғайсыз ,жіпті түтіп жібереді. Тоқу үшін кез келген жіпті пайдалануға болады : жүн, жібек, мақта, т.б Ілмек бізбен тоқылған жайманың созылғыштығы төмен болады. Бөлшектердің сыртқы пішіні пішім мен есепке сәйкес шалуды қосу не қысқарту, сирек немесе жиі тоқу (жіптің даметріне қарай) арқылы жасалады. Ілмек бізбен іліптоқудың негізгі элементтері - бос шалу,шалмасыз бағанша ,шалмалы бағанша. Басқа элементтер осылардың түрленуі. Тоқу өрнектері бос шалу мен бағаншалардың әртүрлі үйлесуінен тұрады. Тізбекше. Бірнеше босшалудан тұратын тізбек алғашқы (негізгі) қатар болып саналады. Ол өрнектер қатарына жатпайды. Тоқылатын жайма жиырылып (бүрісіп) тұрмауы үшін бос шалу тізбегі біршама бос алынады . Өрнектің бірінші қатарын бастағанда шалудың биіктігін көтеру үшін бір немесе бірнеше бос шалу тастап тоқу керек. Тоқу барысында қалам ұстаған сияқты ілмекті оң қолға ұстайды. Сұқ саусақ шамалы алдыға шығып, ілмек бізде жатады. Шүйкедегі жіптің ұшын сол қолдың ұшын сол қолдың сұқ саусағынның үстіне өткізіп ,үлкен ортаңғы саусақпен басады. Шүйке жібі алақан ішімен және қалған саусақтар арасынан өтеді. Шүйкеден келетін жіп «жұмысшы жіп» деп аталады. Тоқу барысында ілмектер созылып кетпей бірдей ұзындықта болуы үшін ілмекті ұстап тұру керек. Тоқу бос шалудан және бос шалу тізбегінен басталады. Бос шалу. Ілмек бізге жіп ұшына тастап бір шалу жасайды да, жұмысшы жіпті алғашқы шалудың ортасынан өткізіп алады. Осылайша қайталана береді.

Жұмыстың қауіпсіздендіру ережелері.

- 1) Жұмыстың алдында қолды жуған дұрыс .
2. Ілмектер жақсы тазаланып арнайы орында сақталуы қажет.
- 3) Жұмыс кезінде ілмек ұстаған қолыңды кенет қозғауға болмайды - қасындағы отырған оқушыны жарақаттандырып алу мүмкін.
- 4) Бір неше сағат тоқуға болмайды. Үзіліспен 2 сағаттан жұмыс істеуге тырысыңдар.
- 5) Жұмыстың соңында барлық құрал - жабдықтарын арнайы орынға жинап тастаңдар.

6. Интерактивті тақта арқылы «Ілмек бізбен тоқудың негізгі әдістері» технологиялық нұсқау картасын талдап, әдістерін көрсету.

Практикалық

кезең:

Құрал жабдықтар: Жұмыс қорабы, қайшы, ілмекбіз, иірімжіп

Тапсырма:

1. Жоғарыдағы мысалға келтірілген тоқу элементтерін пайдаланып, тоқып үйреніңдер (Бос шалу, босшалу тізбегі, орам, біріктіргіш бағанша, екі шалмалы бағанша)

2. Үлгілерді коллекция ретінде жинаңдар.

3. Үлгілердің атын жазыңдар.

Тоқу түрлері. Тура және кері қатарлармен тоқу. Тізбектің жоғарысынан өрнектің бірінші қатарын тоқу. Келесі қатарға өту үшін, шалудың биіктігін көтеретін бірнеше бос шалу жасайды: бағаншалардың қатарына шалмасыз - 1 бос шалу; жарты бағаншалардың қатарына шалмасыз: 2 бос шалу, шалмалы бағаншалар қатарына - 3 бос шалу, екі шалмалы бағаншалар қатарына - 4 бос шалып, тоқу осылай жалғаса береді. Содан кейін айналдырып екінші қатарды тоқиды. (терістеме қатар) Айналдырып шеңбер жасай тоқу. Ілмек бізбен айналдыра шеңбер жасап тоқуға болады, бұл тәсілде ортасынан бастап бір бағытта тоқиды және жұмысты (тоқып отырған бұйымды) айналдырудың қажеті жоқ. Ол үшін бос шалулардан тізбек тоқып, тоқылған тізбектің бірінші бос шалуына ілмекбізді кіргізіп, біріктіргіш бағаншалармен сақина жасап тұйықтау керек. Содан кейін осы сақинаға өрнек бойынша бағаншалар тоқиды, әрбір айналымды көтеретін бос шалудан бастап, соңғы көтеретін бос шалумен және біріктіретін бағаншамен аяқтайды. Дөңгеленген қатарларға жайма бұралып кетпеуі үшін үстеме шалулар қосып отыру керек. Айналдырымды біріктіретін бағаншалармен аяқтайды. Жіпті жайманың терістеме жағынан тоқып бекітеді. Іліп тоқуды бекіту. Тоқылған бұйым тарқап кетпеу үшін жұмысты аяқтаған соң, оның шетін бекіту керек.

Жұмыс орындалған соң, жіпті кеседі де, шалуды соза отырып соңғы ілмектерден ілмекбізбен тартып шығарады. Жұмысшы жіптің ұшын көзі үлкен инеге өткізеді де жайманың терістеме жағына шығарады.

Сабақтың

тақырыбы

Тоқыма тоқу. Шұлық тоқу

Мақсаты: Ұлттық қолөнеріміздің бір түрі тоқыма тоқу түрлерімен танысу. Шұлық тоқып үйрену. Қолмен тоқу өнерін жан-жақты таныстыру. Тоқыманың тұрмысқа қажеттілігі мен қазіргі өмірде алатын орнын әңгімелеу. Оқушылардың ой-өрісін дамыту. Халқымыздың асыл мұрасын бағалай білуге, әсемділікке, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауға тәрбиелеу

Сабақ әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап

Сабақтың көрнекілігі: дайын

тоқыма бұйымдар

Құрал-жабдықтар: тоқыма жіп,

СЫМ,ҚАЙШЫ

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен сәлемдесу

Оқушыларды түгендеу

Оқушылардың құрал-жабдықтарын тексеру

Оқушылардың зейіндерін сабаққа ауда

Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен сәлемдесу

Оқушыларды түгендеу

Оқушылардың құрал-жабдықтарын тексеру

Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару

Жаңа сабақ:

Тоқыма тоқу. Шұлық тоқу

Балаларға арналған шұлық. Балаларға арналған шұлық тоқу үшін 70-80 грамм жіп, 4 сым қажет. Сымға 40 шалу бастап алынады да, үш сымға тепе-тең бөліп әрі қарай тоқиды.

Өкше шығару:

тоқыманы екіге тең бөліп одан әрі үшінші және төртінші сымдағы шалулар ғана тоқылады. Бірінші және екінші сымдағы шалулар бір сымға өткізіліп тоқылады. Тоқыманың шетіндегі шалу саны 10 - ға жеткенде (20 қатар) оң шалулармен аяқтап, өкше шығарыла бастайды. Ол үшін сымдағы шалуларды ойша 3 - ке бөліп, яғни екі жағына 6 шалудан, ортасына 8 шалу қалдырып, шалу санын бірте - бірте кеміте беру керек.



Шұлықтың басын шығару:

Бұл бөлік те №5 сыммен, оң тоқылады. Ортаңғы бөліктің шалулары тізілген сыммен өкшенің шеткі шалуларынан 10 шалу ілініп алынады. Сонан соң сыммен 1 - ші сымдағы 10 шалуды, басқа сыммен 2 - ші сымдағы 10 шалуды тоқу керек. Бұдан кейін айналдыра тоқи отырып, 3 - 4 - ші сымдағы артық шалуларды әрбір 2 - ші қатарда кеміте береді. Олардың әрқайсысында 10 шалудан қалғанда кеміту тоқтатылып, енді шұлықтың басы шығарыла бастайды. Ол үшін әр қатар сайын сымның соңғы екі шалуы біріктіріліп, теріс шалынады. Осылайша әр сымда бір - бір шалу қалғанша кемітіп, жіп үзіледі де, шалулар қатты тартып тігіледі. Жіпті ұзын ілмекпен шұлықтың іш жағына өткізіп, жасыру керек.











Дайын шұлық



- Тоқу өнері қандай өнер түріне жатады?
- Қазақ қолөнершілері тоқу ісіне көбінесе қандай жіптерді пайдаланған?
- Тоқу түрлерін атаңдар?
- Тоқыма үшін қандай малдың жүні дұрыс?
- Ұршық дегеніміз не?

Дұрыс жауаптар:

1. Қолөнер түріне жатады.
2. Тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптер
3. Тура және кері қатарлармен тоқу. Айналыдырып шеңбер жасау.
4. Қойдың жүні
5. Ұршық дегеніміз жіп иіретін құрал.

Сабақты қорытындылау:

оқу білімін бағалау.

Үйге тапсырма: бастаған шұлықтарын аяқтап келу.

Алаша тоқу

Сабақтың тақырыбы: Алаша түрлері, жасалу түрлері

Сабақтың басты мақсаты: Ұлттық қол өнерді игере отырып, алаша түрлері мен оның жасалу әдістерін үйрету.

Сабақтың міндеттері:

Білімділігі: Оқушыларға алаша туралы түсінік беру, қолдану әдісі мен жасалу жолдарын үйрету.

Дамытушылығы: Ұлттық қолөнерге қызығушылығын арттыру, ісмерлік өнерге баулу, қол икемділіктерін дамыту.

Тәрбиелігі: Өз білігімен, өз еолдарымен жасаған қолөнерді бағалауға ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру

Пәнаралық байланыс: Тарих, геометрия, сызу, сурет

Көрнекі құралдар: Алаша суреті, дайын бұйымдары

Керекті құралдар: жіп, тоқитын құрал

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Жаңа сабақты түсіндіру

III. Сабақты бекіту

IV. Үйге тапсырма

V. Бағалау

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың назарын сабаққа аудару

II. Жаңа сабақ

Әр халықтың рухани әлемі ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен бастау алады. Ал өнердің дамуы халықтың өмірімен тығыз байланысты. Егер қазақтың киіз үйінің төріне жайылған ала теру алашаны басқа елдердің ою-өрнектерімен әшекейлесе әдемі болмас еді. Ал апаларымыздың әдемілеп, әсерлеп тіккен бұйымы көңілімізге, көзімізге де ыстық көрінері анық. Міне ұлттық өнердің ерекшелігі осында. Халық арасында осындай өрнегімен әйгілі шеберлеріміз көптеп саналады. Бірақ осы қасиетті мұрамызды күнделікті өмірде қолданып жүрміз бе?

Жасыратыны жоқ қырдағы ауылда болмаса көпшілік шоғырланған қалада бұл дәстүр шеттеп қалғаны анық. Қазақ халқы өнердің мұрагерідейтін болсақ, еліміздің батысындағы Маңғыстау өлкесінің сары алтындай сақталған қол өнері өзіндік ерекшелікке бай, қаймағы бұзылмаған қалпында күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан өміршең өнер.

Маңғыстау өлкесі мал өнімдерін кеңінен пайдаланып, қол өнердің бірнеше түрінің үлгісін көрсетті. Ұлттық қол өнердің жиынтығы бұл киіз үй. Киіз үйдің қаңқасы ағаштан, жабындысы киізден, төсеніші тағы да мал өнімі *алаша* деп аталады.

Алашаның өрнегіне байланысты бірнеше түрі бар:

Ала теру

Қызыл теру

Алаша Жүз теру

Орталы тегеріш

Шым игеру

Алаша қойдың жүнінен иіріліп, боялып, ширатып арнайы тоқу құралдарымен тоқылып дайындалады. Алаша тоқитын құралдар мыналар:

- Қылыш
- Адарғы

- Серу ағаш
- Мосы ағаш
- Күзу жіп
- Көтеру ағаш

Сонымен бірге алаша тоқылған кезде жібінің жіңішкелігіне, бояуының әдемілігіне тоқитын шебердің шебер, іскерлігіне де байланысты.

Алаша құру- алаша құру үшін 3-4 адам керек. Үшбұрыш формасында 3 қазық қағылады. Ұзындығы тоқылатын алашаның көлеміне қарай дайындалады.

Күзу байлау. Күз жіп ешкінің қылынан алдын – ала иіріліп дайындалады. Күзу байлайтын адам екі қазықтың ортасында отырып, еркек жіп пен ұрғашы жіптің арасын айырып отырады. 2-3 қыз жіпті жүгіріп айналып жүреді. Күзу байлайтын адам алашаға салынатын өрнектің жібін санап, түсін таңдап есептеп отырады.

Тоқылатын өрмек әр түрлі ұзындықта болады. Тоқитын кезде екі қабатталып жататыны ескеріліп, 5-7 метрлік бөлмеге құрылады.

III. Сабақты бекіту

1. Алаша дегеніміз не?
2. Алашаның неше түрі бар?
3. Алаша қандай жүннен тоқылады?
4. Алаша салынатын ою түрлері қандай?
5. Алаша қандай құралдармен тоқылады?

IV. Үйге тапсырма

Ү. Бағалау

Сабақтың тақырыбы: Қысқа болеро тоқу

Мақсаты: Оқушылардың тоқыма тоқу

білімдерін кеңейту. Қазіргі кезде

тоқылған кеудеше немесе болеро

түрлерімен таныстыру. Қысқа болеро тоқып үйрету.

Жұмыс барысында оқушының шеберлігін, ой-өрісін, көркемдік талғамдарын арттырып, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

Оқушыларды төзімділікке, бастаған жұмысын уақытында аяқтауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: дайын бұйымдар үлгілері, суреттер, «Пайдалы кеңестер» журналы

Керекті құрал — жабдықтар: 2 біз, жіп, нұсқау карта

Пәнаралық байланыс: математика, тарих

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

1. Қандай әдіс түрлерін сендер білесіндер?

2. Жіптің жуандығы мен біздің жуандығы сәйкес болу керек пе?

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру

Қазақ халқының ерте заманда басталып, қазір шырқау шыңына жетіп отырған қолөнерінің негізгі бір саласы — тоқу өнері. Қолөнердің қай түрі болса да, халықтың тұрмыс қажетінен туындайтыны белгілі.

Халқымыздың тоқу өнері барған сайын өріс алып, қазір республикамыздың өнеркәсібінде кеңінен пайдаланып отыр. Мысалы, түкті және тақыр кілемдер, төсеніштік алашаларды қазір фабрикаларда тоқып шығарады. Шәлі, шарф, қолғап, кофта, тоқыма костюм т.б. да фабрикаларда тоқылады.

Жұрттың көбі осындай фабрикадан шыққан дайын бұйымдарды сатып алып пайдаланады. Ал кейбір қолынан іс келетін жастардың өзі тоқып алған бұйымдары, мысалы, шәлі, шарф, берет, қолғап, кеудеше сияқтылар фабрикадан шыққан заттардан кем емес және ол өз денесіне шақ та, жарасымды келеді.

IV. Жұмыс бастар алдында техникалық-қауіпсіздік ережеліріне тоқталу:

1. Бізді ауызға салуға болмайды
2. Бізді лақтырмай, қолға беру керек
3. Жұмыс аяғында біздерді жіпке пісу керек немесе арнайы қорапшасына салу керек
4. Бізбен жұмыс орындаған кезінде бойынды дұрыс ұстау керек

V. Сарамандық жұмыс:

Болеро тоқуға 4 сағат бөлінеді

- 1 сағ. — Таныстыру, арқа бөлігін тоқу
- 1 сағ. — Алдыңғы бөліктерін тоқу
- 1 сағ. — Жиектерін орындау
- 1 сағ. — Бөліктерді құрастыру

Тоқу техникасы:

Бізбен оң кесте және орамалдық әдіс бойынша тоқиды.

Арқа бөлігі:

Бізге 48-50 шалу шалып(жіптін қалыңдығына байланысты), оң кесте әдісі бойынша тоқиды. Тоқу барысында бірінші және соңғы әр 4-қатар сайын 2 рет 1 шалудан қосады. Сондай —ақ қосылған шалулардың аралығы мұқият қадағаланады. Тоқыма алғашқыдан 10-11 см (18-20 қатар) ұзарғанда жең ұшын екі шетінен қосымша 3 шалу қосылады. Жең ұзындығы 12-13 см болғанда (22-24 қатар иық үшін тоқыманың екі шетінен әр 2-қатар сайын 3 рет 5 шалудан бекітіліп отырады. Ал иықша ұзындығы 1см (2 қатар) болғанда мойын үшін ортаңғы 22-24 шалу бекітіліп, екі шеті жеке —жеке аяқталынады.

Сол жақ бөлік:

Жіптерімен 21-23 шалу шалып, оң кесте әдісімен жалғастырады. Оның биіктігі 2см (4 қатар) болғанда, сол жағынан мойын үшін ең соңғы 2 шалу әр 4-қатар сайын 1 шалудан қысқартылып, кейін 2 шалу байланады. Содан соң соңғы 1-шалуға оң жағынан 1 шалудан және 4 қатардан соң тағы 1шалудан қосылып отырады. Мұнда шалулар аралығы жақсы қадағаланады. Тоқыма 10-11 см ұзарғанда оң жағынан 3 шалу шалады. Жең биіктігі 14см-ге жеткенде (26-28 қатар) тоқыма оң жағынан әр 2—қатар сайын 3 рет 6 шалудан бекітіледі.

Оң жақ бөлік:

Оны сол жақ бөлікке симметриялы етіп тоқиды. Ал мойын ойындысын қысқартқанда жай тоқу әдісімен тоқиды.

Жиек: Болероның төменгі жиегін тоқу үшін күлгін немесе басқа түсті жіппен 5 шалу шалып, 220-230 қатар орамалдық әдіспен жалғастырады. Ал жеңі мен өңірлерінің жиегін өздерін қалаған жіппен тоқып, жеңін 70 қатар, өңірін 175-177 қатардан тоқиды. Кейін әр жиекті жеке-жеке бекітеді.

Бөліктерді құрастыру:

Алдымен иықтар орналастырылып, кейін жеңі мен бүйір бөліктерін құрастырады. Соңында жиектері ішкі жағынан қосылып тігіледі. Ал төменгі жиегін құрастырарда бау үшін екі шетінен 10 см артық тоқылады.

VI. Сергіту сәті: Оқушылар көзді, қолды демалдыруға арналған жаттығулар жасайды.

VII. Сабақты бекіту

Мойын үшін неше шалу бекіту керек?

Жеңге қосымша ретінде неше шалу қосылады?

VIII. Сабақты қорытындылау: Бастаған жұмыстарын өздеріне ұнайды ма?


Қандай қиындықтармен кездестіндер?

1) Оқушылар өз жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталады.

2) Оқушылардың жұмыстарын бағалау

3) Үйге тапсырма: Жұмысты жалғастыру

Сурет бойынша тоқылатын бұйымның сызбасы.



Шәлі тоқу.



Сабақтың тақырыбы: Шәлі тоқу.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды тоқыма сыммен шәлі тоқуға, қажетті тоқыма сымдары мен жіптерді таңдай білуге үйрету.

Білімділігі: Тоқу схемасына қарап, тоқып үйренуге жаттықтыру.

Дамытушылығы: Оқушыларды жинақтылыққа, ойланып тұжырымдай білуге, тиянақтылықпен әсемдікке үйрету.

Тәрбиелігі: Өз бетімен жұмыс жүргізуге, бастаған жұмысты жауапкершілікпен, ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу

Сабақтың түрі: Сарамандық жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: Дайын бұйымдар, схема, суреттер, жіптер түрлері, құрал-саймандар:

білтекеш, біз ілгектер

Пән аралық байланыс: Сызу, сурет, математика, геометрия, ән.

Қолданылған әдебиеттер: Мектептегі технология журналы, интернет материалдары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

А) Оқушыларды түгендеу.

Б) Оқушылардың сабаққа дайындығын,

В) құрал-жабдықтарын тексеру.

II. Өткен сабақты қайталау.

1) ТҚЕ еске түсіру.

2) Тоқыма жіптер.

3) Тоқыма біздерінің түрлері.

4) Шалу әдістері.

5) Сөзжұмбақ шешу

6) Веен диаграммасын құру.

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

1. ТОҚУ ӨНЕРІ—қазақтың ежелден келе жатқан өнері. Қолмен тоқу өте кең тараған. Бұл өнер қазіргі талап-тілектер тұрғысынан шығармашылықпен байытылып, тұрмыспен бірге дамып келеді. Адамдардың тұрмыс қалдерінің үнемі өрлеуіне сай, олардың мәдени-тұрмыстық тілектері де өсуде. Сондықтан да әр адам киген киімнің қазіргі сән үлгісіне сәйкес бола отырып, талғампаздығын, қайталанбас даралығын танытуға тырысады. Міне осыған орай бізге көмекке келген өнердің бірі—ТОҚУ. Тоқумен айналысқан адам жеке басына қажет бұйымды өз қолымен жасаумен бірге осы тоқу үстінде түрлі-түсті бояулардың үйлесімділігін қадағалау, түрлі тоқу әдістері арқылы талғамы, шеберлігі, көркемдікті сезіну қабілеті дамиды, ой өрісі жетіледі. Соған орай тоқу өнері де басқа істер сияқты үйренуді, ізденуді қажет етеді.

Тоқу үшін таза жүннен, матадан, вискозадан, сондай-ақ синтетикадан, жүнмен синтетика араласқан иірілген жіптер пайдаланылады. Бұрын пайдаланылған жіптерді де тарқатып қайта пайдалануға болады. Жінішке биязы жіптерден

көбінесе балалар киімдерін, өрнекті кофта, орамал, т,б жеңіл бұйымдар тоқылады.

Тоқыма тоқуға жақсылап тегістелген жеңіл сым темірлер алынады, оның ұшы тым үшкір де, тым доғал болмауы тиіс. Сондай-ақ пласмассадан, ағаштан, бамбуктан, сүйектен жасалған сымдар да пайдаланылады. Сымның ең тауірі – никель болат сым. Әр сымның номері диаметрінің миллиметріне сәйкес келеді. Мысалы: №3 сымның диаметрі-3мм, №5 сымның диаметрі-5мм болады. Сымдар тоқылатын жіптен екі есе жуан болуы керек. Бұйымды тоқымас бұрын заттың үлгісін қағаздан қиып алу керек.

Тоқыманың оң және теріс жағы болады.

2. Пайдалы кеңестер

1 Ангор, махер, жүн жіптерінен тоқылған бұйымдарды жуғанда шайу суына шашқа арналған бальзамды қосса жақсы болады.

2. Бұйым өңін бермес үшін суға уксус ерітіндісін қосса, дұрыс болады.

3. Тоқыма бұйымдарын қолмен ғана жуу керек. Сол кезде бұйымда домалақ түйіршіктер пайда болмайды.

4. Тоқыма бұйымдарын ұзақ уақыт көбік суда қалдыруға болмайды, ж/е де су қан жылым болуы керек, себебі ыстық суда тоқыма бұйымдары отырады.

5. Тоқыма бұйымдарын жуғаннан соң сығуға болмайды, оларды мақта мата сүлгілеріне орап суын сіңіріп аламыз да тегіс жерге қағаз бетіне қойып кептіреміз.

6. Тоқылған бұйымдарды киім ілгіште емес бүктеулі күйінде сақтаған дұрыс.

3. Сарамандық жұмыс .Шәлі тоқу.

А) Мәлімет беру.

Б) Шәлі түрлерін көрсету.

В) Үлгі сызбасын түсіндіру.

Г) Тоқылу жолын оқушыларға көрсету.

IV. Оқушылардың өз бетімен жұмысы

А) Тоқыма тоқу.

Б) Өн салу.

Қадағалау жұмыстарын жүргізу:

А) Т Қ Е сақталуы.

Б) Т Ш сақталуы.

В) Орындалу реттілігі.

V. Жана сабақты бекіту. Тоқыма өнері.

1. Ерекше жұмыстарды атап өту.

2. Кеткен кемшіліктерге назар аудару.

3. Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма. Тоқыманы аяқтау.

Тақырыбы: Өру (тоқу) өнері. Өру түрлері.

Оқыту мақсаты :

Өру өнерімен, оның түрлерімен, қажетті материалдар және құрал-жабдықтармен таныстыру.

Міндеттері: Өру түрлерімен, материалдар және өру кезінде қолданылатын құрал-жабдықтармен таныстыру, іс-әрекет кезеңдерін анықтай отырып, шығармашылық жұмыс жоспарын әзірлеу біліктілігін дамыту; шығармашылық іс-әрекетке деген танымдық қызығушылығын ояту.

Жетістік критерийлері:

- өру өнері туралы білімін көрсетеді;
- өрудің бірнеше тәсілін меңгереді;
- түрлі өру өнеріне байланысты материалдар мен құрал-жабдықтарды біледі және ажырата алады;
- шығармашылық жұмысты ұқыпты орындайды;
- өз іс-әрекетін жоспарлай алады.

Тілдік мақсаттар:

Өру – плетение – Embroidery

Макраме – Macrame

Құндылықтарды дарыту:

- Еңбек және шығармашылық
- Патриотизм

Пәнаралық байланыстар:

Қазақстан тарихы, орыс тілі, қазақ тілі /өз ойларын жеткізу, тілдік дағдыларын дамыту үшін/


АКТ қолдану дағдылары: Интернет ресурстарынан қажетті мәліметтерді іздену арқылы АКТ дағдыларын дамыту.


Бастапқы білім: Оқушылар СҚӨ бұйымдары туралы білімдері бар.


Практикалық тапсырмалар орындау арқылы алдыңғы тоқсанда алған білімдері мен дағдыларын белсендіру.


Қолданылған модульдер: «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау».

Стратегиялық іс-әрекеттер: «Жүректен жүрекке» , «Өрмекші торы» «Миға шабуыл», «Сәйкестендіру кестесі»

Жоспар мазмұны	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Дереккөздер
Кіріспе Психологиялық ахуал «Жүректен жүрекке» стратегиясы Мақсаты: Ынтымақтас	Амандасу, түгендеу. Оқушыларды ұйымдастыру. Сабақтағы әрекеттің мақсаты мен міндетін түсіндіру. Сабақтың мақсатына жету үшін оларға не қажет екендігін	Амандасады. Сабақтағы әрекеттің мақсаты мен міндетін танысады. Психологиялық дайындық Гүл өсірсен терлеп, Мұның аты еңбек.	«Жақсы»	АКТ, жүрекшелер 

тық атмосферасын қалыптастыру	түсінуге жетелеу	Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты еңбек. Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек.		
Тұсаукесер «Өрмекші торы» стратегиясы Мақсаты: өткен тақырып бойынша білімдерін тексеру.	Мұғалім үй тапсырмасы бойынша оқушыларға сұрақ қойылады. 1. Сәндік-қолданбалы өнер дегеніміз не? 2. «Декор» сөзі қандай мағына білдіреді? 3. Ою-өрнек дегеніміз не? 4. Симметрия дегеніміз? 5. Ырғақ деген не? 6. Элемент дегеніміз? 7. Зооморфты ою-өрнектерді ата. 8. Өсімдіктестес ою-өрнектерді ата. 9. Космогониялық ою-өрнекті ата. 10. Геометриялық ою-өрнекті ата 11. Кестелеуге қажетті құрал-жабдықтары ата. 12. Кестелеуге арналған материалдарды ата. 13. Кестелеу дегеніміз не?	Оқушыларға сұрақ қойылып, жауап береді. 1. Сәндік-қолданбалы өнер- тұрмысқа арналған көркем бұйымдарды жасауда шығармашылықтың бірқатар салаларын қамтитын өнердің бір бөлімі. 2. «Декор» сөзі «безендіру, әсем түр беру» деген мағынаны білдіреді. 3. Ою-өрнек – жүйелі түрде қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған нақыштар. 4. Симметрия- ою-өрнектің екі жағының тең болуы. 5. Ырғақ- өрнек элементтерінің белгілі бір реттілікпен кезектесуі. 6. Элемент- ою-өрнекті құраушы бөлік. 7. Зооморфты ою-өрнектер қошқар мүйіз, қос мүйіз, қыңыр мүйіз, қаз мойын, түйетабан. 8. Өсімдіктестес ою-өрнектер: ағаш, жапырақ, үш жапырақ, гүл. 9. Космогониялық ою-өрнек: шеңбер, иірім, төртқұлақ, жұлдыз, айшық. 10. Геометриялық ою-өрнекке ирек,	«Дәл таптың керемет!» «Дұрыс» «Жарай сыңдар!»	Тоқыма жіп 

		<p>төртүшкүл, балдақ, кармақ, тұмарша оюлары жатады.</p> <p>11. Көшіргі мен миллиметрлік қағаз, үтік, ине, түйреуіш, қайшы, кергіш.</p> <p>12. Жібек, зығыр, мақта-мата кездемесі, кенеп, селдір мата, жіптер</p> <p>13. Кестелеу-бұйымдарды жіптердің көмегімен әртүрлі тігістермен безендіру.</p>		
<p>Негізгі бөлім «Миға шабуыл» Жаңа тақырып: Өру (тоқу)өнері. Өру түрлері. Мақсаты: Өру өнеріне шолу жасау; түрлі өру тәсілдері мен қолданылатын материалдармен танысу; өз жұмысын жоспарлау; өру түрлерін орындау;</p>	<p>«Мозайка» әдісі бойынша жаңа сабақтың тақырыбын ашқызу.</p>     <p>Өру- иірімді материал жолақтарын (жіп, есімдік сабағы, шыбық, талшық, сымды және т.б) қолмен біріктіру тәсілі. Біріктіру барысында жолақтың әрқайсысы тік немесе қиғаш бұрыш тұрғысынан кезекпен</p>	<p>Қима қағаздарды құрастырып, сурет құрау арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады.</p> <p>Оқушылар сарамандық жұмысты нұсқау карта бойынша орындайды.</p>  <p>1</p>  <p>2</p>  <p>3</p>  <p>4</p>  <p>5</p>	<p>«Жарай сыңдар»</p>	<p>Оқулық</p> <p>Дайын білезік үлгісі</p>  <p>Схемалар Қалың тақтай екі қысқышпен. 8-10мм үлкен моншақтар-7-9 Ұсақ моншақ-2 шт Жібек жіп-2 мм Желім Тәрелкелер моншақтар үшін Қайшы</p>

	<p>бірі бірінің үстінен, біресе астынан өткізіледі. Өріп үйрену үшін, ең алдымен, шартты белгілерін білу және өру сызбаларын оқи алу қажет.</p> <p>Макраме (фр. Macramé - өрнектеп тоқу) — белгілі ретпен орналасқан әр түрлі түйіндердің көмегімен тоқу. Түйін тоқу арқылы әр алуан өрнек шығаруға болады. Тоқу үшін әр түрлі жуандықтағы жіптер, баулар, таспалар пайдаланылады. Өру – плетение – Embroidery Макраме – Macramé «Шамбала» Индия тілінен аударғанда тыным деген мағына береді. Білезік «Шамбала» өзіндік қасиеттері бар, ол жамандықтан қорғайды және табысқа, әл-ауқатқа сәттілікке әкеледі. Оқушыларға жаңа тақырып бойынша сарамандық жұмыстар беріледі.</p>	 <p>6</p> <p>7</p> <p>8</p> <p>9</p> <p>10</p>		
Бағалау.	<p>№ _____ карточка Балалар, осы жасалған жұмыс бойынша, сендердің көңіл күйлерін қандай сол күнге шұғыла салыңдар Мұғалім әр оқушыға карточка таратып, қасындағы көршісінің жұмысына бағасын</p>	<p>☺☺☺ Оқушылар көрші отырған оқушының жұмысын бағалап, тілек ұсыныстарын айтады.</p>	«Өте жақсы!»	Карточка

	береді.			
«Сәйкестендіру кестесі» стратегиясы Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Сәйкестендіру кестесі» бойынша жеке жұмыс жасатады.	Интербелсенді тақтадан көрсетілген суретті берілген атаулармен сәйкестендіреді.	«Алғыр сындар!» «Ойларың озық екен!»	
Қорытынды Рефлексия «Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі Мақсаты: Оқушыны алған білімін саралай білуге дағдыландыру.	Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. кері байланыс стикерін таратады. <i>Кері байланыс</i> 	Тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды чемоданның тұсына жапсырса, ал әлі де оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқыштың тұсына жапсырады. Сонымен қатар керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігінің тұсына жабыстырады	«Дұрыс» «Бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңдар!»	Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігінің суреттері. Стикерлер
Үйге тапсырма беру	Мұғалім оқушыларға бисермен өруге қажетті құрал-жабдықтар әкелуге тапсырма береді.	Оқушылар үй тапсырмасын күнделіктеріне жазады.		Оқулық

Бисерден бұйым жасау технологиясы

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға моншақпен кестелеп тоқуды үйрете отырып, композициялық панно жасау;

Білімділік мақсаты: Оқушылардың моншақ тоқудағы білімін жүйелендіру, шеберлік деңгейін арттыру арқылы әсемдік пен сұлулықтың бағалай білуге үйрету;

Дамытушылық мақсаты: өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырып, шығармашылық қабілетін дамыту

Тәрбиелік мақсаты: оқушыларды төзімділікке, әдемілікке тәрбиелеп, эстетикалық талғамын арттыру.

Сабақтың түрі: аралас, сарамандық сабақ.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, түсіндірмелі - иллюстрациялық.

Пәнаралық байланыс: биология - гүлдердің түрлері, құрылысы, ; математика; бейнелеу өнері - композиция құру, түстерді таңдау; тарих - бисердің пайда болу тарихы.

Сабақтың көрнекілігі: моншақтан жасалған бұйымдар үлгілері, сызбалар, кітаптар, журналдар, плакат.

Қажетті құрал-жабдықтар: әр түрлі су моншақтар, бисер, картон, сым темір, кайшы, бисер салатын ыдыс.

Сабақтың

барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі (оқушылармен амандасу, сабаққа дайындығын тексеру, оқушыларды түгендеу)
2. Үй тапсырмасын тексеру
3. Жаңа тақырыпты жариялау, мақсаты мен міндеттерімен таныстыру
4. Жаңа тақырыппен таныстыру, сумоншақпен (бисерлермен) гүл тоқу.

Бисердің шығу тарихы: Бисер тоқу өнері ертеде кеңінен тарап, танылып келе жатқан халық шығармашылығының және әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі. Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі-түсті жұмыстар жасауға (тоқуға), алқа, тұмарша, шаш буғыш, сырға, білезік, белдік, сөмкелерді де әшекейлеп тоқуға болады, сонымен қатар ойыншақтар да тоқуға болады. Қолдан жасалатын бисер моншақтары Ресейде, шет елдерде өте жоғары бағаланады. Нақ осы кезде халық шығармашылығының осы түрі жаңа өрлеу үстінде, дамудың сатысында.

Бисер тоқу өнері өте нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді. Әр адам бисер тоқумен айналысуына болады. Схемамен жұмыс істегенде есте сақтау қабілеті жоғары болып, түстерді айыра білу керек. Барлық қолөнер сияқты, бисер тоқудың да тарихы бар. Бисердің шығу тарихы әйнектің пайда болуымен тікелей байланысты. Ал, әйнектің қашан пайда болғанынан әлі күнге дейін дерек жоқ. Дегенмен әйнекті пайдаланудың ең алғаш құпиясын Финикия елі ашқан деген аңыз бар. Бұл аңызда Финикиялық көпестер әлемді жүзіп жүріп Сирияға тоқталады. Өздеріне азық дайындау мақсатымен отқа қазан қою үшін аралдан үлкен таз іздейді. Ешнәрсе таппаған олар кемедегі селитраның үлкен бөлігін пайдаланады. Жалынның ыстық температурасынан селитра еріп, өзен құмына араласып, сұйық әйнек болып аққан екен. Осылай ма, жоқ әлде басқа тәсілмен бе әйнек дүниеге келген. Бірақ Финикиялық көпестер бүкіл Жерорта теңізінің халқына әйнектен жасалған бұйымдарды сатқан екен. Кейбір деректер бойынша әйнектің Отаны ежелгі Египет болған. Әйнектен жасалған моншақтар, амулет, ыдыс-аяқтар біздің заманымызға дейін VI ғасырдың ескерткіштерінен табылған. Әйнекті массаға, кобальт, мыс, марганец қосу арқылы египеттіктер көгілдір, жасыл, алқызыл түсті әйнек алған, мұндай әшекейлерді еркектер де, әйелдер де ақ түсті киімдермен таққан деседі. Ең алғашқы «бисер» атауы дәл осы Египет елімен байланысты. Оның атауы арабтың «Бусра» немесе «Бусер» деген сөзінен шыққан, мағынасы «жалған маржан». Рим империясы Египет елін басып алғанда әйнек өндіру Рим еліне өтіп, империя құлағаннан кейін Византияға өтеді. Ал Константинопольді түрік жауынгерлері жаулап алған соң, әйнек өндіруші шеберлер жан-жаққа тарап

әлемге бисер атауы мәлім бола бастады. Қазіргі кезде бисерден тоқылған бұйымдар, жастар мен орта жастағы әйелдерге арналған сәндік киімдерге жапсырылған немесе түрлі оюлармен әшекейленген киімдер, аяқ киімдерді, сөмкелер жиі кездестіруге болады. «Өмір жасы» ұзақ болу үшін мықты болып келетін жібек жіппен лескімен орындалады. Бисермен қазақтың ою-өрнектерін тұмарша, өңіржиек, бойтұмар, сондай-ақ алқа, шашпау тағы басқа өте сәнді әшекейлер: сырғалар, мойынға тағатын алқалар тоқу өте сәнді көрінеді.

Жаңа сөздер:

Бисер - ұсақ моншақтарға берілетін жалпы түсінік.

Стекулярус - ұзындығы 3мм түтікше тәріздес сумоншақтың түрі.

Фурнитура - қосымша көмекші материалдар (түйме, ілгек, жіптер, композиция)

Композиция - бірнеше заттың көркем жиынтығы және құрастыру Жұмыс орнын ұйымдастыру: Бисермен тоқу жұмысы қызықты, әрі тез жүруі үшін тек құрал-саймандардың түгел болуы ғана емес, жұмыс орныңды ыңғайлап алуда маңызды. Әсіресе ол жер бисерді орналастыруға ыңғайлы болуы керек. Ол үшін бір бедерлі фланельді матаға, түрлі түсті бисерлерді үйіп қою керек. Кей жағдайларда өте терең емес (5-10мм) тәрелкеге салған да ыңғайлы, бірақ әр түсті жеке тәрелкеге салған жөн, не болмаса жақтаулары биік емес қорапшалар пайдалануға болады. бисермен жұмыс істегенде, сонымен қатар, жұмыс істейтін орын жарықпен жақсы қамтамасыз етілуі керек. Болмаса көзді ауырттып, жиі шаршауға әкеліп соқтырады. Көзге демалыс беру үшін әр сағат сайын 10-15 минут үзіліс жасау қажет.

Сарамандық жұмыс: Бисермен тоқудың кең тарлаған техникасы - параллельді тоқу. Яғни сым темір бисердің қуысынан параллельді өтеді. Берілген тоқудың негізгі әдістерін қарап көрейік.

Техника қауіпсіздігі ережесін сақтау

«Себеттегі гүлдер» тоқу үшін қажетті заттар: себетке – қоңыр түс, гүлдерге – көк немесе сары түсті моншақтар қажет. Суретте берілгендей себет тоқимыз. Тоқуды түп жағынан бастаймыз, яғни сым темірдің бір ұшына ортасына бірінші қатарға 5 моншақ, екінші қатарға 4 моншақ екінші ұшымен бекітеміз. Сымның екі жақ ұшынан жақсылап тартып, сұлба бойынша жалғастырамыз. Модельді орындауда шалып тоқу техникасы себетті тоқуға, параллель тоқу техникасы – жапырақ және гүл тоқуға пайдаланады.

Сабақты бекіту:

Енді оқушылардың бисер туралы түсініктерін тұжырымдап алу үшін «Ғажайып қоржын» ойыны ойналады. Ойынның шарты: қоржыннан асық алу арқылы сұрақтарға жауап беру.

1. Бисер дегеніміз не?
2. моншақ дегеніміз не?
3. Бисердің стеклярустен қандай айырмашылығы бар?
4. Бисермен жұмыс істеу барысында қандай техникалық қауіпсіздік ережелерін

сақтау

керек?

т.

б.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жұмыстың (композицияның) жасалуында біліктілікті, білімділікті, нәзіктілікті, әдемілікті, қиял мен шеберлікті талап етілуін қадағалау.

Оқушылардың жұмысын бағалау, үйге тапсырма беру.

Пайдаланған әдебиеттер:

Негізгі:

Оразбаева Н.А. Народное декоративно-прикладное искусство казахов. –Л.: Аврора, 1970 –144 с.

1. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. –Алматы: «Дайк–пресс», 2004.-162б.
2. Асанова Б.Е., Птицина А.П., Әбдіғаппарова Ұ.М. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы: Оқулық. –Астана:Фолиант, 2008.-208б.
3. Әбдіғаппарова Ұ. Қазақтың ою-өрнектері. –А.: Өнер, 1999

Қосымша:

- 1 “Пайдалы кеңестер” журналы.
- 2 “Мектептегі технология” журналы.
3. “Шаңырақ” 1991ж Нұрғалиева Р. Н
- 4 “Мода” журналы
- 5 “Валя-Валентина” журналы
- 6 “Вязание крючком различных изделий Изд. Москва-2009г
- 7 “Волшебный клубок” Изд- “Реклама”, 1986г
- 8 “Вязание”журналдары
- 9 “Технология” оқулығы 5-9 сынып

Мұхамед Д.Д.

ҚР Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайының қолданбалы өнерін зерттеу орталығының сектор меңгерушісі

Глоссарий

Қазақша	Орысша
Кеңістік	пространство
Түйіншік	узелок
Тоқыма	плетеный
Тоқымалық	текстильный
Қыртыс	складки
көлем	объем
Қаңқа	каркас
Желім	клей
Кілем	ковер
Бейне	образ
көркемдеу	украшать
Кенеп	рубая ткань, мешковина
кендір жіп	льняная нить
кәдесый	сувенир
Жоба	проект



Жунисова Н.

**Тоқыма тоқу өнері
оқу құралы**

Н.Жунисова –Шымкент, 2019.– 120б.
ХГТУ баспаханасында басылды
50 дана

Халықаралақ гуманитарлық-техникалық университеті
Шымкент қ., А.Байтұрсынов көшесі 80а